Бұған тиімді әсер ететіндер: айналадағы дүниеден мысалдар келтіру, геометриялық фигуралдардың моделдері, тақтада сызылған, плакат немесе кодопленкаларда, интерактивті тақтада арнайы дайындалған суреттер мен сызбалар, қозғалыстар мен түрлендірулерді көрсету үшін компьютердің мүмкіндігін пайдалану т.б. көрнекіліктер.

Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін ұғымдарды қалыптастыру мен теоремаларды дәлелдеуге алдын ала дайындық ретіндегі, өткенді қайталау немесе жаңа сабақты тиянақтауға арналған ауызша есептер, дайын сызбадағы және моделдегі есептер жүйесі үлкен рөл атқарады.

Тарихи мәліметтер беру мен ғалымдардың өмірбаянын әңгімелеу, есепті әртүрлі тәсілмен шығару т.б. сабақта оқушыларды белсендірудің маңызды құралы.

Сондай-ақ, дұрыс ұйымдастырылған ауызша баяндау, әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап сияқты дәстүрлі әдістердің оқушыларды белсендірудегі рөлін кемітпей, проблемалап және программалап оқыту, эвристикалық әңгіме, пікір сайыс т.б. әдістердің маңызы ерекше екендігін ескеру керек.

Геометрия сабағында оқушылардың ойлау белсенділігін арттырудың маңызды құралы, мыңдаған жылдар бойы сыннан өтіп, тиімділігі дәлелденген мұғалімнің қоятын сұрақтары болып табылады. Бұларға геометриялық ұғымдардың анықтамасының, аксиомалардың, теоремалардың тұжырымдамаларын сұрау, белгілі бір ұғымдардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды айқындауға арналған сұрақтар, ұғымдардың бегілері мен қасиеттерін, бар болуын білуге арналған сұрақтар, қандай да бір пікірдің дұрыстығын дәлелдеуге немесе оны теріске шығаруға байланысты сұрақтар, зерттеу сипатындағы сұрақтар т.б. жатады.

Теореманы дәлелдудің идеясы неде?, дәлелдеудің жеткілікті шарттары қандай?, теоремадан қандай салдарлар шығады?, теореманы практикада қай жерде қалай қолдануға болады?, сияқты сұрақтарға да ерекше көңіл бөлу керек.

Сабақ үстінде оқушылардың танып-білу іс-әрекетінің белсенділігін арттыруға оқу жұмысының жалпы және нақты мақсаттын оқушылардың алдына қою игі ықпал еді.

Теоремалар мен есеп-теоремаларды дәлелдеудің басқаша жолдарын іздестіру, есептеуге немесе салуға берілген есептердің басқаша шығару жолын табу оқушыларды сабақта белсендірумен қатар олардың жасампаздық (творчестволық) қабілетін дамытуға жақсы көмектеседі.

Кейбір теоремаларды үйде өз беттерінше дәлелдеуге ұсыну, үйге берілетін есептерді міндетті түрде шығаруы да оқушылардың жасампаздық іс-әрекеттерін дамытуға тигізер әсері үлкен.

Мұғалім оқушылардың сабақта геометрияны оқып үйренуге ынта-ықыласын, қызығуын арттырып отыруына тура келеді. Мұнда да сұрақ-есептер

қою, есептің, теореманың немесе анықтаманың тұжырымдамасы мен әр түрлі пайымдаулардағы қателерді табуға байланысты тапсырмалардың маңызы зор.

Геометрия сабағында қолданылатын көрнекіліктердің орны ерекше: олар мұғалімнің тақтаға қолдан немесе әр түрлі аспаптар жәрдемімен орындаған сызбасы, таблицалар, геометриялық фигуралардың моделдері т.б. болуы мүмкін. Интерактивті тақта да оқу көрнекілігінің бір түрі.

Геометрия сабағына қойылатын өте маңызды талап – сынып ұжымы және жеке оқушылармен істелетін жұмысты ұштастыру. Бұл алдымен, бүкіл сынып болып атқарылатын жұмысқа, ұжымдық талқылауларға, есептер шығаруға сыныптағы үлгерімі әр түрлі деңгейдегі оқушыларды түгелге жуық қатыстыру, екіншіден оқушылармен өзіндік жұмыс кезінде үлгерімі төмен оқушылардың жұмыстарына ерекше назар аударып бақылап отыру, кеңес беру, оларға үнемі қамқорлық жасау, кездескен қиыншылықтарды жоюға көмектесу т.б. арқылы жүзеге асырылады. Үлгерімі жақсы оқушылармен жеке жұмыс кезінде қиындығы жоғары есептер шығару, есептің басқаша шығару жолын іздестіру, оқу бағдарламасына сәйкес қызықты есептер шығару ұсынып отырылады.

Мектептегі геометрия курсының логикалық құрылымы

Геометрия – геометриялық фигуралардың қасиеттерін қарастыратын ғылым. Геометриялық фигуралар абстрактылы, олар заттар немесе сызбалар арқылы модельденеді. Мысалы, өткір ұшталған қарындаштың ұшы нүктені, дәптер беті - тіктөртбұрышты, дәптердегі сызықтар - параллель түзулерді модельдейді. Бұрыштың, шаршының (квадраттың), дөңгелектің сызбасы, яғни геометриялық фигуралардың кескіндері, олардың модельдері ғана.

Ғылым нәрселер мен құбылыстардың мәнді (елеулі) белгілері мен олардың байланыстары туралы ұғымдардан құралады. Ұғым ақиқат нәрсенің жалпы және мәнді белгілерін бейнелейді. Ұғымның мәнді белгілері деп біртекті нәрселерді басқа нәрселерден айыруға әрқайсысы қажетті және бәрін бірге алғанда жеткілікті белгілердің жиынтығын айтады. Мәнді белгілер нәрсені сипаттайды және оны танып білуге мүмкіндік береді. Геометриялық ұғымдардың мысалдары: фигура, түзу, параллель түзу, үшбұрыш, квадрат, шеңбер, дөңгелек т.с.с. Геометриялық ұғымдарға олардың мәнді белгілері аталып, ең жақын тегі арқылы анықтама беру жиі кездеседі.

Геометрияның ғылыми курсына аксиомалар жүйесі **қайшылықсыздық, тәуелсіздік, толықтық** деген үш талапты қанағаттандырады.

Қайшылықсыздық талабы, аксиомалар жүйесінде қандайда бір пікірдің онымен бір мезгілде терістеуі болмау керек, яғни осы аксиомалар жүйесіндегі бірін-бірі теріске шығаратын сөйлемдерді дәлелдеуге болмайтындығын білдіреді.

Тәуелсіздік талабы, жүйенің ешбір аксиомасы басқасының салдары бола алмайтындығын білдіреді.

Толықтық талабы, осы аксиомалар жүйесінде құрылған теорияның кез келген сөйлемін дәлелдеуге немесе оны теріске шығаруға жеткілікті болады, яғни ешбір тәжірибеге, ешқандай интуицияға арқа сүйеместен таңдап алынған аксиомалар жүйесінде теория құруға болады дегенді білдіреді.

Мектеп геометрия курсының аксиомалар жүйесі негізінен тек қайшылықсыздық талабын қанағаттандырады. Бұл әдістемелік тұрғыдан алғанда оқу материалы оқушының шамасына лайықты етіп баяндау қажеттігінен туындайды. Сондықтан мектеп геометрия курсының аксиомалар жүйесінде дәлелдеуге болатын, яғни басқа бір аксиоманың салдары болатын аксиомалар да пайдаланылады. Аксиомалар тізіміне «өте күрделі» аксиомалар немесе ақиқаттығы оқушыларға интуитивті түрде түсінікті тұжырымдар да қосылмайды.

Мектеп геометрия курсының аксиомалар тізімінде теңдік және теңсіздік қатыстарының қасиеттері: рефлексивтілік, симметриялық, транзитивтілік және с.с. өрнектелетін жалпы математикалық аксиомалар да енгізілген. Бірақ геометрия курсын баяндауда олар жүйелі түрде қолданылады. Мұндай аксиомалармен алғаш кездескен кезде арнайы бөліп көрсетіп, түсіндіріп отыру керек. Бұл оқу материалын оқушылардың меңгеруін қиындатпайды, керісінше оған логикалық қатаңдық пен түсініктілік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұбаев Қ. Геометрияны оқыту әдістемесі.-Алматы: РБК,2012
2. Атанасян Л.С. т.б. Геометрия: Жалпы білім беретін мектептің 7-9 сыныптарға арналған оқулық. Атанасян Л.С., Бутузов И.Ф.және т.б. – Алматы: Мектеп, 2002 - 336 б
3. Оспанов Т.Қ.,Құрманалина Ш.Х., Құрманалина С.Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2007.
4. Алдамұратова Т. А., Байшоланов Е. С. Математика. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған. 2-басылымы. - Алматы: Атамұра, 2005. - 144 бет.
5. Алдамұратова Т. А., Байшоланов Е. С. Математика. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сынып мұғалімдеріне арналған. 2-басылымы. - Алматы: Атамұра, 2006. - 144 бет.
6. Шыныбеков Ә.Н. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 7, 8, 9 сыныптарына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, 2015
7. Қалиев С. Республикалық математика олимпиадалары есептерінің жинағы. – Алматы: Мектеп, 2012.

АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТАРДЫ АШУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ӘДІСТЕРІ (ЕРЕЖЕЛЕРІ)

Жидебаева А.Н. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің аға оқытушысы,

Ерланқызы М. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің 7М01514-Математика БББ 1-курс магистранты

E-mail: aziza_68.kz@mail.ru

Аннотация. Мақалада анықталмағандықтарды ашудың қарапайым әдістері қарастырылған.

Аннотация. В статье приводятся простые способы выявления неопределенностей.

Abstract. The article provides simple ways to uncover uncertainties.

Функциялардың анықталу облысын табу ережелері

1⁰. Егер $y = a_0x^n + a_1x^{n-1} + \dots + a_{n-1}x + a_n$, $n \in N$ болса, онда бұл функцияның анықталу облысы $(-\infty, +\infty)$ аралығы болады.

Мысал 1. $y = 5x^3 - 2x^2 + 7x + 1$. Анықталу облысы $(-\infty, +\infty)$ аралығы болады.

Мысал 2. $y = -\frac{3}{5}x^2 + \frac{2}{7}x - 91$. Анықталу облысы $(-\infty, +\infty)$ аралығы болады.

2⁰. Егер $y = \frac{a_0x^n + a_1x^{n-1} + \dots + a_{n-1}x + a_n}{b_0x^m + b_1x^{m-1} + \dots + b_{m-1}x + b_m}$, $n, m \in N$ болса, онда бұл функцияның анықталу облысы $(-\infty, +\infty)$ аралығынан

$b_0x^m + b_1x^{m-1} + \dots + b_{m-1}x + b_m = 0$ теңдеуінің түбірлерін шығарып тастағынға тең болады.


Мысал 1. $y = \frac{2x+5}{x+2}$. Анықталу облысын табу үшін $(-\infty, +\infty)$ аралығынан $x+2=0$ теңдеуінің түбірі $x=-2$ ні шығарып тастаймыз. Сонда бұл функцияның анықталу облысы $(-\infty, -2) \cup (-2, +\infty)$ болады, басқаша айтқанда $x \neq -2$ болуы керек.

Мысал 2. $y = \frac{x^2+1}{x^3-4x}$. Анықталу облысын табу үшін $(-\infty, +\infty)$ аралығынан $x^3+4x=0$ теңдеуінің түбірлерін шығарып тастаймыз, яғни $x_1=-2, x_2=0, x_3=2$ түбірлерін шығарып тастаймыз. Сонда $(-\infty, -2) \cup (-2, 0) \cup (0, 2) \cup (2, \infty)$ болады.

3⁰. Егер $y = \sqrt{f(x)}$ болса, онда бұл функцияның анықталу облысын табу үшін $f(x) \geq 0$ теңсіздігін шешу керек. Сонда осы теңсіздіктің шешімі берілген функцияның анықталу облысы болады.

Мысал 1. $y = x - x^3$ функциясының анықталу облысын табу керек.

Шешу. $x - x^3 \geq 0$. Бұны $x^3 - x \leq 0$ деп немесе $x(x-1)(x+1) \leq 0$ деп жазып аламыз. Бұл



теңсіздікті интервалдар әдісімен шешеміз. Сонда $(-\infty, -1) \cup (0, 1)$.


Мысал 2. $y = \frac{2}{\sqrt{|x|}-x}$ функциясының анықталу облысын табу керек.

Шешу. $x - |x| > 0$, бұдан $x > |x|$. Ал бұл теңсіздіктің шешімі жоқ. Олай бұл функцияның анықталу облысы **О** құр жиын болады.

4°. Егер $y = \lg f(x)$ болса, онда бұл функцияның анықталу облысын табу үшін $f(x) > 0$ теңсіздігін шешу керек. Сонда осы теңсіздіктің шешімі берілген функцияның анықталу облысы болады.

Мысал 1. $y = \lg(x^2 - 3x + 2)$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу. $x^2 - 3x + 2 > 0, (x-1)(x-2) > 0$.




Сонда анықталу облысы $(-\infty, -1) \cup (2, +\infty)$ болады.

Мысал 2. $y = \frac{1}{\lg(1-x)} + \sqrt{x+2}$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу. $\begin{cases} 1-x > 0, \\ 1-x \neq 1, \text{ теңсіздіктер жүйесінің берілген функцияның анықталу} \\ x+2 \geq 0 \end{cases}$


облысы болады. $\begin{cases} 1 > 0, \\ x \neq 0, \\ x \geq -2 \end{cases}$



Бұл сызбалардағы ортақ жер мына аралықтар: $[-2, 0) \cup (0, 1)$.

Мысал 3. $y = \sqrt{\lg(\frac{5x-x^2}{4})}$ функциясының анықталу облысын табалық.


Шешу. $\lg(\frac{5x-x^2}{4}) \geq 0, \lg(\frac{5x-x^2}{4}) \geq \lg 1, \frac{5x-x^2}{4} \geq 1.$
 $5x - x^2 \geq 4, x^2 - 5x + 4 \leq 0, (x-1)(x-4) \leq 0$



Анықталу облысы: $[1; 4]$.

Мысал 4. $y = \sqrt{x} + \sqrt[3]{\frac{1}{x-2}} - \lg(2x-3)$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу.
$$\begin{cases} x \geq 0, \\ x \neq 2, \\ 2x-3 > 0. \end{cases} \quad \begin{cases} x \geq 0, \\ x \neq 2, \\ x > \frac{3}{2} \end{cases}$$



Бұл сызбалардың ортақ жері: $\left(\frac{3}{2}, 2\right) \cup (2, +\infty)$.

5⁰. Егер $y = \arcsin f(x)$ және $y = \arccos f(x)$ болса, онда бұл функциялардың анықталу облыстарын табу үшін $-1 \leq f(x) \leq 1$ теңсіздіктерін шешу керек. Сонда бұл теңсіздіктердің шешімі берілген функцияның анықталу облысы болады.

Мысал 1. $y = \arcsin \frac{2x-3}{4}$ функциясының анықталу облысын табалық.


Шешу. $-1 \leq \frac{2x-3}{4} \leq 1, \quad -4 \leq 2x-3 \leq 4, \quad -1 \leq 2x \leq 7, \quad -\frac{1}{2} \leq x \leq \frac{7}{2},$ яғни анықталу облысы: $\left[-\frac{1}{2}; \frac{7}{2}\right]$.

Мысал 2. $y = \arccos \frac{2-x}{5}$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу. $-1 \leq \frac{2-x}{5} \leq 1, \quad -5 \leq 2-x \leq 5, \quad -7 \leq -x \leq 3, \quad 7 \geq x \geq -3,$ яғни $-3 \leq x \leq 7$,
Сөйтіп, $[-3; 7]$

Мысал 3. $y = \sqrt{x+2} + \frac{5}{\sqrt{6-x}} + \arccos \frac{2-x}{5}$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу.
$$\begin{cases} x+2 \geq 0, \\ 6-x > 0, \\ -1 \leq \frac{2-x}{5} \leq 1. \end{cases} \quad \begin{cases} x \geq -2, \\ 6 > x \\ -5 \leq 2-x \leq 5 \end{cases} \quad \begin{cases} -2 \leq x \\ x < 6 \\ -3 \leq x \leq 7 \end{cases}$$



Бұл сызбалардың ортақ жері: $[-2; 6)$. Демек, берілген функцияның анықталу облысы: $[-2; 6)$.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Каровкин П.П. Математический анализ. Т.І.1974.
2. Пискунов Н.С. Дифференциальное и интегральное числения. Т.І,1971, Т.ІІ,1985.
3. Жәутіков О.А. Математикалық анализ. 2009
4. Ибрашев Х.И., Еркеғұлов Ш.Т. Математикалық анализ курсы. Т.І,1963, Т.ІІ,2007.
5. Тілеубердиев Б., Мырзасейтова А.Н. Қазақстанның ғылыми әлемі VI. , 2012ж.

АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТАРДЫ АШУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Жидебаева А.Н. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің аға оқытушысы,

Ерланқызы М. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің 7М01514-Математика БББ 1-курс магистранты

E-mail: aziza_68.kz@mail.ru

Аннотация. Мақалада анықталмағандықтарды ашудың қарапайым әдістері қарастырылған.

Аннотация. В статье приводятся простые способы выявления неопределенностей.

Abstract. The article provides simple ways to uncover uncertainties.

Функциялардың анықталу облысын табу ережелері

1⁰. Егер $y = a_0 x^n + a_1 x^{n-1} + \dots + a_{n-1} x + a_n$, $n \in N$ болса, онда бұл функцияның анықталу облысы $(-\infty, +\infty)$ аралығы болады.

Мысал 1. $y = 5x^3 - 2x^2 + 7x + 1$. Анықталу облысы $(-\infty, +\infty)$ аралығы болады.

Мысал 2. $y = -\frac{3}{5}x^2 + \frac{2}{7}x - 91$. Анықталу облысы $(-\infty, +\infty)$ аралығы болады.

2°. Егер $y = \frac{a_0x^n + a_1x^{n-1} + \dots + a_{n-1}x + a_n}{b_0x^m + b_1x^{m-1} + \dots + b_{m-1}x + b_m}$, $n, m \in \mathbb{N}$ болса, онда бұл функцияның анықталу облысы $(-\infty, +\infty)$ аралығынан

$b_0x^m + b_1x^{m-1} + \dots + b_{m-1}x + b_m = 0$ теңдеуінің түбірлерін шығарып тастағынға тең болады.

Мысал 1. $y = \frac{2x+5}{x+2}$. Анықталу облысын табу үшін $(-\infty, +\infty)$ аралығынан $x+2=0$ теңдеуінің түбірі $x=-2$ ні шығарып тастаймыз. Сонда бұл функцияның анықталу облысы $(-\infty, -2) \cup (-2, +\infty)$ болады, басқаша айтқанда $x \neq -2$ болуы керек.

Мысал 2. $y = \frac{x^2+1}{x^3-4x}$. Анықталу облысын табу үшін $(-\infty, +\infty)$ аралығынан $x^3 + 4x = 0$ теңдеуінің түбірлерін шығарып тастаймыз, яғни $x_1 = -2, x_2 = 0, x_3 = 2$ түбірлерін шығарып тастаймыз. Сонда $(-\infty, -2) \cup (-2, 0) \cup (0, 2) \cup (2, +\infty)$ болады.

3°. Егер $y = \sqrt{f(x)}$ болса, онда бұл функцияның анықталу облысын табу үшін $f(x) \geq 0$ теңсіздігін шешу керек. Сонда осы теңсіздіктің шешімі берілген функцияның анықталу облысы болады.

Мысал 1. $y = x - x^3$ функциясының анықталу облысын табу керек.

Шешу. $x - x^3 \geq 0$. Бұны $x^3 - x \leq 0$ деп немесе $x(x-1)(x+1) \leq 0$ деп жазып аламыз. Бұл



теңсіздікті интервалдар әдісімен шешеміз. Сонда $(-\infty, -1) \cup (0, 1)$.


Мысал 2. $y = \frac{2}{\sqrt{|x|} - x}$ функциясының анықталу облысын табу керек.

Шешу. $x - |x| > 0$, бұдан $x > |x|$. Ал бұл теңсіздіктің шешімі жоқ. Олай бұл функцияның анықталу облысы $\emptyset$ құр жиын болады.

4°. Егер $y = \lg f(x)$ болса, онда бұл функцияның анықталу облысын табу үшін $f(x) > 0$ теңсіздігін шешу керек. Сонда осы теңсіздіктің шешімі берілген функцияның анықталу облысы болады.

Мысал 1. $y = \lg(x^2 - 3x + 2)$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу. $x^2 - 3x + 2 > 0$, $(x-1)(x-2) > 0$.



Сонда анықталу облысы $(-\infty, 1) \cup (2, +\infty)$ болады.

Мысал 2. $y = \frac{1}{\lg(1-x)} + \sqrt{x+2}$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу.
$$\begin{cases} 1-x > 0, \\ 1-x \neq 1, \text{ теңсіздіктер жүйесінің берілген функцияның анықталу} \\ x+2 \geq 0 \end{cases}$$

облысы болады.
$$\begin{cases} 1 > 0, \\ x \neq 0, \\ x \geq -2 \end{cases}$$

$x < 1$:

$x \neq 0$:


$-2 \leq x$:

Бұл сызбалардағы ортақ жер мына аралықтар: $[-2, 0) \cup (0, 1)$.

Мысал 3. $y = \sqrt{\lg(\frac{5x-x^2}{4})}$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу.
$$\lg(\frac{5x-x^2}{4}) \geq 0, \lg(\frac{5x-x^2}{4}) \geq \lg 1, \frac{5x-x^2}{4} \geq 1.$$


$$5x-x^2 \geq 4, x^2-5x+4 \leq 0, (x-1)(x-4) \leq 0$$



Анықталу облысы: $[1; 4]$.

Мысал 4. $y = \sqrt{x} + \sqrt[3]{\frac{1}{x-2}} - \lg(2x-3)$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу.
$$\begin{cases} x \geq 0, \\ x \neq 2, \\ 2x-3 > 0. \end{cases} \begin{cases} x \geq 0, \\ x \neq 2, \\ x > \frac{3}{2} \end{cases}$$



$$x > \frac{3}{2}: \quad \xrightarrow{\hspace{10em}}$$

$$\qquad\qquad\qquad 0 \qquad \frac{3}{2} \qquad 2$$

Бұл сызбалардың ортақ жері: $\left(\frac{3}{2}, 2\right) \cup (2, +\infty)$.

5°. Егер $y = \arcsin f(x)$ және $y = \arccos f(x)$ болса, онда бұл функциялардың анықталу облыстарын табу үшін $-1 \leq f(x) \leq 1$ теңсіздіктерін шешу керек. Сонда бұл теңсіздіктердің шешімі берілген функцияның анықталу облысы болады.

Мысал 1. $y = \arcsin \frac{2x-3}{4}$ функциясының анықталу облысын табалық.


Шешу. $-1 \leq \frac{2x-3}{4} \leq 1, \quad -4 \leq 2x-3 \leq 4, \quad -1 \leq 2x \leq 7, \quad -\frac{1}{2} \leq x \leq \frac{7}{2}, \quad \text{яғни}$
 анықталу облысы: $\left[-\frac{1}{2}; \frac{7}{2}\right]$.

Мысал 2. $y = \arccos \frac{2-x}{5}$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу. $-1 \leq \frac{2-x}{5} \leq 1, \quad -5 \leq 2-x \leq 5, \quad -7 \leq -x \leq 3, \quad 7 \geq x \geq -3, \quad \text{яғни } -3 \leq x \leq 7,$
 Сөйтіп, $[-3; 7]$

Мысал 3. $y = \sqrt{x+2} + \frac{5}{\sqrt{6-x}} + \arccos \frac{2-x}{5}$ функциясының анықталу облысын табалық.

Шешу.
$$\begin{cases} x+2 \geq 0, \\ 6-x > 0, \\ -1 \leq \frac{2-x}{5} \leq 1. \end{cases} \quad \begin{cases} x \geq -2, \\ 6 > x \\ -5 \leq 2-x \leq 5 \end{cases} \quad \begin{cases} -2 \leq x \\ x < 6 \\ -3 \leq x \leq 7 \end{cases}$$



Бұл сызбалардың ортақ жері: $[-2; 6)$. Демек, берілген функцияның анықталу облысы: $[-2; 6)$.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Каровкин П.П. Математический анализ. Т.І.1974.
2. Пискунов Н.С. Дифференциальное и интегральное числения. Т.І,1971, Т.ІІ,1985.
3. Жәутіков О.А. Математикалық анализ. 2009
4. Ибрашев Х.И., Еркеғұлов Ш.Т. Математикалық анализ курсы. Т.І,1963, Т.ІІ,2007.
5. Тілеубердиев Б., Мырзасейтова А.Н. Қазақстанның ғылыми әлемі VI. , 2012ж.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КҮЙШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бертай А. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің магистр, оқытушысы,
Қонбаева М. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің аға оқытушысы
E-mail: Bertay94@mail.ru

Аннотация: Бұл күй қазақ халқының музыкалық орындаушылық өнерінің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тарихы мен даму кезеңдері мен мүмкіндіктері зерттелуде.

Аннотация: В этой кюи рассматривается как особый вид музыкального исполнительского искусства казахского народа. Изучается история и этапы развития и возможности воспитание подрастающего поколения.

Abstract: Kazah notional music, contemporary and folk arts are described in the article. Special attention is paid to the education of young generation in the spirit of love for cultural values of Kazakh people.

Шығыс өңірінің күйшілік дәстүрі аймақтық жағынан кең ауқымды қамтиды. Өйткені Шығыс Қазақстан (Семей, Шыңғыстау, Шұбартау, Аягөз, Тарбағатай), Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, сонымен қатар, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы қазақтарының күй мұралары осы дәстүрге жатады. Бұл өңірдегі, негізінен, архаикалық үлгідегі аңыз-күйлерден тұратын күйшілік, домбырашылық өнердің тамыры тереңнен бастау алады. Әсіресе, теріс бұрауда (квинта) тартылатын «Шыңырау», «Таукүдірет», «Ақсақ марал», «Ақсақ қыз», «Ақсақ аю», «Бұлғын-сусар», «Балжыңгер», «Сұрмерген» сияқты күйлер – аңыз-әңгімелерімен астасып жатқан көне жәдігерлер. Шығыс Қазақстан домбыра күйлерінің «Сары өзен», «Беласар», «Қорамжан», «Ащы күй» сынды тағы бір бөлігі – қазақ пен қалмақ шапқыншылығы дәуірінен көрініс беретін тарихи шығармалар. Ал «Салкүрең», «Телқоңыр», т.б. халық күйлері – өте ерте замандардан жеткен туындылар.

Қазақ халқының тарихындағы ең елеулі тұлғалардың бірі – Кетбұға күйші. Қаһарлы Шыңғыс хан заманында өмір сүрген Кетбұғаның ержүрек батыр,

ақылғөй би, дәулескер күйші ретінде есімі белгілі. Осы жинаққа енген «Кетбұғаның күйі» («Қара ала белдік мойнымда, сауға, Шыңғыс, сауға») сол дәуірлерден жеткен тарихи туындылардың бірі. Шығыс күйшілік дәстүріндегі ең ірі тұлға – қазақ күй өнерінің, оның ішінде шертпе күй саласының дамып, көркеюіне көп үлес қосқан Байжігіт күйші. Абылай хан заманында өмір сүрген күйшінің жоңғар шапқыншылығы кезеңіне арналған күйлерін белгілі жазушы, тарихшы М.Мағауин қилы кезең симфониясы, тайғақ кешулі жаугершілік заманның музыкалық шежіресіне теңейді. Жаугершілік заман тынысы ғана емес, бейбіт тұрмыс лебізі де сезілетін Байжігіт күйлерінің тақырыбы әр алуан. Оның «Көкбалақ», «Қайың сауған», «Шаңды жорық» сияқты күйлерінен жаугершілік заманның елесі көрініс берсе, «Ерке атан» күйі мұнды тарихымен есте қалады. Семей өңірінің Шұбартау ауданының шегіндегі Бақанас, Балқыбек, Көксала өзендерінің бойында өмір сүрген күйші мұрасы Шұбартау, Аягөз өңірінде сақталған. Біздің заманымызға Байжігіт мұрасының дені Жүнісбай домбырашы арқылы жетті. Байжігіт күйлерін жаздырып, насихаттап жүрген бүгінгі орындаушысы – домбырашы Таласбек Әсемқұлов. Шығыс күйшілік дәстүрінің бір тармағы – Шыңжаң өлкесіндегі Алтай, Тарбағатай, Іле күйшілік мектептері. Алтай аймағында қалыптасқан күйшілік мектептің көрнекті тұлғаларының бірі Бейсенбі Дөненбайұлы күйлерінің тақырыбы сан түрлі. Бежең (ел арасында осылай атаған) туындылары Қытай Халық Республикасының Алтай аймағында, Монғолияның Баян-Өлгий өлкесінде және Қазақстанның шығыс өңірінде кеңінен тараған. Бейсенбі күйлері осы жинаққа Уәли Бекенов, Ғабдылхақ Барлықов, Тайыр Белгібайұлы, Тұрсын Кәдейұлы сынды майталман домбырашылардың орындауында алынып отыр. Сонымен қатар, жинаққа Алтай аймағында өмір сүрген Мүкей, Шақабай Шалап, Тайыр Белгібайұлы сияқты күйшілердің туындылары енгізілді.

2. Жетісу күйшілік дәстүрі (Әлімжанова Мөлдір) Бұл өңірдің де аспаптық музыкасы қаншалықты қызықты, әрі стильге бай болғанмен, осы күнге дейін түбегейлі зерттеу нысанынан тыс қалып келеді. Жетісу дәстүрі Шығыс күйшілік дәстүрімен өзектес. Жер жағдайы ұқсас, Алтай мен Алатау аралығында үзілмей, іркес-тіркес жалғасқан тау сауырын қоныстанған елдің мәдени кеңістігі ортақ болғандығы байқалады. Еліміздің Жетісу өлкесінде ертедегі аңыз күйлермен қатар авторлары ұмыт болып, ел арасында сақталып қалған халық күйлері молынан кездеседі. Мысалы: «Аққу», «Аққудың зары», «Жеті атан – ерке атан», «Мұңлық – Зарлық», «Жетім қыз», «Жетім бала», «Жиренше шешен», «Тепеңкөк», «Шұбар киік», «Ақсақ қыз» сияқты көне күйлер ерте дәуірлерден сыр шертеді. Тамырын тереңнен тартатын Жетісу күйшілік өнерінде, бертін келе, үлкен екі мектептің қалыптасқандығын байқаймыз.

3. Арқа күйшілік дәстүрі (Садуақасова Перизат) Қазақстанның шығыс, солтүстік, орталық аймақтарын алып жатқан байтақ өңірдің атымен аталатын Арқа күйшілік мектебінің ең көрнекті тұлғасы – Тәттімбет Қазанғапұлы. Шертпе күй саласында екі ішекті алма-кезек даралап қағу, бір ішекті бойлай шертпе әдістерін көбірек қолданып, бұл тарапта жаңашыл бағыт, оқшау мектеп қалыптастырған Тәттімбет күйлерін терең ойға, философиялық толғамға толы

шертпе күйлердің үздік үлгісі деуге болады. Небары 45 жас қана ғұмырында өшпестей мұра қалдырған, қазақтың күй өнерін жаңа саз, соны өрнектермен байытып, түрлі тақырыпты қамтитын 40-тан аса күй шығарған Тәттімбеттің философиялық ой-толғамдарға құрылған «Қосбасар» (9 нұсқасы), «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Бес төре» (I, II түрі), махаббат сырын шерткен «Сылқылдақ», «Көш жанаған», «Балбырауын», тарихи оқиғаларға арналған «Айдос», «Алшағыр», «Азамат қожа», «Бозайғыр», т.б. күйлерін үйреніп, кейінгіге жалғастырған – өз інісі Жақсымбет, балалары Мұсатай, Исатай болған. Тәттімбет күйлерінің басым көпшілігі белгілі күйші, домбырашы Әбікен Хасенов арқылы жетті. Ұлы күйші мұрасын Аққыз Ахметова, Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев, Уәли Бекенов, Мағауия Хамзин сияқты саңлақ өнерпаздар да кеңінен насихаттады.

4. Қаратау күйшілік дәстүрі (Өтелбайұлы Ғалымжан) Қаратау күйшілік мектебіндегі негізгі тұлға – Сүгір Әлиұлы. Шертпе күй шебері, қазақтың аспаптық өнерінде өшпес із қалдырған Сүгір өзіне дейінгі Тәттімбет Тоқа, күйлерін жете меңгере отырып, түр, мазмұн, көркемдік жағынан байытып, дамыта түсті. Әйгілі қобызшы Ықылас Дүкенұлын өзіне ұстаз тұтқан Сүгірдің қобыз сазын домбыра күйімен қабыстыра білуі үлкен жаңашылдық болды, қобыздағы мұнды әуеннің Сүгір күйлерінде домбырамен астасуы күйшілік дәстүрге өзгеше рең берді. Ол өмір сүрген өңір – қарт Қаратау, көне Отырар, қасиетті Түркістан аймағы – тоғыз жолдың торабы, түрлі мәдениеттің тоғысқан жері. Сондықтан қазақ музыкасындағы озық жетістіктерді бойына жинаған Сүгір шығармаларында Арқа, Жетісу, Алтай-Тарбағатай, Батыс әуен-саздарының кездесуі кездейсоқ құбылыс емес. Оның күйлері мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекше. «Шалқыма», «Ілме», «Бес жорға» (5 тараудан тұрады), «Қаратау шертпесі», «Жолаушының жолды қоңыры» (2 тарау), т.б. туындыларының қай-қайсысын алсақ та, кемеліне келген көркемдік, мүлтіксіз жаңашылдығымен, соны сипатымен оқшау тұрады. Сүгір күйлерін алғаш республика жұртшылығына танытқан дарынды өнерпаз, қобызшы әрі домбырашы Жаппас Қаламбаев болды. Сүгірдің «Кертөлғау», «Ілме», «Шалқыма», «Ыңғайтөк», «Аққу», т.б. күйлері Ж.Қаламбаевтың орындауында қайталанбас өрнегін тауып, қазақ музыкасының алтын қорында мәңгі сақталып қалды. Сүгір күйлерін асқан шеберлікпен орындап жеткізушілер қатарында күйші, домбырашы Төлеген Момбековтің есімін айрықша атауға болады. Сүгірдің «Қосбасар», «Жолаушының жолды қоңыры» (2 тарау), «Бес жорға», «Қаратау шертпесі», «Телқоңыр», «Шалқыма», «Бозінген» сияқты күйлерін өзіндік мәнерімен орындап, өз жанынан да көптеген күйлер шығарған Төлеген Момбеков – Сүгір мектебінің көрнекті өкілі. Антологиядан Сүгір, Бапыш, Төлеген, Жаппас, Боранқұл, Айкен сынды қаратаулық күйшілердің туындылары қомақты орын алды.

5. Сыр өңірінің күйшілік дәстүрі (Берік Жүсіпов) Сыр бойы күйлері көпке дейін қазақ музыкасы саласында аз зерттеліп, насихатталуы кемшіндеу болып келгенімен, соңғы кездері кеңінен қолға алына бастады. Белгілі жыршы, филология ғылымдарының кандидаты Б.Жүсіповтың «Жиделі Байсын күйлері» (А., 2000) деген еңбегінде осы орындаушылық мектептің күйлері алғаш

жинақталып жарық көруі де – сең қозғалуының бір көрінісі. Сырдың бойында ертеректе өткен Құрманай Төремұрат, Асан Көнек, Бекпенбет сынды күйшілердің мұралары көнеден көшкен керуендей жалғасын тауып келеді. Одан беріректе Сыр өңірінде өмір сүрген күйші-композиторлардың ішінде үш дәулескер күйшінің есімін атауға болады. Олар: Мырза Тоқтаболатұлы, Әлшекей Бекпенбетұлы, Досжан Құрақұлы. Сыр бойы күйшілік дәстүріндегі көрнекті тұлғалардың бірі Мырза Тоқтаболатұлының ғұмыр кешкен, музыкалық мұрасының молынан сақталған жері – Қызылорда облысының Қазалы өңірі. Бүгінгі күні Мырза күйшінің «Асанқайғы», «Бұғының күйі», «Баулы ешкі», «Алпыс екі Ақжелеңнің бауыр шешпесі», «Ташауыз» сияқты бітімі, құрылымы бөлек, композициялық жағынан оқшау тұрған жиырмадан астам күйлері белгілі болып отыр.

6. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрі (Нәби Әділбек) Қазақтың күйшілік өнері өркен жайып, ерекше дамыған өлкелердің бірі – Батыс Қазақстан аймағы. Батыс күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдері Махамбет, Боғда, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Мәмен, Түркеш туындыларын қазақ өнерінің ғана емес, бүкіл түркі әлемі музыкасының жетістігі деп айтуға болады. Батыс күйшілік мектебінің қайнар көзінде күйші, әрі жырау, батыр бабамыз Махамбет тұр. Көнеден тамыр тартқан жыраулық дәстүр өкілі Махамбеттің күйлері айбынды жырларымен сарындас болып келеді. Ішкі Бөкей ордасында бүкіл ғұмырын өткізген Махамбет күйлерін сол Исатай бастап, өзі қостаған жорық жылдарының музыкалық портреті десе де болады. Махамбеттің толғау жырларындағы тегеурінді сарындар осы мектептің теңдессіз тұлғасы Құрманғазы күйлеріне де жат емес. XVIII-XIX ғасырларда Бөкей ордасында аса күшті домбырашылық мектеп қалыптасты. Екі үлкен бағытта дамыған Бөкей күйшілік дәстүрі Құрманғазы, Дәулеткерей есімдерімен тығыз байланысты. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің ең көрнекті тұлғасы, күй атасы атанған Құрманғазы Сағырбайұлы – әлемдік өредегі алып композитор. Құрманғазының аса күрделі шығармашылығы дыбыстық бояуларының қанықтығымен, алапат тегеурін, ырғақтық иірімдерінің алуандығымен ерекшеленеді. Құрманғазының күйшілік тұлғасын, жан дүниесін толық танытатын, қуатты оттай бұрқыраған «Сарыарқа», «Төремұрат», «Кішкентай», «Серпер», «Терісқақпай», «Балбырауын» сияқты күйлерінің әрқайсысы – қайталанбас, кесек туындылар. Құрманғазының күйшілік дарыны сан қырлы. Оның «Адай», «Төремұрат», «Терісқақпай», «Серпер» сияқты күйлерінен асқақ батырлық рух сезілсе, «Қайран шешем», «Аман бол, шешем, аман бол», «Айда, бұлбұл Айжан-ай», «Балқаймақ» сынды туындылары ой-толғам, сырлы сезім толғаныстарына құрылған. Құрманғазы қалыптастырған күйшілік мектептің аса дарынды өкілі Дина Нұрпейісова – XIX ғасыр мен XX ғасыр дәстүрін біріктірген, сондай-ақ, Құрманғазы мектебінің жігерлі екпінін, Дәулеткерей дәстүрінің фәлсәфасын, ақсүйектік нәзіктігін терең меңгерген күйші. Оның шығармашылығында Құрманғазы дәстүрінде басталған жанрлық және тақырыптық жаңашылдықтар жалғасын тапты.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Жайымов А. Домбыра үйрену мектебі, Алматы, 2012ж
2. Балабаева Е. Музыкалық орындаушылық, Алматы 2010ж
3. Оңтүстіктің 100 термесі Алматы, 2014ж
4. Оңтүстіктің 100 күйі Алматы, 2014ж
5. Оңтүстіктің 100 әні Алматы, 2014ж

ЖАС МУЗЫКАНТТАРДЫ КҮЙШІЛІК ӨНЕРГЕ БАУЛУДА АҢЫЗ - ӘНГІМЕЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Балабеков Е.О. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің доценті, п.ғ.к.,
Губайдуллин У. – ҚР жоғары мектебіне еңбек
сіңірген қызметкер, академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің профессоры
E-mail: balabekov1501@gmail.com

Аннотация: Мақалада күйлер туралы аңыздар қазақ халқының музыкалық шығарма - күй жасау тарихы туралы баяндайтын ауызша әдебиет жанры ретінде қарастырылады. Сондай - ақ, жас күйші-музыканттарды тәрбиелеудегі күй туралы аңыздардың маңызды орнына ғылыми талдау жасалады.

Аннотация: В статье легенды о кюях рассматриваются как жанр устной литературы казахского народа, рассказывающие об истории создания музыкального произведения - кюия. Также, дается научный анализ на важное место легенд о кюях в воспитании молодых кюйші - музыкантов.

Abstract: The article considers legends about kyuis as a genre of oral literature of the Kazakh people, telling about the history of the creation of the musical work kyui. Also, a scientific analysis is given of the important place of legends about kyuis in the upbringing of young kyui musicians.

Өнер - адам баласының дүниетанымының қалыптасуына ерекше әсер ететін рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі. Өнердің құндылық - мағыналық маңызы – оның құрамында адам субъективтілігінің ішкі дүниесінің терең антологиясы, оның құндылық қатынастарына негізделген талпынысы, адам болмысының әр түрлі дүниетанымдық түсініктерінің болуында. Осының арқасында дүниеге қатынастық көзқарас, рухани өнегелік бағытқа ие болады. Дүниетанымдық түсінікке бағыт бере алатын, қоғамдық өмір тұрғысын оны суреттейтін өнердің бірі - ол музыка өнері. Музыка өнері қоғамдық формациядағы халықтың тұрмысын, саяси хал - жағдайын, іс - әрекетін, мінез - құлқын тереңірек, көркем түрде түсінуге жол ашады. Өйткені музыка өнері

адам баласын алуан түрлі біліммен қаруландырады, адам жанын нәзік сезімдерге бөлейді.

Еліміздің дербестігін толық нығайту үшін тек саяси, экономикалық тәуелсіздік пен әлеуметтік және құқықтық институттарды дамыту ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік идеология мен мәдениетті дамыту, рухани жаңғырту қажеттігі туындап отыр. Ол үшін рухани мәдениет пен өнер аясында ең жақсы ұлттық дәстүрлерді қайта қалпына келтіріп, қолдап және көпшілікке насихаттап жеткізуіміз қажет. Көптеген ғасырлар бойы оларды дамыту нәтижесінде қазақ халқында өте күшті эпикалық, өлеңдік және аспаптық музыкалық кәсіби дәстүрлер пайда болып, гүлдене түсті, сонымен қатар олар айтылу жағынан аймақтық дәстүрлі стилімен ерекшеленді. Осы дәстүрлер сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті: олар музыкалық, музыкалық - поэзиялық шығармашылықтың мыңдаған үлгілері. Алайда біз осы мәдени мұра мен құндылықтарды жоғалтып алуымыз мүмкін, себебі, бір жағынан дәстүрлердің дамуы аса баяу екпінде, оларды меңгерген нағыз шеберлердің саны аз, екінші бір себебі – шығармашылық пен өнердің дәстүрлі түрлерінің сақталуына және дамуына себепші болатын тыңдаушылар жойылып бара жатыр.

Біз өз зерттеуімізде осы ойды басшылыққа ала отырып, музыка өнері, оның ішінде күй аңыздарын талдау арқылы, жас музыкантты күйшілік өнерге баулуда аңыз әңгімелердің ой салар дүниетанымдық пайдасын қарастырғанды жөн көрдік.

Зерттеліп отырған объектінің төл сипатын саралап танып, күй аңыздарының жанрлық ерекшеліктері жан - жақты ашып көрсетуді мақсат тұттық. Оның пайда болуы, қалыптасуы және күні бүгінге дейін туындау үрдісі тарихи - әлеуметтік және мәдени - рухани аспектіде сараланады. Күй аңыздары, атауы айтып тұрғандай, музыкамен, соның ішінде күймен тікелей байланыста дүниеге келеді. Демек, күй мен күй аңыздарының ара қатынасын шендестіре саралау арқылы ғана зерттеп отырған объектінің төл ерекшелігін, мән - мағынасын тереңірек ашып көрсетуге болады. Күй аңыздары тарихи деректермен ұштастыра отырып, тарихи кезеңдердің аясында қарастырылады. Күй аңыздарының оқиғаларын, күйші - композиторлардың ғұмыр кешкен заманын қаперге ала отырып, күй аңыздары тарихи кезеңдерге бөліп қарастырылады. Ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық дүниетанымы айқын көрінуге тиіс. Ұлтының наным - сенімдерін, саяси көзқарастары мен ұстанған бағыт - бағдарын, ұлттың әрбір азаматы өз ұлтының ерекшеліктерін танып білуі керек. Ұлттың салт - дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін, дінін сыйлау, жетістіктеріне шаттану - ұлттың әрбір өкілінің азаматтық борышы.

Қазақ күйлерінің қоғам өмірімен, тарихымен тығыз байланысы, ұжымдық шығармашылық сипаты, көркем образдылығы, философиялық ой тереңдігі, синкреттігі, сан алуан жанрлығы, көп варианттығы, жасөспірімдердің және мектеп оқушыларының түсінік - талғамын көтеріп, көркемдік қажеттіліктерінің, адамгершілікті - эстетикалық идеалының қалыптасуына, әсемдікті қабылдай білуді үйренуіне ерекше қолайлы жағдай жасау. Болашақ домбырашыны дайындаумен қатар, оған эстетикалық тәрбие беру. Музыкалық материалды

бекітіп, іскерлігі мен дағдысын қалыптастырып, музыканы саналы, эмоциялық сезіммен ойнау қабілетін дамыту. Студенттердің білім, білік, іскерлік дағдыларын дамытумен қатар, олардың бойындағы азаматтық, өміртанымдық, қасиеттерін де кеңейте түсу.

Академик Әлкей Марғұлан қазақ эпостарының тарихын бес кезеңге бөліп қараған [1]. Қазақ эпостарын тектегенде саралаған тарихи кезеңдер күй аңыздары үшін де ұрымтал кілт бола алатынына күмән жоқ.

Бірінші кезеңнің күй аңыздары (яғни күйлері де) жаңаша жыл санауға дейінгі VIII-V ғасырлар мен жаңа заманның VI ғасырдағы аралықты қамиды. Бұған Еуразияның Ұлы даласындағы көшпелілер арасына ислам діні тарағанға дейінгі қиял ғажайып тақырыптарға арналған күйлер, жорық сарындары, жаугершілік кезеңдерде ел есінде қалған айтулы батырлар, ақылды арулар, ерге серік болғандай қанатты пырақтар, киелі жануарлар туралы күйлер мен олардың аңыздары жатады. Мәселен, «Қос мүйізді Ескендір», «Көк төбет», «Көк бөрі», «Аққу», «Сарын», «Өгіз өлген», «Тарғыл бұқа» сияқты күйлер мен күй аңыздарын айтуға болады.

Екінші, оғыз қыпшақ кезеңінің (VI-XII ғғ) күй аңыздары. Бұған Қорқыт ата аңыздары, «Абыз толғауы», Саймақтың сары өзені», «Балжынгер» сияқты күйлердің аңыздары жатады. Ол заманды - Қорқыт заманы деп те атайды. Қорқыт IX - ғасырда өмір сүрген аңыз кейіпкер. Ол Шоқан Уалиханов айтқандай: «Қорқыт алғаш қобыз тартып, сарын айтуды үйреткен ең бірінші бақсы» [2].

Қорқыттан соң үшінші ноғайлы кезеңінің (XIII - XVI) күйлері. Оғыз қыпшақ кезеңінің аласапыранынан кейін көшпелілердің рулық тайпалық тұтастануы, Алтын орда сияқты айтулы мемлекеттің бой көтеруі осы заманға сәйкес келеді. Тек ол ғана емес, ілгері ғасырлар талқысында тарихи тағдырын ортақтастырған даналық ру тайпалардың саяси одақ құрып, бір бірімен біте қайнасып «қазақ» деген кең мағыналы этникалық атаумен тарих сахнасына шыға бастаған кезеңі де осы тұс. «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар көсе» сияқты циклданған ертегі - аңыздар, «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Едіге», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Шорай», «Ер Жабай», «Орақ-Мамай» сияқты эпикалық жырлар, Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Жиренше шешен сияқты жыраулар, тапқыр шешендер бәрі - бәрі сол ноғайлы заманына қатысты [3.211].

Ноғайлы кезеңінде туған музыкалық және фольклорлық мұралардың санатына «Жошы ханның жортуылы», «Шора батыр», «Әмір асқақ», «Қамбар күйі» сияқты халық күйлерімен бірге, Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Асанқайғының «Ел айырылған», Қазтуғанның «Сағыныш» күйлерін және олардың аңыздарын жатқызуға болады.

Төртінші, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі (XVII-XVIII ғғ) күйлер мен күй аңыздары. Осы екі ғасырға созылған аласапыран халықтың сан - сала рухани мұрасында шыншылдықпен, тарихи деректілікпен орын алды. Аңыз - әңгіме, жыр - дастан, толғау - термелерден бастап, ән - күйге дейін халықтың азатшыл рухы аста - төк көрініс тауып отырды. Осы кезең өзінің рухына лайық Бұқар, Тәтіқара, Қанай, Толыбай, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты шешен -

билерді, жыршы - жырауларды дүниеге әкеліп, олар қара халықтың күйзелісі мен қаһарман ерлігін өлмес өнер тілінде бейнелеп отырды. Мұның айғағы ретінде «Қаратаудың шертпесі», «Қалмақ биі», «Беласар», «Қалмақтың қара жорғасы», «Кеңес», «Абылайдың қара жорғасы», «Қоржынқақпай» сияқты күйлер мен олардың аңыз - әңгемелерін атауға болады.

Бұл кезеңнің күй аңыздары ширыққан оқиғасымен, тосын шешімдерімен назар аударады. Бір қуаныш, бір қайғы итжығыс түскен заманның мың сан көрінісі өнер тілінде де алуан өрнекпен алдыңнан шығып отырады. Әсіресе, күй аңыздарының белгілі бір тарихи оқиғамен сабақтастығы, нақтылы тұлғалар өміріне арнаулы деректілігімен иландырып отырса, соған үндес музыкалық тілі бейнелегіш қасиетімен баурайды.

Бесінші, XVIII-XIX ғасырларда және XX ғасыр басында туған күйлер мен олардың аңыздары. Бұл кезеңнің рухани мұраларына саяси - әлеуметтік сарынның мейлінше айқын көрінісі тауып отыратынын алдымен айту қажет. Бұл кезеңде туған күйлер де, күй аңыздары да ерекше молдылығымен, тақырыбының әралуандығымен, оқиғасының деректілігімен назар аударады.

Өзінің қалыптасу болмысына зер салсақ, күй аңыздары өте ерте замандар тұңғйығына тартатынын ғалым Ақселеу Сейдімбектің төмендегі жіктеулері көрсетеді: Мифтік күй аңыздары, Әпсаналық күй аңыздары, Аңыздық күй аңыздары, Жағдаяттық күй аңыздары[4.224]. Құдіретті күй өнерін осылайша жүйелеп алып, өзінің ғылыми негіздеулеріне қатысты дәлелді жауаптар береді. Мәселен: Мифтік күй аңыздарына - «Таукүдірет», «Қызылқан», «Шұбар киік» және т.б. күйлердің жататыны, олардың мифтік санаға қатыстылығын құрылымдық жағынан терең түсіндіріп берген. Әпсаналық күй аңыздарына «Шыңырау», Қорқыттың «Тарғыл тана», «Елім-ай», «Халқым-ай», «Желмая» күйлері және «Қос мүйізді Ескендір», Асанқайғының «Зар», «Желмая», «Ел айырылған», «Асанқайғы сарыны», Байжігіттің «Қайың сауған» күйлері мен таза әпсаналық сипаттағы «Жорға аю», «Балжыңгер», «Ақсақ қыз», «Көк төбет» т.б. күйлері жатқызылса; Аңыздық күй аңыздарына - Кетбұғаның, Бейсенбінің, Боғданың, Дайрабайдың, Құрманғазының және т.б. күйлердің аңызға айналуы мен бірнеше нұсқаларының пайда болуының фольклорға тән екендігін мойындатады. Жағдаяттық күй аңыздарына «Қыз қашқан», «Қағытпа» күйлері жататындығы және бұл терминдерді фольклорда алғаш қолданушы екендігін дәйектеген. Күй өнерінің пайда болуы және оның аңызға айналып кету себебін тұрмыс-тіршілікпен, тарихи оқиғалармен сабақтастыра қарау арқылы ғылыми еңбек өз мәресіне жеткен. Күй аспаптары туралы деректі пайымдаулар, ғылыми түйіндеулер аса қисындылығымен назар аудартаындығы шындық.

Қазақ халқының ертеден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі бойынша кез – келген күй тартылыс бұрын домбырашы, сол күйдің шығарушысы, шығару себебі, күйлердің тартылу ерекшелігі, күйді кімдердің жеткізгені және қазіргі тандағы жағдайы жайында толық мағлұмат беретін әңгімесін айтып алады.

Бір сөзбен айтқанда, күй аңыз дегеніміз - белгілі бір тартылатын күйдің шығу себебі туралы айтылатын, күйдің бұрынғы - соңғы деректерінен толық мағлұмат беретін аңыз әңгіме.

Отанын, ар - намысын қорғай білетін, жаны жайсаң, арлы азамат тәрбиелеу жолында отбасы мүшелерінен бастап, ауыл ақсақалдары, көнекөз қариялар мен ақын, жыршы, жырау, әнші, күйші сияқты өнер адамдарының бәрі белсене қатысатыны көпке аян. Ән күй мұраларының тәрбиелік мүмкіндіктері мен әдіс - амалы ұшан - теңіз, халықтың болмыс тіршілігімен, өмір тынысымен сабақтас бағалы казына. «Қазақ күйлерінің қоғам өмірімен, тарихымен тығыз байланыстылығы, ұжымдық шығармашылық сипаты, көркем образдылығы, философиялық ой тереңдігі, синкреттілігі, сан алуан жанрлығы, көп варианттылығы балалар мен жастардың түсінік - талғамын шарықтатып, көркемдік қажеттіліктерінің, адамгершілікті - эстетикалық идеалының қалыптасуына, әсемдікті қабылдай білуді үйренуіне ерекше қолайлы жағдай жасайды[5.58]. Жас ұрпаққа музыкалық эстетикалық тәрбие беру сөз бен музыканың бірлігі арқылы жүзеге асып отырды. Олардың негізінде халықтың педагогикалық мазмұны көрініс тапты, эстетикалық, этикалық, педагогикалық идеялары насихатталды. Сөйтіп қазақ отбасында балалар әнмен күймен өседі. Ән мен күйді ести жүріп, соларға еліктей отырып, өздері де өнерге үйренеді, музыкалық -эстетикалық және рухани бай болып қалыптасады, сөзге шебер, әнге ұста болуды, суырып салма ақындық өнерін меңгереді. Осылайша жастардың орындаушылық әрі шығармашылық шеберліктері шыңдалып, дамыйды. Сонымен түрлі жанрдағы әндер халықтың эстетикалық көзқарасын және оның әсемдік жөніндегі түсінігін білдіре отырып, балалар мен жастарға музыкалық - эстетикалық тәрбие берудің тиімді құралдарының біріне айналады. Өзінің әуезділігімен өмірдің, табиғаттың, тұрмыстың алуан түрлі құбылысына сан қилы музыкалық үн қосуымен, тамаша поэтикалық формасымен және терең мазмұнымен әндер айналадағы тұрмыс құбылыстарына шығармашылық көзқарасты қалыптастыруға жәрдемдесті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы: Өнер.,1985.
2. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958.
3. Сейдімбек А. «Қазақтың күй өнері». Астана, 2002 .
4. Тарақты А. Күй шежіре. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.
5. Мағауин М. «Қобыз сарыны». А., 1986.
6. Бердібаев Р. Эпос - ел мұраты. Алматы, 1995.
7. Бекхожина Т. Кюи-легенды // Народная музыка в Казахстане. Алма-Ата, 1966.
8. Қасақабасов С.А. Колыбель искусства. - Алма-Ата.: Өнер, 1992.
9. Джанибеков У. Эхо... «По следам легенды о золотой домбре». Алматы, Өнер, 1991.

КҮЙ АҢЫЗДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ

Балабеков Е.О. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің доценті, п.ғ.к.,
Киргизова Б.Х. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің аға оқытушысы
E-mail: balabekov1501@gmail.com

Аннотация: Мақалада күйлер туралы аңыздар қазақ халқының музыкалық шығарма - күй жасау тарихы туралы баяндайтын ауызша әдебиет жанры ретінде қарастырылады. Сондай - ақ, жас күйші-музыканттарды тәрбиелеудегі күй туралы аңыздардың маңызды орнына ғылыми талдау жасалады.

Аннотация: В статье легенды о кюях рассматриваются как жанр устной литературы казахского народа, рассказывающие об истории создания музыкального произведения - кюия. Также, дается научный анализ на важное место легенд о кюях в воспитании молодых кюйші - музыкантов.

Abstract: The article considers legends about kyuis as a genre of oral literature of the Kazakh people, telling about the history of the creation of the musical work kyui. Also, a scientific analysis is given of the important place of legends about kyuis in the upbringing of young kyui musicians.

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті өмір сүру салтымен тығыз байланыста дамыған. Әрбір күйдің шығу тарихы бар, оны шығарған автордың өміріне, шығармашылығына байланысты да кездесетін әңгіме аңыздар баршылық. Күйшілік өнерді меңгеруде сол күй туралы аңыз - әңгімелерді білудің маңызы ерекше зор. Соған байланысты аңыздарды зерттеп, оларды күйді орындар алдында айтып беру күйді түсініп тыңдауға жағдай жасайды.

Қазақ халқының рухани өмірінде аңыз - әңгімелер өте көп, оның ішінде музыкалық аспаптарға қатысты, және күй аңыздары ежелгі атам заманнан бері атадан балаға жетіп, және осы уақытқа дейін сақталып келеді. Соған қарамастан, қазіргі таңда күй аңыздары этномузикатанушылар мен орындаушы - күйшілер тарапынан жеткіліксіз зерттеліп, айтылмай келеді. Әйтсе де, күй аңыздары туралы Қ.Жұбанов, Р.Бердібаев, Т.Бекхожина, Е.Тұрсынов сияқты ғалымдардың көлемді еңбектері баршылық. Күй аңыздарына музыка зерттеушілерге қарағанда әдебиеттанушы ғалымдар көбірек көңіл аударған және олар бұл жанрды жеке фольклорлық туынды ретінде қарастырғанын байқаймыз. Қазақтың ежелгі күй аңыздары тотем, магия, бақсыларға деген сенім - нанымнан туған. Күй аңыздарына алғаш рет арнайы көңіл аударып, оған жанрлық сипаттама беріп, аңыздарға ғылыми талдау жасай отырып, күй аңыздарын тарихи кезеңдерге бөлген әйгілі зерттеуші, ғалым Тарақты А. [1]. Домбыра аспабының керемет сакралды қасиеті - тілсіз сөйлеу. Аспап - күй арқылы иесінің барлық ішкі шерін, ойын жеткізе біледі. Сондықтан да күйдің

шығу тарихы, аңыз күй өнерімен бірге туып, бірге келе жатқан оның айрылмас сыңарындай. Халық арасында шебер орындаушы мен қатар, сөзге шебер күйшілер де тараған. Соған байланысты, күй тартар алдында айтылатын аңыз - әңгімелерді айту дәстүрі қалыптасқан. Әр күйдің шығу тарихы, көркемдік маңызы сол күйге байланысты ауызша айтылатын әңгімелерге тікелей тәуелді және күй сазының өзіндік бітім болмысы да оның мәтіндік мағынасына орай құрылады. Музыка мен сөздің бірлігі мағынасы жағынан әрі композициялық жағынан бір тұтастығы - күйдің синкретті жанрға жататынын белгілі музыкатанушы ғалым А.Мұхамбетова жазған болатын [2]. Ғалым күйлерді екі түрге бөлген. Біріншісі - аралас: әңгіме барысы музыкалық үзіндімен толықтырылып, немесе толық күйге аспаптық эпизодтарды кіргізумен жеткізіледі, яғни, күйдегі басты кейіпкерлердің тікелей сөзі немесе қимылдары музыкамен толықтырылады (аңыздағы күй, күй-аңыз). Мысалы, «Таңсаңшы ойбай, таңсаңшы», Құрманғазы «Не кричи, не шуми». Сонымен қатар, кейіпкерлердің іс-әрекетін музыкалық үзінді аңызда, салт туралы айтылғанда толықтырылады, мысалы, «Ақсақ құлан» күйінде жоқтау, естірту салты бар. Бұл топқа көбінесе ежелгі күйлер жатады. Сөз фольклорлық шығармаларына яғни ертегі, әңгіме, аңыздарға аспаптық қана емес, сонымен бірге әндік эпизодтар да енгізілген. Бұл туралы ғалым Т.Бекхожинаның [3] еңбегінде жазылған. Екіншісі – жеке: Аңыз-әңгіме айтылып болған кейін ғана күй орындалады, яғни әңгіме арқылы тыңдаушыға күйдің музыкалық, эмоциялық, эстетикалық мәні барынша түсінікті болады содан кейін күй орындалады (күй аңызбен, күй және аңыз). Бұл топқа авторлық күйлер жатады, яғни, күйдің өзі де, аңызы да сол күйді шығарушының өмірімен тікелей байланысты дүниеге келеді. Мысалы, Құрманғазының «Ақсақ киік» күйі, Құрманғазының аңға деген аяныш сезімі, аңшылардың әрбіреуінің және аңның қимылы айтылады.

Күй аңызы тек тыңдаушыны ғана емес, таратушыны да ерекше шабытқа бөлеп, күйді беріле тартуына себеп болады және аңыздар халқымыздың тарихи ахуалынан хабар берерлік ең мол шежіре екенін пайымдатады. Осыған байланысты музыка зерттеуші Т.Сарыбаев «Күй аңызы – белгілі бір күйді басқа күйлермен шатастырып, алуға жол бермейтін «паспорт» қана емес, оның мәні әлдеқайда зор, ол белгілі бір күйді тудырған орта мен жағдай туралы бағалы ақпарат беріп қана қоймайды. Байыптап ден қойғанда, күй аңызының ақпараттық ауқымы мен бітім - қасиеті «паспорттық» деректен әлдеқайда өрелі екенін айқын аңғартады» [4] деген құнды пікір айтады. Өкінішке орай, күй аңыздарының осы аталып отырған айтылу, қолдану дәстүрі жоғалып бара жатыр. Күй бір бөлек, орындаушысы бір бөлек, аңызы бір бөлек бола алмайды. Сондықтан да, бұл синкретті жанрды бір тұтас дамыту үшін, арнаулы музыкалық оқу орындарында болашақ күйші мамандардың мамандық пәні сабақтарында да арнайы бағдарламамен күй аңыздарын оқыту керек.

Өзінің қалыптасу болмысына зер салсақ, күй аңыздары өте ерте замандар тұңғйығына тартатынын ғалым Ақселеу Сейдімбектің төмендегі жіктеулері көрсетеді: Мифтік күй аңыздары, Әпсаналық күй аңыздары, Аңыздық күй аңыздары, Жағдаяттық күй аңыздары. Құдіретті күй өнерін осылайша жүйелеп

алып, өзінің ғылыми негіздеулеріне қатысты дәлелді жауаптар береді. Мәселен: Мифтік күй аңыздарына - «Таукүдірет», «Қызылқан», «Шұбар киік» және т.б. күйлердің жататыны, олардың мифтік санаға қатыстылығын құрылымдық жағынан терең түсіндіріп берген. Эпсаналық күй аңыздарына «Шақыру», Қорқыттың «Тарғыл тана», «Елім-ай», «Халқым-ай», «Желмая» күйлері және «Қос мүйізді Ескендір», Асанқайғының «Зар», «Желмая», «Ел айырылған», «Асанқайғы сарыны», Байжігіттің «Қайың сауған» күйлері мен таза эпсаналық сипаттағы «Жорға аю», «Балжыңгер», «Ақсақ қыз», «Көк төбет» т.б. күйлері жатқызылса; Аңыздық күй аңыздарына - Кетбұғаның, Бейсенбінің, Боғданың, Дайрабайдың, Құрманғазының және т.б. күйлердің аңызға айналуы мен бірнеше нұсқаларының пайда болуының фольклорға тән екендігін мойындатады. Жағдаяттық күй аңыздарына «Қыз қашқан», «Қағытпа» күйлері жататындығы және бұл терминдерді фольклорда алғаш қолданушы екендігін дәйектеген. Күй өнерінің пайда болуы және оның аңызға айналып кету себебін тұрмыс-тіршілікпен, тарихи оқиғалармен сабақтастыра қарау арқылы ғылыми еңбек өз мәресіне жеткен. Күй аспаптары туралы деректі пайымдаулар, ғылыми түйіндеулер аса қисындылығымен назар аудартатындығы шындық. Жазушы, журналист, күйші, сазгер Ақселеу Сейдімбектің сан - қырлылығына ғалымдығы қосылғанда қолдаушы көп болды. Ат төбеліндей өздерін ғалым атандырып, данышпан санап жүрген аз ғана топ қана аяқтан шалып, «журналисттік пайымдау ғой», «ғылыми негіздемелері айтарлықтай емес» деген сөздерді күңкілдей айтқандар да болған екен. Бұған мынадай жауаптар жарасатын секілді. Орта Азия мен Қазақстан топырағынан өнген, ұлттық музыканың біртуар тұлғалары: Қорқыт, Қойлыбай бақсы, Кетбұға, Асанқайғы, Байжігіт, Нысан абыз, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Ықылас, Тоқа, Дайрабай, Сүгір, Диналар күйлерін нота біліп тартып па, жоқ әлде олардың ізін жалғастырған күйшілеріміз солардың жазып кеткен ноталары бойынша күйлерін үйренген бе екен.

Қазақ фольклоршыларының ішінде алғаш эпсана терминін жанрлық атау ретінде танып, жанрлық ұғым деңгейінде қолдана бастаған адам Ә.Марғұлан болатын [5]. Бірақ, ол кісі эпсананы фольклорлық жанр ретінде арнайы қарастырған емес. Бұл ретте қазақ фольклоршыларының арасында тұңғыш рет эпсанаға дербес жанр ретінде ден қойып, оның жанрлық ерекшеліктерін жан - жақты сипаттап берген фольклоршы - С.Қасқабасов. Эпсана жанрына С.Қасқабасов былай деп анықтама берген: «... Эпсана хикаяттың мақсаты - баяғыда болған, немесе болды деген бір керемет оқиғаны, іс - әрекетті немесе жағдайды көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру... Эпсана - хикаят деп кейде ертеде болған оқиғаны көркемдей баяндайтын, бірақ көбінесе ойдан шығарылған, я болмаса кітаби және діни сюжетті барынша әрлеп, әсірелеп, әңгімелейтін прозалық шығармаларды айтамыз» [6] бұл анықтамада эпсананың жанрлық сипаты айқын әрі дара. Дәл осы қасиеттерді бойына дарытқан эпсаналар күй аңыздарының құрамынан да жиі ұшырасады.

М.Ғабдуллин аңыз жанры туралы: «Аңыз - әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісін, өмірін

әңгімелеу негізінде туған. Әуел басында тарихи шындыққа, нақтылы деректерге негізделіп туған әңгімелер кейіннен халықтың ауызша айтатын аңыздарына айналған», - дейді [7].

Жинақтап айтқанда қазақ фольклорының халық прозасы, ертегіге жатпайтын прозасы сияқты салаларына ден қоя отырып, күй аңыздарының төл ерекшеліктерін ашып көрсету барысында аталған авторлардың қай қайсысында да еңбектері тақырыпты игеруге септігін тигізетінін және ол еңбектерің тақырыпқа тікелей қатысты түйінді ойлар мен дәлелді тұжырымдардың мол екенін айрықша атап өткен жөн.

Әдеби, фольклорлық және этнографиялық пайымдаулар арқылы халықтың төлтума мәдениетіне ден қоюдың шетелдік ғалымдар арасында қалыптасқан дәстүрі бар. Бұл орайда, фольклордың тек - тамырын тануда, жанрлық табиғатын саралауда, симиотикалық және құрылымдық теориясымен негіздеуде, сондай ақ, этникалық және этномәдени үрдістердің проблемаларын бажайлауда К. Леви – Стросс, Р. Якобчин, Д. Фрезер, А. Н.Веселовский, В.Я. Пропп, В.М. Жирмунский, М.Н Вахтин, П.Г. Богатырев, Е.М. Метинский, Б. Н. Петитов, В.Е. Гусев, Д.С. Лихачев, В.В Иванов, В.Н Топоров т.б. қатарлы ғалымдардың ілгері теориялық еңбектері айрықша құнды. Әрине, бұл ғалымдардың еңбектерінде кереғар пікірлердің, даулы ой тұжырымдардың болуы әбден мүмкін. Алайда, халықтың руханы әлемін танып түсіну жолында теориялық және әдіснамалық (методологиялық) бағдаршы бола алатынына күман жоқ.

Ғалым – зерттеушілердің пікірі бойынша осы уақытқа дейін қазақтың бес мыңдай күйі тіркеуге алынған. Яғни, соншама күй аңызы бар деген сөз. Өйткені қазақтың дәстүрлі күйлерінің бірде бірі себепсіз дүниеге келмеген. Әрбір күйдің қосарлана айтылатын әңгімесі бар. М.Әуезовтың сөзімен айтқанда, «күй аңыздарының көп екенін ел біледі, бірақ кітап, баспа білмейді» [8] сондықтан да зерттеу еңбекте ұңғыш рет күй аңыздары қазақ фольклорының арналы бір саласы ретінде қарастырылып, өзіндік төл сипаттарын саралап көрсетуге мән беріліп отыр. Мұнан бұрын М.Әуезов, А.Жұбанов, С.Қасқабасов қатарлы ғалым – зерттеушілердің еңбектерінде күй аңыздарының мол екені, қазақ фольклорының дербес үлгісі екені, өзіндік ерекшеліктері бар екені, жол жөнекей айтылғаны болмаса сол қасиеттері арнайы сараланып зерттелген емес. Сондықтан да алғаш рет күй аңыздарының тарихи негіздеріне ден қоюға, жанрлық ерекшеліктерін жан жақты ашып көрсетуге, құрылымы мен сюжет құраудағы төл сипаттарын бажайлауға, композициялық және көркемдік қасиеттерін қарастыруға айрықша ден қойылып отыр. Халқымыздың мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы, замана сүзгісінен өтіп, бүгінгі ұрпақтың еншісіне жеткен күй өнері қашаннан дәстүрлі өнердің қаймағы саналған. Күй өнерінің негіздерін үйрену өскелең ұрпақты тәрбиелеудің қажетті элементі болып табылады. Ерте заманнан бері халқымызбен жасасып келе жатқан, оның рухани серігіне айналған күй өнері әліде өзінің эстетикалық, педогогикалық орнын жоймаған. Музыкалық білім беру ісін мәдениет моделі ретінде дамыту мақсаты оның үйлесімділігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тарақты А. «Күй шежіре». – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.
2. Мұхамбетова А.И. Народная инструментальная музыка казахов: генезис и программность в свете эволюций форм музицирования. Ленинград: Музыка. 1967.
3. Бекхожина Т. Кюи-легенды // Народная музыка в Казахстане. Алма-Ата, 1966.
4. Сарыбаев Т. Функция синкретического музицирования в дореволюционном Казахстане. Известия Ан КазССР. 1968. №1
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. А., 1985.
6. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. А., 1984.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоғары дәржелі оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы.- Алматы, 1958.
8. Әуезов М. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. – Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он жетінші том. 1985.

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Қонбаева М. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің аға оқытушысы,
Бертай А. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің магистр, оқытушысы
E-mail: mkonbaeba@bk.ru

Аннотация: Бұл мақалада қазақ музыкалық өнері өскелең ұрпақты тәрбиелеу және қазақ халқының өзіндік мәдени құндылықтарын сіңіру құралы ретінде қарастырылады.

Аннотация: В этой статье рассматривается казахское музыкальное искусство как вид инструмент воспитания подрастающего поколения и привитие самобытных культурных ценностей казахского народа.

Abstract: Kazah notional music, contemporary and folk arts are described in the article. Special attention is paid to the education of young generation in the spirit of love for cultural values of Kazakh people.

Жалпы музыка өнері туралы сөз қозғағанда біз шығарманың көркемдік қуаты төңірегінде ғана ой айтамыз да, оның адамға беретін эмоциялық, эстетикалық тіпті медициналық тұрғыдағы әсерін қаперге де алмаймыз.

Музыканың да жағымды, жағымсызы болады. Бұл туралы Ұлы Абай «Әннің де естісі бар, есері бар» бір ақ ауыз сөзбен түйіндеп айтқан.

Бұл орайда ондаған мысал келтіруге болады. Айталық, үйіңізден аттап шықсаңыз болды, қоғамдық транспорт, кафе, ресторан офис дейсіз бе, тіпті дерлік барлық компьютерлерден санаңызды тұмшалаған әулекілікті қоздыратын қиратушы әуенді естисіз. Бұған теледидардан күнделікті берілетін қойыртпақ даңғазаны қосыңыз. Екінші бір көрініс, Қазақстанға, жалпы алғанда шетелдік ансамбльдер жиі ат басын бұрып, концерт қоюға құмар – ақ. Неге десеніз, дүниетанымы дұбараланып, музыкалық талғамы қарабайырланған жастары бар бұл ел – ақша жасау үшін таптырмайтын рынок. Және мұндай концерттер 40-50 мыңдай адамды сыйғызы алатын стадиондарда өтіп жүр. Ал енді дәл осы жерлерге Қазақ өнерінің қаймақтары Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Роза Бағланова, Әлібек Дінішев, Нұржамал Үсенбаева, Шахмардан Есенов, Майра Мұхамедқызы, Бекболат Тілеуханов, Рамазан Стамғазиев, Қаршыға Ахмедияров, Айгүл Үлкенбаева т.б. келер болса осыншама көрермен жиналар ма еді? Күмәнім бар.

Бұл сонда нені көрсетеді? 300 жылдай отар болған Қазақтың басынан бақайшығына дейін өзге мәдениетке тәу еткізіп, өз ұлттық мәдениетіміз бен өнерді тәрк еткізу емей немене! Бұл жерде басқа халықтың музыкасын жоққа шығарып отырған жоқпыз. Мәселе қандастарымыздың, әсіресе жастардың өз ұлтының мәдени құндылықтарына деген құрметінің жоқтығында болып отыр. Бұл ахуал бір күнде не болмаса бір жылда қалыптаса қалған жоқ. Бүтіндей бір ұлтты өзінің рухани бастауларынан айыру тенденциясы сонау патшалы ресей дәуірінен бастау алып, кешегі кеңес империясы кезінде де үздіксіз жүріп отырды. Қазақтың ғасырдан – ғасырға жалғасып келе жатқан ғажайып дәстүрлі өнері өзге мәдениеттің тасасында қалып, жұтылудың аз – ақ алдында тұрды. Ұлттық өнерімізді басқа ұлттың көзімен баға берубұлжымас заңға айналды. Сөйтіп мың жылдық тарихы бар Ұлы дала мәдениеті жас ұрпақ бойына сіңірілмей, уызына жарымаған баланың күйін кешті. Нәтижесінде домбыраның дың еткен дауысына селт етпейтін, тілдері өзге тілде шығып, жат мәдениетті игеру арқылы жетілген адам болып көрінгісі келетін, тіпті Қазақ болып туылғанына өкінетін тұтастай бір маргинал ұрпақ қалыптасты. Бұл – қазақ ұлтының ең басты қасіреті еді.

Ал, енді кейінгі ұрпақ өз қағынан жерінетіндей Қазақтың ұлттық музыкасы, жалпы рухани әлемі соншалықты жұтаң ба еді? Бұл орайда тарихқа жүгінейік. Бағзы замандардан – ақ Қазақтың рухани өресінің биік болғанын шетелдің ғалымдар, этнограф – зерттеушілер, жиһанкездер өздерінің қолжазбаларында жазып қалдырып отырды. Тіпті, бертін келе Ресейдің бодандығында болған, Қазақты «сауатсыз», «бұратана» деген кезеңдердің өзінде де әлемнің ең прогресшіл адамдары Қазақ музыкасына, тіліне деген өздерінің жүрекжарды ыстық лебіздерін білдірді емес пе? Олардың қатарына Клеменц, Бартольд, Родлов, Ромен Роллан, Анри Барбюс т. б. Көптеген тұлғаларды жатқызуға болады. Осылай бағаланған ұшан – теңіз рухани әлеміміз бола тұра, кейде «біз барымызды бағалай алмай жүрген ұлтпыз - ау» деген ой келеді. Себебі, «қолда бар алтынның қадірі жоқ» дегендей өзіміз

қадіріне жетпеген ұлттық музыкаға шетелдіктер көзін жұмып, аузын ашып жатса бұлай демегенде қалай деуге болады? Осыған орай нақты бір – екі мысал келтіре кетейік.

Белгілі француз жазушысы – драматург әрі музыка зерттеушісі Ромен Роллан Әміре Қашаубаевты Парижде тыңдаған соң « Мен Әміредей әншіні сирек кездестірдім» деп жазса, Француздың тағы бір ұлы жазушысы Анри Барбюс «Мен шығыста әншісін бұлбұл құсқа неліктен теңейтінін енді түсіндім» деп тәнті болған екен. Ал, Ұлы Құрманғазы жөнінде орыстың журналисі Н.Савичев «Құрманғазы сирек кездесетін аса музыкалы жан. Егер ол консерваториялық білім алса, музыка әлемінде ең жарық жұлдыз болар еді» деп жазады. Шынында да Құрманғазы Сағырбаев ешқандай консерватория бітірмесе де, әлемдік музыка дүлдүлдерімен қатар тұрған тұлға деп қазіргі таңда толық айта аламыз. Оған көптеген дәйектер негіз бола алады. Соның бір айғағы ретінде мына жағдайларды айтсақ та жеткілікті. Құрманғазы атындағы оркестр 1948 жылы Мәскеудегі Композиторлар одағында концерт қояды. Концертте Ұлы композитордың «Серпер», «Адай», «Сарыарқа» күйлері орындалған кезде залда қызық оқиға орын алады. Мәскеуліктер бәрі орынынан тұрып «Браво! Браво! Автора на сцену...» деп дуылдата қол соғып тұрыпты. Құрманғазының кім екенін білмейтін көрермендерге оның ғажайып туындылары осылай керемет әсер сыйлағанын мен Ахмет Жұбановтың шәкірті, сол кезде оркестрде ойнаған профессор Құбыш Мұхитовтың өз аузынан естіген едім. Ал, 1975 жылы оркестрдің Франциядағы концерті туралы белгілі қоғам қайраткері, дауылпаз ақын Олжас Сүлейменов былай дейді: «И вот на сцену вышел оркестр имени Курмангазы, кюй «Серпер». Поймут ли, примут ли Фрацузы кюй? Эти мысли заставляли меня трепетать от нетерпения и волнения. Могучая мелодия кюя захватила зал. После ее оканчания раздались такие оглушительные опладисменты, что я, наконец, пришел в себя. Зрители очень горячо принимали оркестр. После исполнения каждого номера они бурно выражали свой восторг».

Тағы бір мысал; Оркестр Венгрияда өнер көрсетіп, бір концертте Құрманғазының «Ақбай» күйін орындайды. Концерт аяқталған соң венгерліктер «бұл кімнің шығармасы» деп таңдана сұрайды. Сонда, ешқандай музыкалық білімі жоқ адамның қолынан шыққан дүние екеніне таң– тамаша болған олар «Ақбайды» «Бетховеннің шығармаларымен терезесі тең тұрған туынды» деп баға бергенін оркестрдің дирижоры болған Алдаберген Мырзабековтың айтқаны бар. Осы жерде күй туралы аз – кем тоқтала кетейік. Замананың заңғар жазушысы Мұхтар Ауезов былай дейді: «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулысы, ең терең сырлысы – күй. Күйдің тіліндей бай тіл Қазақтың әнінде жоқ». Ұлы жазушы дұрыс айтады. Қазақ – тілмен айтып жеткізе алмаған ойын күймен айтып жеткізген халық. Оның мысалы ретінде халық күйі «Ақсақ құлан», Ақбикештің күйі «Айнам қалды», Қазанғаптың күйлері «Домалатпай», «Шыныаяқ тастар» т.б. айтуға болады.

Күй – аспаптық музыка. Бір ғажабы, осы күйлерді өмірге әкелген бабаларымыз музыка теориясынан хабары болмаса да, ешқандай нота танымаса

да, бұл туындыларды бейне бір оркестрге арнап шығарған сияқты. Және күйлердің басым бөлігінің дыбыс көлемі бар – жоғы екі октавадан сәл ғана асатын домбыра аспабында шығарылуы шын мәнінде танданыс тудыратын жағдай.

Жоғарыда айтылғандай венгрліктердің күйлерімізді өте жоғары бағалап, ұлы классиктердің шығармаларымен қатар қоюының өзі көп жағдайды аңғартса керек.

Осы жерде мынандай бір ой келеді. Музыкада опера, симфония, кантата, оратория, сюита, увертюра, марш, оперетта, вальс, рондо сияқты тағы да басқа әр ұлттың тілінен енген жанрлар бар. Өзінің формасы жағынан осылардың ешқайсысынан кем түспейтін ұлттық күйімізді жанр ретінде неге музыкалық терминология енгізбеске?

Мақаланың басынан бастап ұлттық музыкаға біршама шолу жасағандағы айтпағым, осыншама ұшан - теңіз рухани әлеміміз бола тұра, біздің қазіргі жастарымыз неге өз ұлттық мәдени құндылықтарымызды қадір тұтпайды? Неге осы сарқылмас бай қазынамыз ұлттық тәрбиенің ұстыны болмасқа? Тәрбиенің қайнар көзінің бір бұлағы музыка емес пе? Кезінде Бауыржан Момышұлы: «Болашақта бала емізіп отырып, бесік жырын айтатын келіндер қалмай ма?» деп заманның ауанынан тіксінген екен. Ұлы қолбасшы меңзеген жайт қазір дөп айналып келген жоқ па? Ендеше не істеуіміз керек? Қайтсек ұлттық музыкамыз әрбір Қазақтың күнделікті қажеттілігіне айналады? Бұл орайда, біздіңше ұлттық музыкамызды насихаттау ісі мемлекеттік деңгейде барынша жандануы тиіс. Қазір әлемнің көптеген елдерінде ана тілінің мемлекеттік тіл ретінде үстемдік құруы былай тұрсын, тіпті барлық көпшілік орындарда тек отандық музыканы насихаттау қатаң назарда ұсталады. Бұл ұлттың рухын көтеруге арналған пәрменді шара болып есептеледі. Ал, жоғарыда Баукең айтқан «Бесік жырының» алар орыны тіпті ерекше.

Бала тәрбиесі құрсақтан басталады десек, ананың көңілді жүруімен қатар ұлттық әуенді ыңылдап айтуы, ана тілінде сөйлеуі, осының бәрі де іштегі балаға оң ықпал етіп, оның толыққанды өз ұлтының өкілі болып, дүниеге келуіне зор септігі барын ғалымдар дәлелдеп отыр. Тіпті, қазір адамды музыкамен емдейтін арнайы ауруханалардың бар екені белгілі.

Қазір бізге де нағыз рухты жандандыратын кез келді. Ол тек төлтума мәдениетімізді, ұлттық өнерімізді, тілімізді, дінімізді, әдет – ғұрпымызды кеңінен насихаттағанда ғана кеңінен жүзеге асатын болады. «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатпайық» дегендей, бұл әрбір Қазақ баласының бойында басқа ұлттардың мәдениетін құрметтей отырып, өз ұлтының ұлан – ғайыр мыңжылдық төлтума мәдениетіне деген мақтаныш сезімін тудыру үшін қажет. Қазір мвна жаһандану деген аждаһаның жұмырына жұтылып кетпес үшін әрбір ұлт өзінің қайнар бастауларына ден қоюы қажет.

Жалпы, музыканың адам жанын ізгілендіруде гуманистік сипат берудегі рөлі орасан зор. Ал оның жастар тәрбиесіндегі, әсіресе сәбиге берер эмоциялық әсері ерекше болмақ. Сол себепті ата – бабадан қалған асыл мұрамызды тәрбие ісіне кеңінен қолдану – келешек ұрпақтың рухани кемел болуының кепілі екенін ұмытпағанымыз абзал.

Қазір еліміздегі жас жеткіншектерге эстетикалық музыкалық тәрбие беру ісіндегі орашалақтықтарды жоя отырып, бұл істі түбірімен қайта құру керек. Мәселе әрбір жас түлектен әлемдік деңгейдегі өнер жұлдызын шығару емес, сол өнер арқылы биік рухты ізгілігі мол, рухани өресі биік, үлкен әріпті Адам тәрбиелеу. Бұл орайда ана тілінің орыны үлкен. Ұлттық менталитет жас ұрпақ бойында тәрбие жұмыстары тек осы тілде жүргенде ғана қалыптасатын болады.

Қорытындылай келе айтқанда, желкілдеп өсіп келе жатқан жас өскіннің бойына өз ұлтының бүкіл болмысын қалыптастыруда ана тілімен қатар ұлттық музыканың алар орыны да ерекше.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А. Жұбанов «Құрманғазы», 1961ж
2. М.Е. Омаров «М.Ауезов және өнер», 21 – бет. 2001ж
3. Жұлдыз журналы. 1985ж
4. З.Кариев «Солнечный голос», 51 бет. Алматы, «Өнер» баспасы, 1988ж

СУЩНОСТЬ И РАЗВИТИЕ МУЗЫКАЛЬНОЙ ПАМЯТИ У ШКОЛЬНИКОВ МЛАДШЕГО ВОЗРАСТА

Гевич С.Н. – профессор университета Дружбы Народов имени академика А.Куатбекова

Аннотация: *Кез келген басқа когнитивті психикалық процестер сияқты есте сақтаудың белгілі бір ерекшеліктері бар. Жадтың негізгі сипаттамалары: көлемі, жазу жылдамдығы, қайта шығару дәлдігі, сақтау ұзақтығы, сақталған ақпаратты пайдалануға дайындығы.*

Аннотация: *Как и любые другие когнитивные психические процессы, память имеет определенные особенности. Основные характеристики памяти: объем, скорость записи, точность воспроизведения, длительность хранения, готовность к использованию хранимой информации.*

Abstract: *Memory, like any other cognitive mental process, has certain characteristics. The main characteristics of memory are: volume, speed of imprinting, accuracy of reproduction, duration of storage, readiness to use the stored information.*

Память, как и любой другой познавательный психический процесс, обладает определенными характеристиками. Основными характеристиками памяти являются: объем, быстрота запечатления, точность воспроизведения,

длительность сохранения, готовность к использованию сохраненной информации.

Объем памяти — это важнейшая интегральная характеристика памяти, которая характеризует возможности запоминания и сохранения информации.

Быстрота воспроизведения характеризует способность человека использовать в практической деятельности имеющуюся у него информацию. Как правило, встречаясь с необходимостью решить какую-либо задачу или проблему, человек обращается к информации, которая хранится в памяти.

Точность воспроизведения отражает способность человека точно сохранять, а самое главное, точно воспроизводить запечатленную в памяти информацию. Длительность сохранения отражает способность человека удерживать определенное время необходимую информацию. Например, человек готовится к экзамену. Запоминает одну учебную тему, а когда начинает учить следующую, то вдруг обнаруживает, что не помнит то, что учил перед этим. Иногда бывает по-другому.

Запоминание — это процесс запечатления и последующего сохранения воспринятой информации. По степени активности протекания этого процесса принято выделять два вида запоминания: непреднамеренное (или произвольное) и преднамеренное (или произвольное).

Непреднамеренное запоминание — это запоминание без заранее поставленной цели, без использования каких-либо приемов и проявления волевых усилий. Это простое запечатление того, что воздействовало на нас и сохранило некоторый след от возбуждения в коре головного мозга. Лучше всего запомнится то, что имеет жизненно важное значение для человека: все, что связано с его интересами и потребностями, с целями и задачами его деятельности.

В отличие от произвольного запоминания произвольное (или преднамеренное) запоминание характеризуется тем, что человек ставит перед собой определенную цель - запомнить некую информацию - и использует специальные приемы запоминания. Произвольное запоминание представляет собой особую и сложную умственную деятельность, подчиненную задаче запомнить.

Главная особенность преднамеренного запоминания — это проявление волевых усилий в виде постановки задачи на запоминание. Многократное повторение позволяет надежно и прочно запомнить материал, во много раз превышающий объем индивидуальной кратковременной памяти.

Запоминается, как и осознается, прежде всего то, что составляет цель действия. Однако то, что не относится к цели действия, запоминается хуже, при произвольном запоминании, направленном именно на данный материал. При этом все же необходимо учитывать, что подавляющее большинство наших систематических знаний возникает в результате специальной деятельности, цель которой - запомнить соответствующий материал, с тем чтобы сохранить его в памяти. Такая деятельность, направленная на запоминание и воспроизведение удержанного материала, называется анемической деятельностью.

По другому признаку - по характеру связей (ассоциаций), лежащих в основе памяти, - запоминание делится на механическое и осмысленное.

Механическое запоминание — это запоминание без осознания логической связи между различными частями воспринимаемого материала. Основой механического запоминания являются ассоциации по смежности.

В отличие от этого осмысленное запоминание основано на понимании внутренних логических связей между отдельными частями материала.

Если сравнивать эти способы запоминания материала, то можно прийти к выводу о том, что осмысленное запоминание намного продуктивней. При механическом запоминании в памяти через один час остается только 40 % материала, а еще через несколько часов - всего 20%, а в случае осмысленного запоминания 40% материала сохраняется в памяти даже через 30 дней.

Осмысление материала достигается разными приемами, и прежде всего выделением в изучаемом материале главных мыслей и группированием их в виде плана. Полезным приемом осмысления материала является сравнение, нахождение сходства и различия между предметами, явлениями, событиями и т. д.

Важнейшим методом осмысленного запоминания материала и достижения высокой прочности его сохранения является метод повторения. Повторение - важнейшее условие овладения знаниями, умениями, навыками. Но, чтобы быть продуктивными, повторения должны отвечать определенным требованиям.

Во-первых, заучивание протекает неравномерно: вслед за подъемом в воспроизведении может наступить некоторое его снижение.

Во-вторых, заучивание идет скачками. Иногда несколько повторений подряд не дают существенного прироста в припоминании, но затем, при последующих повторениях, происходит резкое увеличение объема запомненного материала.

В-третьих, если материал в целом не представляет труда для запоминания, то первые повторения дают лучший результат, чем последующие.

В-четвертых, если материал труден, то запоминание идет, наоборот, сначала медленно, а потом быстро. Это объясняется тем, что действия первых повторений из-за трудности материала недостаточны и прирост объема запоминаемого материала возрастает лишь при многократных повторениях.

В-пятых, повторения нужны не только тогда, когда мы учим материал, но и тогда, когда надо закрепить в памяти то, что мы уже выучили. При повторении наученного материала его прочность и длительность сохранения возрастают многократно.

Очень важно также правильно распределить повторение во времени. В психологии известны два способа повторения: концентрированное и распределенное. При первом способе материал заучивается в один прием, повторение следует одно за другим без перерыва. При распределенном повторении каждое чтение отделено от другого некоторым промежутком. Исследования показывают, что распределенное повторение рациональнее концентрированного. Оно экономит время и энергию, способствуя более прочному усвоению знаний.

Очень близок к методу распределенного заучивания метод воспроизведения во время заучивания. Его суть состоит в попытках воспроизвести материал, который еще полностью не выучен. Например, выучить материал можно двумя способами:

—ограничиться только чтением и читать до тех пор, пока не возникнет уверенность, что он выучен;

—прочитать материал один - два раза, затем попытаться его произнести, после чего снова прочитать его несколько раз и вновь попытаться воспроизвести и т.д.

—Эксперименты показывают, что второй вариант намного продуктивнее и целесообразнее. Заучивание идет быстрее, а сохранение становится более прочным.

Успех запоминания во многом зависит от уровня самоконтроля.

Проявлением самоконтроля являются попытки воспроизвести материал при его заучивании. Такие попытки помогают установить, что мы запомнили, какие ошибки допустили при воспроизведении и на что следует обратить внимание в последующем чтении. Кроме того, продуктивность запоминания зависит и от характера материала. Наглядно-образный материал запоминается лучше словесного, а логически связанный текст воспроизводится полнее, чем разрозненные предложения.

Сохранение - процесс активной переработки, систематизации, обобщения материала, овладения им. Сохранение заученного зависит от глубины понимания.

Хорошо осмысленный материал запоминается лучше. Сохранение зависит также от установки личности. Значимый для личности материал не забывается.

Забывание происходит неравномерно: сразу после заучивания забывание сильнее, затем оно идет медленнее. Вот почему повторение нельзя откладывать, повторять надо вскоре после заучивания, пока материал не забыт.

Иногда при сохранении наблюдается явление реминисценции. Суть ее в том, что воспроизведение, отсроченное на 2 - 3 дня, оказывается лучше, чем непосредственно после заучивания. Реминисценция проявляется особенно ярко, если первоначальное воспроизведение не было достаточно осмысленным.

С физиологической точки зрения реминисценция объясняется тем, что сразу после заучивания, по закону отрицательной индукции, наступает торможение, а затем оно снимается. Установлено, что сохранение может быть динамическим и статическим. Динамическое сохранение проявляется в оперативной памяти, а статическое - в долговременной. При динамическом сохранении материал изменяется мало, при статическом, наоборот, он обязательно подвергается реконструкции и определенной переработке.

Прочность сохранения обеспечивается повторением, которое служит подкреплением и предохраняет от забывания, т. е. от угасания временных связей в коре головного мозга. Повторение должно быть разнообразным, проводиться в разных формах: в процессе повторения факты необходимо сравнивать,

сопоставлять, их надо приводить в систему. При однообразном повторении отсутствует мыслительная активность, снижается интерес к заучиванию, а поэтому и не создается условий для прочного сохранения. Еще большее значение для сохранения имеет применение знаний. Когда знания применяются, они запоминаются произвольно.

Воспроизведение и узнавание - процессы восстановления прежде воспринятого. Различие между ними заключается в том, что узнавание происходит при повторной встрече с объектом, при повторном его восприятии, воспроизведение же - в отсутствие объекта.

Воспроизведение может быть произвольным и произвольным.

Непроизвольное — это ненамеренное воспроизведение, без цели вспомнить, когда образы всплывают сами собой, чаще всего по ассоциации.

Произвольное воспроизведение - целенаправленный процесс восстановления в сознании прошлых мыслей, чувств, стремлений, действий.

Иногда произвольное воспроизведение происходит легко, иногда требует усилий. Сознательное воспроизведение, связанное с преодолением известных затруднений, требующее волевых усилий, называется припоминанием.

Качества памяти наиболее отчетливо обнаруживаются при воспроизведении. Оно является результатом и запоминания, и сохранения. Судить о запоминании и сохранении мы можем только по воспроизведению.

Воспроизведение - не простое механическое повторение запечатленного. Происходит реконструкция, т. е. мыслительная переработка материала: изменяется план изложения, выделяется главное, вставляется дополнительный материал, известный из других источников.

Успешность воспроизведения зависит от умения восстановить связи, которые были образованы при запоминании, и от умения пользоваться планом при воспроизведении.

Физиологическая основа узнавания и воспроизведения - оживление следов прежних возбуждений в коре головного мозга. При узнавании оживляется след возбуждения, который был протерен при запоминании.

Формы воспроизведения:

—узнавание - проявление памяти, которое возникает при повторном восприятии объекта;

—вспоминание, которое осуществляется при отсутствии восприятия объекта;

—припоминание, представляющее собой наиболее активную форму воспроизведения во многом зависящую от ясности поставленных задач, от степени логической упорядоченности запоминаемой и хранимой в ДП информации;

—реминисценция - отсроченное воспроизведение ранее воспринятого, казавшегося забытым;

—эйдетизм - зрительная память, долго сохраняющая яркий образ со всеми деталями воспринятого.

Забывание также наступает быстрее при умственном или физическом утомлении. Причиной забывания может быть и действие посторонних

раздражителей, мешающих сосредоточиться на нужном материале, например, раздражающих звуков или находящихся в поле нашего зрения предметов.

Подробный анализ научной и методической литературы по изучению проблемы развития музыкальной памяти у детей младшего возраста даёт основание утверждать, что, изучив различную методическую, педагогическую, психологическую литературу, проведя экспериментальные наблюдения и изучения их творческой активности на уроках музыки можно сделать выводы:

Развитию памяти помогает различный инструментарий на занятиях по классу гитары, фортепиано, хоровых занятий:

а) Активное включение учеников младшего возраста в игровые коллективные действия даёт возможность успешно развивать музыкальную память, с интересом сочиняют мелодии, элементарные танцевальные движения.

б) Проведенный анализ также подтверждает выводы многих известных методистов, учителей музыки, педагогов, психологов, что игровое элементарное музицирование является уникальным средством для развития музыкальной памяти детей и их способность к импровизации, творчеству, умению фантазировать, видеть и слышать окружающий мир по-своему.

в) Сильное воздействие на развитие музыкальных способностей детей оказывает увлечение их пением в хоре и игрой на музыкальных инструментах.

г) Развития способностей у детей к сопереживанию и проявлению чувства к эмоциональному миру людей помогают тренировки различных видов внимания, точной и быстрой реакции, умения слушать, активно воспринимать.

Особые требования представляются, исходя из этого, к преподавателю музыки. Уровень общей и музыкальной культуры преподавателя должен быть высоким: эрудиция по вопросам искусства в целом, музыкальный кругозор, художественно-исполнительское мастерство учителя, речевая культура (умение в различной поэтической форме выработать суждения о музыке).

Итак, музыкальная память представляет собой сложный комплекс различных видов памяти, но два из них - слуховой и моторный - являются для нее самыми важными. Логические способы запоминания, такие как смысловая группировка и смысловое соотнесение, улучшают запоминание и могут быть настоятельно рекомендованы молодым музыкантам, желающим продвинуться в этом направлении. Однако опора на произвольную или непроизвольную память может зависеть и от особенностей мышления музыканта-исполнителя, преобладания в нем мыслительного или художественного начала. Разные этапы работы требуют различных подходов к запоминанию, и известная формула И. Гофмана, относящаяся к способам разучивания музыкального произведения, может служить хорошим ориентиром в работе.

Правильное распределение повторений в процессе заучивания, когда делаются разумные перерывы и обращается внимание на активный характер повторения, также способствует успеху.

Достижение особой прочности запоминания характеризуется у музыкантов высокой квалификации переводом временных отношений музыкального произведения в пространственные. Возможность такого уровня запоминания обеспе-

чивается многократным проигрыванием музыкального произведения в уме, на уровне музыкально-слуховых представлений. Учителю музыки важно создать благоприятную психологическую обстановку для занятий ребенка, находить слова поддержки для новых творческих начинаний, относиться к ним с симпатией и теплотой.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Абдуллин Э.Б. Теория и практика музыкального обучения в общеобразовательной школе. - М., 1983.
2. Алексеев А.Д. Методика игры на фортепиано. – М.: Музыка, 1978.
3. Бочкарев Л.Л. Психология музыкальной деятельности. – М.: «Институт психологии РАН», 1997.
4. Гевич С. Хор пәнінің оқытылу әдістемесі. -Шымкент: ОҚМУ, 2003. 171 с.
5. Грибкова О.В. Теория практики формирования профессиональной культуры педагога-музыканта: дисс. Доктора пед. Наук – М., 2010. -366 с.
6. Григорьев В. «О развитии музыкальной памяти учащегося», из сборника статей Вопросы музыкальной педагогики». – М.: Музыка, 2015.
7. Кабалевский Д.Б. Про трех китов и про многое другое: Книжка о музыке. М., 1976.
8. Королева Е.А. Музыка в сказках, стихах и картинках. - М., 1994.
9. Кочнева И.С., Яковлева А.С. Вокальный словарь. - Л., 1986.
10. Кошмина И.В., Ильина Ю.В., Сергеева М.П. Музыкальные сказки и игры для детей дошкольного и младшего школьного возраста. - М., 2000.
11. Лифшиц И. Ритмика. - М., 1992.
12. Липс Ф. Искусство игры на баяне, методическое пособие для педагогов ДМШ, учащихся ССМШ, музучилищ, вузов. – М.: Музыка, 2004.
13. Маккиннон Л. Игра наизусть. – Л.: Музыка, 1967.
14. Муцмакер В. И. Совершенствование музыкальной памяти в процессе обучения игре на фортепиано. Москва, 1984.
15. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей. - М., 1947.
16. Цагарелли Ю.А. Психология музыкально-исполнительской деятельности. Учебное пособие. – СПб: «Композитор», 2008.

ӘНШІ КҮЛАШ БӘЙСЕЙІТОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сайрамбай Ж.Б. – Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университетінің оқытушысы

***Аннотация:** Мақалада көрнекті опера әншісі, КСРО Халық әртісі Күләш Байсейітованың өмірі мен шығармашылығы, оның орындаушылық*

шығармашылығы және Қазақ ұлттық вокалдық мектебінің қалыптасуындағы рөлі қарастырылады.

Аннотация: В статье рассматривается жизнь и творчество выдающейся оперной певицы, Народной артистки СССР Куляш Байсейитовой, ее исполнительское творчество и роль в становлении казахской национальной вокальной школы.

Abstract: The article deals with the life and work of the outstanding opera singer Kulyash Baiseitova, her performing creativity and role in the formation of the Kazakh national vocal school.

Күләш Жасынқызы Бәйсейітова 1912 жылы 2 мамырда Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Гүлбаһрам, қыз кезінде тегі Бейісова болыпты. Бала кезде анасы Зибажан оны еркелетіп «Куля» дейді екен, осылайша ол Күләш атанып кеткен. Әкесі Жасын етікші болған кісі, жиын-тойларда қолына домбыра алып, ән салып, серілік құрған. Әкесінен естіген ән-жырларды жаттап алып, алдына жан салмай айтып жүрген Күләштің музыкалық дарыны жастайынан танылған. Анасы Зибажан Айдарханқызы ажарлы, әнші, ұлттық қолөнер шебері болған кісі. Өлдебір себептермен анасы Зибажан Алматыда қыздарымен бөлек тұрған. Тұрмыс тауқыметін тартып, әбден тарыққан ана Күләшті интернатта оқытқан. Жеті жылдық мектеп бітірген соң Күләш 1925-1928 жылдары Алматы педагогикалық техникумында білім алады. Оқу орнының қабырғасында жүріп-ақ түрлі байқаулар мен концерттерге қатысып, әншілік өнерді тастамайды. Қала жастарының өнер байқауларында әншілік дарынымен көзге түседі. Содан 1930 жылы Қазақтың тұңғыш драма театрының труппасына қабылданады. Күләш сахна өнерінің қыр-сырына қызыға ден қойып, кешікпей-ақ театрдың белді әртістерінің қатарынан көріне бастайды. Аз уақыттың ішінде Б.Майлиннің «Майдан» пьесасында Пүліштің, Н.В.Гогольдің «Үйлену тойындағы» Агафия Тихонованың, М.Тригердің «Сүңгуір қайығындағы» Клавдияның, Қ.Бәйсейітов пен А.Шаниннің «Зәуресіндегі» Зәуре, М.Әуезовтың «Еңлік-Кебегіндегі» Еңліктің рөлдерін ойнап, сахналық тамаша қабілетімен танылады. Образдардың табиғатын тап басып тану, ол танығанын өмірлік шынайы шеберлікпен жеткізе білу, әсіресе туа біткен әншілік қабілеті кейіпкер болмысын аша түсуі де Күләштің сахна өнері үшін жаралған жан екенін әйгілей түседі.

Күләш 1933 жылы жаңадан ашылған музыка студиясына қабылданады. Алғаш рет Қазақ музыка театрының шымылдығы 1934 жылы «Айман-Шолпан» (М.[Әуезов, И.В.Коцых) музыкалық комедиясымен ашылғанда, Күләш басты рөлді үлкен шеберлікпен ойнап, Айман бейнесі арқылы Қазақ қыздарының ар-намыстан жаралғандай парасатты болмысын шабытпен тұлғалайды. Мұнан әрі Күләштің ғажайып қабілеті мен дарыны Б.Майлин мен И.В.Коцыхтың «Шұғасындағы» - Шұға, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы – Жібек образдарын сомдау барысында одан әрі жарқырап ашыла түседі. Бұл рөлдер арқылы оның бойындағы әншілік-әртістік қабілеттің ғажайып мүмкіндіктері барша болмысымен көрініс тауып, қазақ сахна өнерінің соны табысы ретінде жұртшылықтың ықылас-ілтипатына бөленді. Ол жаңа қаз

басқан қазақ сахна өнерінің шын мәнінде тірек тұлғасына, ұйтқысына айналды. Аз уақыт аясында Е.Брусиловскийдің «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Алтын астық», «Гвардия алға», А.А.Зильбердің «Бекет», И.Н.Надировтың «Терең көл», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», Д.Ж.Пуччинидің «Чио-Чио-Сан», П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегин», А.Рубинштейннің «Демон» сияқты операларында басты рөлдерде ойнап, басты вокалдық партияларды орындап, қайталанбас хас шеберлігімен танылды. Бір-біріне ұқсамайтын кереғар образдар, иірім-қайырымы әр алуан вокалдық партиялар Күләштің көп қырлы, алуан сырлы дарынының арқасында алмастай жарқырып ашылып, эстетикалық эмоциялық қуаты мейлінше тегеурінді образдар галереясы жасалды. Әншінің тұрақты репертуарында 30-40-тай ән-романстар болып, талай көрермен тыңдаушыларының ыстық ықласына бөленген. Күләштің орындауында «Сараның ариясы», «Ажардың ариясы», «Шіркін-ай», «Гэкку», «Қос қарлығаш», «Бұлбұл», «Қазақ вальсі», «Ласточка», «Шла девица», «Колокольчик», «Тонкая рябина», т.б көптеген халықтардың әндері ерекше сезіммен, жүрек қылын тарта отырып тыңдармандарына жеткен. Зор жауапкершілік жүгін арқалаған халық әншісі өзінің міндеттерін халықтың көңілінен шыға білетіндей деңгейде атқарып, қалың бұқара халықтың бұлбұл әуезді әншісі атына сай болып, ылғи халық арасынан табыла білген. Күләш Бәйсейітова концерттік әнші ретінде де дүниежүзіне танылған қайталанбас дарын иесі бола білді. Е.Г.Брусиловский жазған бірінші қазақ операсы «Қыз Жібектің» қойылуы қазақ музыка мәдениетінде үлкен тарихи оқиға болды. Ол уақытта бағдарламаға бұл халық әуені Е.Г.Брусиловскийдің өңдеуінде деп көрсетілген. Бірінші қазақ операсының әуенін (оған 50-ден аса халық әндері мен күйлері кірді) бірінші орындаушылар өздері таңдап, іріктеді. Әрине, олардың арасында Күләш та бар. Мәскеудегі қазақ өнерінің декадасы күндері(1936ж.) Қыз Жібек бейнесін сомдаған Күләш тыңдарман жұртшылықты таң қалдырды. «Қыз Жібектің» биік деңгейге көтерілгендігі сондай Кеңестер одағындағы №1 басылым «Правда» газетінде жазған мақаласында Городинский: «Қыз Жібектің ең жақсы көріп салатын әні «Гэккудің» өзі тамаша ән, ал енді соны Күләш айтқанда, тіпті керемет жандандырып жібереді...» - деп жазады. Міне, сол кездерде қазақтарды бұратана халық санаған орыстардың өзі жоғары баға берген. Демек, талант ел мен жерді талғамайды, керісінше барлық өнер сүйер қауым сол талант иесін өзі таңдап, талғап, тауып алатындығын көрсетеді, - дейді.

Күләш Бәйсейітова драмалы спектакльдерді айрықша орындаушы республикамыздың тұңғыш кәсіби деңгейдегі концерттік және опералық қазақ әншісі. Қазақ халқы Күләш арқылы дүниежүзінің классикалық операсы мен көптеген халықтардың музыкасын таныды. Замандастары дүниежүзілік мәдениетті тануда Күләш атымен байланыстырады. Оның дауысы – қазақ даласындай кең де биік, ұлттық нақышы айрықша болғандықтан, орындаған әндері қазақ халқына жақын әрі түсінікті еді.

«Күләш екеуіміз театр табалдырығын бірге аттадық. Әуелгі кезде, неге екенін қайдам, ешбір рөл бермеді бізге. «Алып кел, шауып кел» деген тәрізді кіріп-шықпа көріністерде, көпшіліктің арасында жүретін едік. Оған бола

намыстанған жоқпыз, атақты ағайлардың санатында жүргенге мәзбіз», - деп еске алады театр табалдырығынан аттаған алғашқы жылдар туралы Күләшпен өнер әлеміне егіз қозыдай қатар келген биші Шара Жиенқұлова. (Шара Жиенқұлова, «Өмірім менің – өнерім» 27-бет.) Күләш пен Шара, бір қызығы, алғаш рет сахнаға шыққанда да бір рөлді бөлісіп, алма-кезек ойнап жүрген. Ол – М.Триггердің «Сүңгуір қайығындағы» матрос баланың рөлі болатын. Шара Жиенқұлова еске алатындай, бетін қап-қара қылып бояп алып, кеменің басқышымен әрлі-берлі өрлеп, сахнадан бір-екі рет жүгіріп өтетін матрос бала болып шығуының өзі оларға кәдімгідей арман болады. Бірі – биші, бірі – әнші, қазақ өнерінің екі бірдей алып арнасын бастаған екі тұлға осылайша бір рөлді «бөлісіп», кейде, тіпті таласып жүреді.

Осылайша, драмалық әртіс ретінде сахнаға шығып, өнер ауқымы кеңейіп, актриса ретінде шыңдала бастаған Күләш ақыры өзінің керемет дауысымен қазақ опера театрының алғашқы әншілерінің біріне айналды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009
2. Күләш Бәйсейітованың орындауындағы әндер – [Kitap.kz/http://www.kitap7kz/music/kulash_baiseitova](http://www.kitap7kz/music/kulash_baiseitova)
3. Гэку-белый лебедь / Айжан Хамит. aizhanhamit.kz/гэку-белый-лебедь/
4. Ахметова М.М. Ән өнері және уақыт. – Алматы: Өнер, 1993

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

Байбеков Е. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы;
Бекбулатова Г. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің аға оқытушысы, биология магистрі;
Бакеш З. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің аға оқытушысы, биология магистрі;
Абдуллаева А. – академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің аға оқытушысы, биология магистрі;

***Аннотация:** Зияткерлік – оқушының биік мақсат қоюдың бастамасы және оның орындалу міндеттерін анықтап, атқарылу алгоритімін жіктейді. Жеке тұлғаның зияткерлік қаблетін анықтау үшін, оқушының дүние танымдық ойлау жүйесіне және ынтасы мен жігерлілік қасиеттерін салыстыру нәтижесінде анықтайды. Интеллект дамуына әсер ететін факторлар. Интеллектке әсер ететін орта факторлары: әлеуметтік, биологиялық.*

Аннотация: *Интеллектуальность – это инициатива учащегося ставить высокие цели и определять задачи их выполнения и классифицировать алгоритм выполнения. Для определения интеллектуального потенциала личности, в результате сопоставления качеств мотивации и энергичности учащегося с мировоззренческим мышлением. Факторы, влияющие на развитие интеллекта. Факторы среды, влияющие на интеллект: социальные, биологические.*

Abstract: *Intellectual is the beginning of the student's high goal setting and defines the tasks for its implementation and classifies the algorithm for its implementation. In order to determine the intellectual level of the individual, the student determines the world cognitive thinking system as a result of comparing the qualities of motivation and energy. Factors affecting the development of intelligence. Environmental factors affecting intelligence: social, biological.*

Зияткерлік тұқым қуалаушылық пен нақты адам өмір сүретін орта арасындағы күрделі және көптеген өзара іс-қимыл нәтижесінде пайда болады.

Зияткерлік - бұл, ең алдымен, мақсат қоюдың негізі, ресурстарды жоспарлау және мақсатқа жету стратегиясын құру. Зияткерлілік коэффициент – (ағыл.т IQ - intelligence quotient,) адамдардың тез қабылдағыштығы мен санасына берілетін баға. Оны арнайы жасалған тест арқылы, қарапайым адамдардың ойлауы мен ақылдылығына қарап салыстыра анықтайды. IQ жоғары тұлғалар ғылымның күрделі саласында жетістікпен жұмыс атқарады.

Мұның басты себебі, IQ деңгейінің жоғарылығы адамға жаңа мәселелерді тезірек үйренуге және шешуге көмектеседі. IQ тесттерін орташа есепке теңестіріп, шамамен 100 деп алатын болсақ, 50% адамдардың IQ-і 90 мен 110-ның арасында болуы тиіс немесе 25% адамдардың IQ-і 90-нан төмен, 110-нан жоғары болуы керек. Ал 70%-ға жетпеген адамдардың санасы жетілмеген болып саналады [1,2].

Нәрестедегі, одан кейінгі балалық шақта ақыл-ойды өлшеу IQ- мен корреляцияламайды, себебі емшектегі балаларда ауызша дағдылар вербальды немесе тапсырмаларды шешу қабілеті емес, сенсорлық немесе қимыл-қозғалыс дамуы бағаланады. IQ көптеген адамдарда балалық шақтың ортасынан ересек кезеңнің басына дейін тұрақты, бірақ 15 бірліктен артық шашырау жиі кездеседі. Тест тапсырмаларын орындаудың орташа көрсеткіші жасөспірімдер кезеңінде және ересек өмірдің басында ұлғаю үрдісі бар. Осыдан кейін орташа көрсеткіштер өте тұрақты. Кейбір төмендеу 60 жылдан кейін, әсіресе ойлаудың икемділігін талап ететін тапсырмалар есебінен пайда болады. Қартаю процесінде үлкен жеке айырмашылықтар болса, бірақ дені сау адамдарда ақыл-ойдың азғана қарттыққа дейін төмендеу байқалады.

IQ анықталған мәндері мектеп үлгерімімен, оқуға жұмсалған жылдармен және аз мөлшерде еңбек жолындағы табыстарымен корреляцияланады. Мұндай корреляция статистикалық тұрғыдан маңызды, кейде тесттің валидтік куәлігі ретінде және IQ- көбінесе мектеп пен еңбек жетістіктеріне тәуелді екенін растайды.

Шынында да, тест тапсырмаларын орындау сияқты қысқа эпизод, мектептегі және жұмыстағы табыстар сияқты әлеуметтік маңызды және күрделі құбылыстармен корреляциялануы үлкен әсер береді. Алайда, екінші жағынан, осы корреляция дәрежесін асыра көрсетпеу керек. Мысалы, IQ-дегі жеке айырмашылықтар мектеп жетістіктерінің көрсеткіштеріндегі вариациялардың 1/4 бөлігін ғана түсіндіреді, сонымен қатар, IQ тікелей осындай көрсеткіштерімен байланысты екені анық емес.

Интеллект дамуына әсер ететін факторлар. Интеллектке әсер ететін орта факторлары: әлеуметтік, биологиялық. Зияткерлік ұғымы аясындағы айырмашылықтар тұқым қуалаушылық пен нақты адам өмір сүретін орта арасындағы күрделі және көптеген өзара іс-қимыл нәтижесінде пайда болады.

Интеллектінің дамуы үшін маңызды биологиялық құрылымдардың, ең алдымен жүйке жүйесінің қалыптасуына жауап беретін гендерді индивид ата-аналардан алады және олар тұқым қуалаушылықпен әсер етеді. Ортаның әсері - бұл адам ұрықтанған сәттен бастап өлімге дейін, соның ішінде тамақ, мәдени ақпарат, әлеуметтік тәжірибе және т.б. алатын ынталандыруы. Генетикалық әсер мен ортаның әсерін бөлу әрекеті тұйыққа әкелуі мүмкін, өйткені олар өзара байланысты – гендер ортаның әсері контекстінде өз әсерін көрсетеді, ал орта факторлары әрқашан өзінде салынған генетикалық ақпаратқа сәйкес дамиды және реттелетін биологиялық құрылымдар арқылы әрекет етеді [3,4].

Ерлер мен әйелдер орта есеппен IQ бойынша айырмашылығы жоқ, алайда тестілер мүмкіндігінше айырмашылықтарды түзету үшін арнайы іріктеледі. Сонда да біраз тапсырмаларда айырмашылық байқалады.

Мысалы, ересек әйелдерде ауызша тапсырмаларды орындау еркектерге қарағанда (синонимдерді таңдау сияқты) жақсы және көру-кеңістіктік тапсырмалар (суреттердің олардың бөліктерін ойша орналастыру арқылы салыстыру типі,) және сандық тапсырмалар (ерекше математикалық есептерді шешу сияқты) ерлерден нашар орындау тенденциясы байқалады. Нәсілдік және этникалық топтар арасында айырмашылықтар да анықталды.

Интеллект деңгейіне әлеуметтік және мәдени жағдайлардан бастап және физика-химиялық әсермен аяқталатын ортаның көптеген факторлары әсер етеді. Осындай факторлардың бірі-оқыту Оқуды тастап кеткен балаларда IQ төмендейді, ал нашар мектептен жақсы мектепке ауысатын балаларда – IQ көтеріледі.

Қазақ тіліндегі синонимдер лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, фразеологиялық синонимдер болып бөлінеді.

Қазақ тіл білімінде синонимдерді алғаш жүйелі түрде зерттеген ғалым – Ә. Болғанбаев. Оның еңбектерінде қазақ халқының сөз байлығының құнарлы бір саласы – синонимдердің сипаты, даму заңдылықтары мен синонимдерді қолдану тәсілдері, түрлері кең көлемде талданған. Синонимдердің шығу арналарын анықтауда лексикалық синоним тудырудың әртүрлі жолдарымен қатар фразалық синонимдер тәрізді тілдегі мақал-мәтелдер де бірімен-бірі синоним ретінде ауысып, кезектесіп келетіндігін сөз етеді [2].

ММ-дердің (мақал-мәтелдердің) бір-бірімен синоним болып жұмсалуды синтаксистік синонимдерге жатады. Лексикалық синонимдер жайлы көп айтылғанмен, олардың ММ-дердегі жұмсалуды және ММ-дердің өзара синонимдес болып келуі жайлы көп айтыла бермейді.

ММ-дер көбінесе ұқсас немесе қарама-қарсы сөздерге құрылатындықтан, ММ-дердің құрамында лексикалық синонимдер антонимдерге қарағанда аз кездеседі. Мысалы: «**Ар** қайда болса, **ұят** сонда», «Ақшаңнан айрылсаң, **өкінерсің, күйінерсің**. Арыңнан айрылсаң, қайтіп тірі жүрерсің», «Қолы, аяғы бар кісі, Жүк көтерер нар кісі. **Тілі, сөзі** бар кісі, Жазасызға жар кісі», «**Кесірлі** ауыздан **кесепатты** сөз шығар» т.б. Әр тектес синонимдер ММ-дерде мағына жағынан үйлес келіп, бірінің ұғымын екіншісі білдіреді. Қатар тұрған мәндес сөздердің біреуінен екіншісінің экспрессивті-эмоционалдық мағыналары үдей түсіп, басымдылық байқалады. Мысалы, *өкіну*-ден *гөрі күйіну*-дің, *кесірлі*-ден *гөрі кесепатты*-ның экспрессивті-эмоционалдық бояуы басым. Әр тектес синонимдер сөйлемнің ішінде келгендіктен, жағымды, жағымсыз мағынаны білдіріп қана қоймай, күшті образ жасау үшін жұмсалады.

Тілдің мәнерлілігі мен бейнелік құралдары синонимдерді бірінің орнына басқасын алмастыру арқылы ғана болмайды, сонымен қатар олардың өзді-өзін қарама-қарсы қою арқылы да жүзеге асады. Осындай тәсілдер арқылы жасалған қазақ ММ-дерінің бірнешеуін келтірейік. Мысалы: *Гүрілдеп келген жаудан, күлімдеп келген қас жаман; Қауіп бар жерде – қатер бар; Қауіп қайдан болса,*

қатер содан; Өлім бар жерде – қаза бар; Ырыс ауысады, бақ жұғысады; Бет көрсе, жүз ұялады т.б.

Мұндағы синонимдердің экспрессивті-эмоционалдық мәні алдыңғыларынан соңғылары асып түсіп, өз ара қарама-қарсы қойылып айтылып тұр [3, 250 б.].

Енді осылардың біріне талдау жасап көрейік. Мысалы: «Өлім бар да – қаза бар». Бұл мақалдың мағынасына жете көңіл қоя бермейтініміз анық. Араб тілінің *қаза* сөзі қазақ тілінің *өлім* сөзімен синоним болып, сөйлемде бірін-бірі толықтырып тұрған сияқты. Бір ұғымға қатысты әртүрлі атаулар сол ұғымның бір-біріне жақын, ұқсас белгілерін, қасиеттерін тану арқылы беріледі. Мысалда араб тілінен енген сөз төл сөзімізге синоним болып тұр. Бір сөйлемнің ішінде синонимдес сөздердің қатар берілуінің өзіндік себебі болу керек, себебі сәл де болсын мағыналық айырмашылық болмаса, «Өлім бар да – қаза бар» деп айтылмас та еді. Сондықтан синонимдес сөздердің қайсысының қандай жағдайда қолданылатындығын анықтаған дұрыс. *Қаза* сөзінің ҚӘТС-де үш түрлі мағынасы берілген: 1. *Өлім-жітім, ажал*; 2. діни. *Күнделікті оқылатын бес намаздың уақытысымен өтелмей қалуы*; 3. ауыс. *Құрып кету, жоқ болу* (ҚӘТС 8т. 730). Осы қалыптасқан мағыналардың негізінде халқымыз «Өлім бар да – қаза бар» деп, «өлді, жоқ болды» дегенді меңзеп тұр.

Қаза сөзі тілімізге Ислам дінінің таралуына байланысты діни сөздердің қатарында енгені белгілі, сондықтан өзіндік мән-мағынасы, салмағы да бар. *Өлім, ажал, қаза* синонимдері адамның бұл дүниеден өткендігін, жүрек соғуының тоқтағандығын білдіреді. Сырттай қарағанда *өлім* де, *қаза* да бір мағынаны білдіріп, еш айырмашылығы жоқ абсолюттік синонимге ұқсайды. *Өлді* десек те, *қаза болды* десек те, адам үшін ауыр жағдай. Мағына ұқсастығы жағынан бірінің орнын бірі алмастыра алу мүмкіндігі бола тұра, кейбір орындарда бұлардың жұмсалып сипаты бірдей емес, сондықтан екеуі бірінің орнына бірі толық мәнде жүре алады деп, араларына тепе-теңдік қоюға болмайды. Халқымыз *қаза* сөзіне үлкен мән бергендігі аңғарылады. *Өлді* деп жанды, жансыз заттарға қолданамыз да, ал *қаза* сөзі тек адамға қатысты айтылады. Бұл ерекшелік халықтың осы сөз туралы түсінігімен, танымымен байланысты болса керек. Мәселен, «қаза тапты», «қазаға ұшырады», «орны толмас қазаға душар болу» тұрақты тіркестеріндегі, «қазаның арты қайырлы болсын» тілек мәнді сөйлемдегі *қаза* сөзінің орнына *өлім*-ді қолдана алмаймыз. *Қаза* сөзінің семантикалық мағынасын терең ашу үшін араб тіліндегі мағынасына үңіліп көрейік. *Қаза* (قضاء) сөзі араб тілінде көп мағыналы. Солардың ішіндегі *тағдыр, үкім*; діни (*Алланың*) *талассыз үкімі* және *құрту, жою* [4 с. 644] сияқты мағыналары тіліміздегі *қаза* сөзінің мағынасына жақын, яғни *қаза* – бір Алланың үкімі. Сондықтан «өлімге көзі қимады» дейміз, бірақ «қазаға көзі қимады» деп айтпаймыз. «Қазам жетсе өлемін, Егер қазам жетпесе, Қасындағы Жүністі Айырып ала келемін» (Ер Тарғын) дегенде де, «Алланың бұйрығы болса өлемін» дегенді меңзеп тұр. Алланың талассыз үкімі болғандықтан, бір Аллаға сенгендіктен, бұл сөздің астарында о дүние жайлы да мағлұмат жатқан болу керек. *Қаза* сөзімен келген «Аза бойы қаза болды [тұрды]» тұрақты тіркесі *жаны түршікті, қатты қорықты, шошынды; төбе*

шашы тік тұрды мағыналарын білдіреді. *Аза* – қайғы мағынасындағы араб сөзі. Синонимдес сөздердің семантикалық мағынасы мен функционалдық қызметтеріне тоқталу олардың қолдану аясы мен бір нәрсені әр қырынан көрсетуде мүмкіндіктердің мол екендігін көрсетеді.

Синонимдер жайлы сөз еткенде, олардың синонимдік қатарын анықтап қою жеткіліксіз. Олардың контекст ішкілік мағынасын, қолдану орнын, тіркесімділік қабілетінің анықталғаны дұрыс. Себебі синонимдес сөздердің бір-бірінен стильдік, реңктік айырмашылықтары контекстке байланысты айқындалады. *Қаза* сөзінің белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп айтылатыны сияқты *өлім* сөзінің де өзіндік қолдану аясы, қолдану ерекшелігі бар. Мысалы, «*өлім аузынан қайтты*» деп өле жаздап барып, аман қалғанын айтады. Бұл арада *қаза* сөзі *өлім* сөзін алмастыра алмайды. Сол сияқты «*өлім аузында жатыр*», «*өлімге бел байлады*», «*өлім жазасы*» дегенде де екі сөз бірін-бірі алмастыра алмайды. «*Өлім жазасы*» – көне тіркес, *шаригатқа қайшы іс-әрекет, сатқындық т.б. жасаған кісіні ат құйрығына байлау, тас боран қылу, түйеге асу, тірідей көму арқылы өлтіретін ауыр жаза*. Көне замандарда негізінен патшаның әмірін орындамаған адамды, иесіне қарсыласқан құлды, ұрлық жасаған адамды, бұйрық орындамаған жауынгерді *өлім жазасына* кескен (ҚӘТС 12т. 145). Осы тұрғыдан алғанда, синонимдердің негізгі ұғымдық қайнар көзі бастауын қайдан алатыны зерделенуі тиіс.

Дана халқымыз ойды дәлме-дәл, нақты жеткізу үшін синоним сөздердің астарына мән беріп, орынды қолдана білген. Қазақ тілінің табиғатын жете түсінетін адам бұл сынды синонимдердің қолданылуының «нәзік нюанстарын» аңғара алады.

Синонимдердің жасалуы мен пайда болуының, мағыналық дамуының және қолданылуының өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасуы тарихи ұзақ кезеңдерді қамтиды. Синонимдердің ішкі семантикалық мағынасын терең ашу олардың табиғатын түсінуге мүмкіндік жасайды.

Синонимдердің әрқайсысы жеке сөз ретінде танылатындықтан, әрқайсысы өз бетінше дамып, бір-бірінен сөз тудыру қабілеті жағынан да ерекшеленеді. *Өлім* сөзінің *қаза*-ға қарағанда сөз тудыру қабілеті жоғары. *Қаза* кірме сөз болғандықтан сөз тудыруға қабілетсіз, жоғарыда көрсеткендей өзіндік қолданылу шегі бар. *Өлім* сөзінің түбірі көне дәуірлерден келе жатқан түркі тілдеріне ортақ байырғы сөз болғандықтан, сөз тудыруға соншалықты қабілетті әрі тіркесімділік қабілеті де жоғары (*өлімтік, өлік, өлімші; өлім тұртті, өлі дала, өлі жұрнақ т.б.*). Бүгінде *өлді* сөзінің отыздан астам синонимдік қатар түзетіндігі анықталған (*қайтты, үзілді, өтті, кетті, қиылды, шетінеді, құлады, мерт болды, қаза тапты, дүние салды, қайтыс болды, опат болды, жан тапсырды, жан тәсілім етті, бақилыққа аттанды, қайтпас сапарға аттанды, жүріп кетті, жарық дүниемен қоштасты, о дүниелік болды, жан тапсырды т.б.*).

Синонимдерді қолданудың Ә. Болғанбаев атап өткен тәсілдерінің ММ-дерде қолданылуы төмендегідей:

1. Алдыңғы сөйлемде бір рет пайдаланылған сөзді қайталамас үшін оны басқасымен алмастырады. Мысалы: «Ерегісте ер өлер, екі батыр егессе,

екеуінің бірі өлер», «Бауыр шырын, бас тәтті, Ағайынмен ішкен ас тәтті», «Асық ойнаған азар, Доп ойнаған тозар. Бәрінен де қой бағып, Қозы өсірген озар».

2. Белгілі бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақтан сипаттап көрсету үшін жұмсалады. Сондықтан мәндес сөздер мағына жағынан ыңғайласып та, қарсы қойылып та, салыстырылып та айтыла береді. Мысалы: «Бет көрсе, жүз ұялады», «Адам құлақтан азады, қаңқудан тозады», «Алмауыттан ат мінсең, жақын болар алысың. Әдепті, арлы жар сүйсең, оңғарылар бар ісің», «Еңбекте қорлық жоқ, Шындықта зорлық жоқ», «Ел аузына елек қойып болмас, Халық аузына қақпақ қойып болмас».

3. Белгілі бір ұғымды толық әр тұстан қамтып сипаттап көрсету үшін мәндес сөздердің бір сыңары жеткіліксіз болады да, екі, кейде үш-төртеуін топтап қатарма-қатар, бірінен соң бірін қолданады. Мысалы: «Ар, намысы бар жігіттің жолдасы бар жолында. Ар, намысы жоқ жігіттің ұяты бар қолында».

4. Тілдегі синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, топтап та жұмсап, көркемдік сипат, стильдік ерекше мән тудырғанымыз сияқты бұларды қосарлап та қолданамыз. Жайшылықта дербес айтылып жүрген екі мәндес сөзді қос қабаттап қолдану арқылы бір күрделі ұғым тудырамыз. Мысалы: «Адам болар ұлының арқа-басы кең келер. Ана болар қызыңның ақыл-есі тең келер», «Еңбексіз ел кезгенің – Ар-ұяттан безгенің».

Талай заманнан бері тілде қатар айтылып қалыптасқан, мағына жағынан да, көркемдік мәні жағынан да аз да болса ерекшеліктері бар мәндес сөздер ғана қосарланып, күрделі мағына тудырады. Мағынасы жақын екі сөзді қосарлап айту синонимдерді қолданудың актив тәсіліне жатады.

5. Қазақ тілінде екі мәндес сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, оның мағынасын күшейтеді. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде плеоназм дейді. Плеоназмдық қалыпта келгенде мәндес сөздердің екеуі де жеке тұрғандағы дара мағыналарын ешбір өзгертпейді, тек бірінің мағынасын бірі күшейтіп, үстемелеп, экспрессивтік ажар береді. Мысалы: «Атамекен туған жер – Кір-қоңынды жуған жер, Кіндігіңді кескен жер, Кісі болып өскен жер», «Әсем мінезді аққуды айдын шалқар көлде көр. Жаны сұлу аруды жадырай қонған елде көр», «Әдепті елдің қыздары – Қырмызы қызыл жібектей», «Дуасыз ауызға, Судыраған сөз бітер. Жылан мінез жауызға Жеп қойғандай көз бітер», «Ер жігіт: «Өскен елім, – дейді, – Кіндік кескен жерім», – дейді». *Айдын шалқар көл, қырмызы қызыл, жылан мінез жауыз, өскен елім, кіндік кескен жерім* сөз тіркестерінде алдыңғысы соңғысын анықтап, оның мағынасын күшейтіп тұр. Синонимдердің бәрі бірдей плеоназм бола алмайды, солардың ішіндегі мағына жағынан жымдаса біткен, көркемдік сипат, айрықша мән бере алатын мәндес сөздер ғана плеоназм тәсілімен қолданылады.

Қалыптасқан плеоназмдар тұрақты сөз тіркестері сияқты үнемі бірге айтылады.

6. Синонимдер тек жеке сөздерден ғана емес, фразалық тіркестерден де болады. Мысалы: «Еңбек етсең – еленерсің, Еңбегіңе кенелерсің. Есің жиып, етек жауып, Елге жетіп теңелерсің».

Қазақ тілінде *есін жинады, етек жапты* екі тұрақты тіркестің мағынасы бір, 'өзіне-өзі келді, ақылы кірді, ес жиды' дегенді білдіреді. Ойды көркемдеп жеткізу, алдыңғы мағынаға үстеме мағына қосу үшін фразалық синонимдерді қатар қолданады. Сол арқылы ойды жан-жақты сипаттап көрсетеді.

Синонимдердің ММ-дерге қатысты айтылғанда ерекше көңіл аударуды керек ететін түрі – синтаксистік синонимдер. Синонимдер ММ-дердің құрамында жеке сөздерге ғана балама болып жұмсалып қоймайды, сонымен бірге өзі тәрізді өзге ММ-дермен де бір-біріне өз ара синоним болып жұмсалады. Мұндай құбылысты синтаксистік синонимдер деп атайды. Мысалы: «Құда да тыныш, құдағи да тыныш», «Сен тимесең, мен тиме бадырақ көз» синонимдері адамға тыныштық керек дегенді білдіреді. «Құрғақ қасық ауыз жыртар», «Құр аяққа бата жүрмес» дегендер «сылдыр сөзбен қарныңды тойдырмайсың» дегенді, «Өзі жығылып жатып, сүрінгенге күледі», «Жығылған сүрінгенге күледі. Жыртық тесікке күледі», «Өз басындағы боғын көрмей, біреудің басындағы шоғын көріпті» синонимдері өз кемшілігін көрмейтін, өзін жоғары санайтын, біреуді сөз қылуға, өсектеуге әуес адамдар жайлы, «Ит жоқта шошқа үреді», «Мысық жоқта тышқан кісінейді» деп, басшы жоқ жерде әркімнің қожайындық қылатынын, қажетсіз жерде кім болса сол белсенділік көрсететінін, «Екі қоянды қуған біреуін де ұстай алмас», «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді» деп әр істің басын бір шалып, әрнәрсенің соңынан қуған адамның ісінің берекесіздігін айта отырып, бір іске тиянақты болуды насихаттайды.

Синтаксистік синоним ретінде екі немесе бірнеше ММ келуі мүмкін.

«Аш пәле – аш пәледен қаш пәле», «Аш құлақтан тыныш құлақ» дегендер мазаңды алдыра бергеннен гөрі құтылғаның артық дегенді білдіреді. «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ», «Көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр» синонимдері қолдан келер ештеңенің жоқ екенін, ерегістің пайда әпермейтінін білдіреді.

«Әркімдікі өзіне ай көрінер көзіне», «Әркім өз қозысын қошқар қояды», «Өзіңдікі өзіңе, оттай ыстық көзіңе», «Әркім өз ботасын үкілейді», «Әркімнің өз жері – ұжмақ» сынды ММ-дер адамдардың өзін-өзі немесе өзінікін жақсы көретіндігін, өз мінін көрмей, өзінікін өзгеден артық санайтындығын айтады. Бұл сынды синонимдес ММ-дер ортақ мағынаны қамтығанымен, синоним ретінде бірінің орнына бірі қолданыла алмайтын тұстары бар. Себебі әрбір ММ-нің өзіне тән мағыналық реңк, стильдік бояуы болады. Мәселен, бірінші мақал адамның жеке затына қатысты айтылса, соңғы мақал өз жеріне, туған еліне қатысты айтылғанмен, ол көпшілік қауымға ортақ жер, көпшіліктің туған жері, сондықтан бұл екі мақалдың қолданылуында белгілі бір айырмашылық болады. Бірінші мақалда «Әркімдікі өзіне ай көрінер көзіне» деп әртүрлі заттарға қатысты айтыла береді, ал «Әркімнің өз жері – ұжмақ» деп тек туған жерге қатысты айтылады.

Бұл келтірілген мысалдардың ешқайсысының ортақ немесе ұқсас сыңары жоқ.

ММ-дердің мағынасы құрамындағы компоненттердің мағынасымен анықталады. ММ-дер жай, құрмалас сөйлемдерге құрылатындықтан, олар

бірыңғай тура немесе бірыңғай астарлы мағынада келе бермейді, біреуі тура мағынада, өзгелері ауыс мағынада қолданыла береді. Мысалы: «Біреу жәбір етсе, Сен сабыр ет», «Таспен ұрғанды аспен ұр» мақалдарының да түпкі мағынасы ұқсас болу керек. Бірінші мақалда сабырлылық жайлы айтылғанмен, негізгі мағына адамгершілік тұрғысынан жамандық жасаған адамға да жақсылық жаса дегенді айтады. Бірінші мақал тура мағынада, екіншісі ауыс мағынада айтылып тұр.

«Әңгіме жолдан қалдырар, Жолсыздық ұрыға алдырар», «Әңгіме бұзау емізер. Бұзау таяқ жегізер» деп бос әңгімемен уақыт өткізудің салдарынан сақтандырады.

Ауыспалы мағына тура мағынаға қарағанда құбылмалы. Кейбір ММ-дердің мағынасын контекске байланысты әр жақты түсінуге болады, ал жеке адамның ММ-дерді қолданудағы шеберлігін көркем шығармадан көре аламыз. Мысалы, «Асыққан аттылыдан асықпаған арбалы озар», «Тынбай жүрген тасбақа, тәй-тәй басып түйеден озар» мақалдары синонимдес. Бірінші мақал әуелде тура мағынада айтылғанмен, келе-келе астарлы мәнге ие болған. Екінші мақал ауыс мағынада қолданылып тұр. Бірінші мақал адам жайлы да, екінші мақал жануарлар жайлы, яғни тасбақаның қылығын адамға қолдану арқылы ерекше күшті мағына, түрлі-түрлі эмоционалдық мән тудыруға болады. Біріншіден, *тынбай жүру* жалықпай еңбектенген адамның кейпін елестетсе, екіншіден, *тәй-тәй басу* – жас баланың аяғын басып жүре бастаған кезінде айтылатын сөз тасбақаның қимылына телініп, өте әсерлі етіп жеткізіп тұр, негізгі мағына асықпаған, еңбектенген адамның мақсатына жететіндігін айтып тұр. Әуелде заманына сай *аттылы*, *арбалы* сөздері алынғанмен, қазір контекске байланысты жұмыстың кез-келген түріне орай қолданыла алады. Осы сынды бір кездерде жеке адамдардың сөз шеберлігінен, тапқырлығынан туындаған ММ-дер әр жерлерде пайда болып, ортақ мағынаны көтеріп, бір-бірімен синонимдес болып, ауыздан-ауызға тарап, тілге сіңісіп, жалпы халықтық сипат алған.

«Аспа төгілерсің, саспа сүрінерсің», «Ақтаған тарың таусылар, ақиған көзің басылар» мысалдарында *аспа төгілерсің* деп, менменсіме дегенді, ал *саспа сүрінерсің* деп, асығыстық жасама, соңы жақсылыққа апармайды дегенді айтып тұр. Екінші мысал да менмендіктің салдарынан сақтануды меңзейді.

«Болар бала бесігінде бұлқынар. Болар құлын желісінде жұлқынар», «Бұқа болар бұзау, биттейінен белгілі», «Болатын өгіз бұзауында-ақ белгілі», «Болар бала боғынан». Бұл мақалдар болашағынан үміт күттіретін жастарға арнап айтылады. Синонимдес ММ-дер мағыналық реңктері арқылы ажыратылады. Берілген мақалдардың барлығына ортақ мағыналық бірлестік – баланың қандай адам болатындығы кішкентайынан белгілі болатындығы. Алғашқы мақалдарға ортақ *бесік*, *желі*, *биттей*, *бұзау* сынды тірек сөздердің мағыналық реңкі шамалас та, ал *боқ* сөзінің мағынасы бұларға қарағанда дөрекілеу, сондықтан да болар әлдеқайда әсерлі. Тірек сөздердің мағынасы жас шамасы, уақытпен де байланысты. Соңғы мақал бұл жағынан да ұтып тұр, яғни баланың кім болатынын туғаннан-ақ білуге болатындығын меңзеп тұр.

ММ-дер өсиет, өнегеге құрылатындықтан, басты образ адам болмақ. Сондықтан адамға тән әртүрлі мінез-құлық, қимыл-әрекет шебер жеткізіледі. «Қара судан қаймақ алады», «Жұмыртқадан жүн қырқады» деп өте сараң адамның пысықтықпен болмайтын жерден пайда тапқыш, пайдакүнем адамдарға қаратыла айтылады. Мұнда айтайын деген ойды жәй хабарлама түрінде емес, астарлы мәнде әсірелеп беріп тұр.

Жеке сөз нақтылы дәл ұғымды көрсетсе, синонимдес ММ-дердің құрамындағы сөздер дараланбайды, олар мағынаның тұтастығы мен бірлігіне қызмет етеді. Сондықтан әр ММ-де бір түйінді ой, қорытынды пікір айтылады. Түйінді ой ММ-дердің құрамындағы сөздердің мағынасына қатысты болуы да, болмауы да мүмкін, себебі ММ-дер көбінесе ауыс мағынада, астарлы мәнде айтылады. Дегенмен ауыс мағына тура мағынаның негізінде жасалады. Мысалы, жоғарыда берілген «Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді» дегенде, айтайын деген ойдың кемеге еш қатысты жоқ. «Ит жоқта шошқа үреді», «Мысық жоқта тышқан кісінейді» дегенде де сөйлемдер құрамы жағынан сәйкес келгенмен, жеке сөздер бір-бірімен сәйкес келмейді. Бірінде ит пен шошқа, екіншісінде мысық пен тышқан алынған. Қазақ өзге орындарда *шошқа үреді, тышқан кісінейді* деп ешқашан айтқан емес. Халқымыздың *ит үреді, жылқы кісінейді* деген ұғымын шошқа мен тышқанға әкеп ауыстырып қолданып отыр. Айтайын деген ой бұларға қатыссыз, ауыс мағына болғандықтан, екі мақалдың да стильдік бояуы өте күшті, соншалықты әсерлі етіп жеткізіп отыр. Ит пен шошқаның, мысық пен тышқанның образдарын ала отырып, адамға тән жағымсыз мінез-құлық, іс-әрекеттерін сипаттайды.

Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі. Адамның ойлаған ойын, көңіл күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді [5, 111 б.].

ММ-дердің варианттары сияқты синонимдес ММ-дер де кез келген тілдің байлығы мен көрікті ойды көрсететін сөздік құрамның мәнді бір саласы. ММ-дердің варианттары мен синонимдес ММ-дердің ара қатынасы жайлы әртүрлі пікірлер бар.

И.Қ. Ұйықбаев: «Сөз варианттары синонимдердің бір саласына жатады», – дейді [6, 13 б.]. Ал Г. Смағұлова: «... лексикалық синонимия мен сөз варианттылығы жалпы лингвистика тұрғысынан бірдей емес. Лексикалық синонимия – синхронды функционалды стилистикалық құбылыс», – дейді [7, 36 б.].

ММ-дердің варианттарын синонимдес ММ-дермен шатастырмау керек. Сөз варианттарының айырмашылығы – ММ-дерге негіз болатын тірек сөздердің шыққан тегінің бір болуында, екіншіден, оларда образ бірлігі сақталуы қажет. Ал синонимдес ММ-дерде ешбір компонент қайталанып қолданылмайды, дегенмен кейбір сөйлем мүшелерінің қайталануы кездеседі. Ол ММ-дердің тарихи тұрғыдан қалыптасқан жүйесіне, синтаксистік құрылымына байланысты.

ММ-дердің пайда болып, қатарларының молығуына синонимдес ММ-дердің де үлесі мол. Әртүрлі жүйедегі, бірдей мағыналас пікірлер, тұжырымдар бірқатар синонимдік және семантикалық жақын ММ-дерді тудырады.

Синонимдес ММ-дерде айтайын деген ой сарындас, үндес болып, екі немесе бірнеше пікірдің түпкі мағыналары бір-бірімен ұқсас болып келеді.

«Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы», «Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы», «Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек» тәрізді мақалдарда айтайын деген ой біреу ғана. Әркімнің өз мақсаты бар дегенді білдіреді.

«Сен салар да мен салар, атқа шөпті кім салар», «Еріншектің ертеңі бітпес», «Кері кеткен еріншек керсен сұрауға ерінеді» деп, еріншектің сылтауы көп екенін айтады.

«Қарманған қарап қалмас», «Қолы қимылдағанның аузы қимылдар», «Кім еңбек етсе, сол тоқ» сынды мақалдар «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегенді білдіріп, еңбекті дәріптейді.

Еңбек жайлы ММ-дердің қатары мол, алайда олардың бәрін бір синонимдес ММ ретінде алып қарастырған дұрыс емес. Мысалы, «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар», «Бір еңбектің – бір рахаты бар» мақалдары да бейнет, еңбек жайлы айтылғанмен, түпкі мағына бір қиыншылықтың бір рахаты бар екенін, яғни жақсылықтан үміт үзбеу керектігін ескертеді.

Келтірілген ММ-дер лексикалық ұқсастығымен емес, образды семантикасы бойынша қарастырылады.

«Аузымен астау шапқан қолымен жаңқа жара алмас», «Аузымен орақ орады» сияқты мақалдар тіршілікке қыры жоқ, кубереке, бірақ сөздің майын тамызатын адамдар жайлы айтады.

«Сабыр түбі – сары алтын, іздеген жетер мұратқа», «Асықпаған арбамен қоян алады», «Асығыстық – шайтанның ісі», тәрізді мақалдар бір-біріне ұқсамайтын үш түрлі құрылымда келгенмен, айтайын деген ой – біреу ғана, яғни сабырлылық арқылы мақсатына қол жеткізуге болады. Бұл мысалдарды саралай қарағанда, екінші мысал мен үшінші мысал қарама-қарсы ұғымнан туып тұр: асықпау мен асығыстық. Бірақ асығыстықтың нәтижесінен сақтандыру арқылы сабырлылыққа шақырады.

«Бір жеңнен қол шығар, Бір жағадан бас шығар», «Біреуің бас, біреуің аяқ бол, Біреуің құйрық, біреуің қанат бол», «Бірлік болмай – тірлік болмайды», «Береке көзі – бірлікте» сияқты ММ-дер адамдарды бірлікке шақырып, бірлік арқылы үлкен дүниелерге қол жеткізуге болатынын айтады.

ММ-дерде қалыптасқан жүйе бар. Сөйлем құрылысы өте ықшам, жинақы болумен қатар, сыртқы тұрпаты жағынан өлең ұйқасына, ырғаққа құрылатындықтан, халқымыз әртүрлі тәсілдерді қолдана білген. Солардың бірі – қайталамалардың көп қолданылуы. ММ-дерде де белгілі бір сөздердің қайталанып келіп отыруы – қалыптасқан заңдылық, сондықтан мұндай ММ-дерді мағынаның бірлігіне қарай синонимдес ММ-дердің қатарында алдық.

«Алыстағы дариядан алдында жатқан қақ артық. Төскейдегі тұлпардан жаныңда тұрған жабы артық», «Алыстағы ағайыннан жақындағы көрші артық», «Алыстағы апаннан алдындағы құдық қайырлы» сынды мақалдар алыстан гөрі

жақындағының артық екенін айтады. Мұндай ММ-дердің туындауына кезіндегі көлік қатынасының қиындығы әсер еткен болу керек. Халқымыз «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалағанның» артық екенін айтқан.

Табиғат құбылыстарына қатысты айтылған дүниелер, малға және басқа да жан-жануарларға тән іс-әрекеттер мен қимыл-қозғалыстардың барлығы ауыс мағынада адамға қатысты қолданылады.

«Өлетін адам молаға қарай қашады», «Ажалды киік адырға қашады», «Ажалды қарға бүркітпен ойнайды», «Ажалды киіктің аяғы тыныш жатпайды» сынды мақалдар адамдардың, жан-жануарлардың өліміне кейде өздері себепші болады деген түсініктен туындаған.

«Бұлыңғыр күннің артынан Бұлтты түре күн шығар», «Бұлтты күн ашылар, Бұлыңғыр көңіл басылар», «Айдың он бесі қараңғы болса, он бесі жарық» деп, әр уақытта қиындықтың артынан жақсылық келетіндігін айтып, халыққа үміт сыйлайды.

Бұл сынды ММ-дердің мағынасы бай, бейнелі де мәнерлі түрде келеді.

Лексикалық синонимдер мен синонимдес ММ-дерді салыстырмалы түрде қарастырсақ, олар эквивалентті емес. Лексикалық синонимдер бір ғана ұғымды білдірсе, синонимдес ММ-дер бір ойды білдіреді. Лексикалық синонимдер семантикалық реңк, стильдік бояу, қолдану өрісі т.б. болып жіктелсе, ал синонимдес ММ-дер лексика-синтаксистік құрылымға, образдылық құрылымға негізделген.

Ә. Болғанбаев: «Мақал мен мәтелдердің өзді-өзінің синоним болуы фразеологиялық синонимдерге ұқсас. Айырмасы – тек мағынасында. Фразалық синонимдер бір сөздің мағынасына пара-пар келіп, соның қызметін атқарып тұрса, мақал-мәтелдер тұтас сөйлемдік қызметте жұмсалып, әрқайсысы аяқталған түгесінді ойды білдіреді. Бұлардың жалпы ұқсастығы – айтайын деген ойдың сарындас, үндес келуінде, екі пікірдің түпкі мағынасы, қорытындысы бір жерден табылуында. Сондықтан мақал-мәтелдер лексикалық синонимдерден гөрі синтаксистік синонимдерге бір табан жақын келеді», – дейді [3, 201 б.].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. – Алматы, 1957.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1970. – 336 б.
4. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
6. Ұйықбаев И.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 144 б.
7. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨНЕ ТОПОНИМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Досжан Р. А. – филология ғылымдарының докторы,
А. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университетінің профессоры

Ғылыми еңбек Батыс Қазақстан трансшекаралық аймағындағы көне топонимдердің этимологиялық негіздерін анықтауға арналған. Осы мақсатта әрбір топонимнің атау ретінде қойылу себебі, мағынасы анықталып, этимологиясын ашуға зерттеу жүргізілді.

Кейбір топонимдердің түбірін, құрамын, мағынасын анықтау үшін тілге тән заңдылықтардың тарихын, өзгеру сипатын, таралу аумағын, өзге халықтармен қарым-қатынасын анықтау мақсат етілді. Топонимдердің түптөркінін ашуда моңғол, тұңғыс-манжұр тілдерімен салыстыра зерттеудің маңызы зор. Зерттеу жұмысы барысында көптеген жер-су атауларының түптөркінінің өте көне дәуірлерге жетелейтінін аңғаруға болады, себебі ондай көне түбір сөздермен қатар туынды түбірлер екі тілде де жалпы халықтық лексикада кеңінен қолданылып келгендігі көрінеді. Оған себеп: түркі тілдері мен моңғол тілі – ежелгі дәуірлерде бір тілден өрбіген туыс тілдер. Сондықтан мұндай түбірлердің түптөркінін Алтай дәуірінен кейінгі кезеңдегі түркі-моңғол бірлестігі кезеңімен де байланыстыруға болады. Мәселен, *Аяқ* топониміне қатысты екі тілге ортақ бұл сөздің б.з.д. мыңжылдықтарда дз аффрикатының қолданылуы барысында *адзақ* түрінде айтылғандығы белгілі.

Топонимдердің этимологиясын ашуда соңғы уақыттарда қол жеткізген түрлі деректерді кешенді түрде қолдана отырып, зерттеу жүргізуді мақсат еттік. Осы орайда Алтай дәуіріндегі кейбір атаулардың құпиясын ностратикалық тілдер арқылы сөз етуді, б.д.д. өмір сүрген түбі бір шумер тілімен салыстыруды жөн көрдік.

Зерттеу жұмысында топонимдердің этимологиясын ашу барысында көптеген сөздіктер мен іргелі ғылыми еңбектерге сүйендік. Топонимдердің түптөркіні жайлы айтылған Е.М. Мурзаев, В.М. Иллич-Свитич, М.З. Закиев, А.М. Щербак, Е.Б. Акиндинов, Ә. Абдрахманов, Т. Жанұзақ, Е. Қойшыбаев сынды ғалымдардың пікірлеріне мән беріліп, шумер тіліне қатысты И.М. Дьяконов, О. Сүлейменов келтірген тілдік деректер ескерілді. Топонимдердің қазақ, түркі, моңғол, тұңғыс-манжұр тілдеріне ортақ лексикалық параллелдерден жасалынғандығын анықтаумен қатар ностратикалық тілдерге қатысы сөз болды.

Қазақ, моңғол тілдеріне ортақ сөздердің, ортақ көне түбірлердің молдығы әу баста жеке-жеке тілдер болып, кейіннен әлеуметтік-экономикалық тоғысулардың нәтижесінде ортақ тілдік көріністер пайда болды дейтін пікірлерді жоққа шығарып, түркі тілдері мен моңғол тілдерінің байырғы замандарда бір тілден өрбіген туыстас тілдер екендігін дәлелдейді.

Алтай дәуіріндегі кейбір атаулардың құпиясын ностратикалық тілдер (ғалымдардың айтуы бойынша) арқылы сөз етудің де маңызы зор. Себебі кейбір атаулардың этимологиясын ашу тек туыстас тілдер деңгейінде шешіле салмайды, туыстас емес тілдерді де қамтуы ғалымдар арасында пікір ала-құлалығын тудырып келеді. Біз өз еңбегімізде сондай зерттеулерге тоқталып, түркі және туыстас тілдерге қаншалықты қатысты екендігіне көңіл бөлдік. Мысалы, **қара** сын есімінің топонимжасаудағы қызметі өте жоғары әрі таралу аймағы да кең. Оны ностратикалық тілдер деңгейінде қарастырудың өзі оның осы қасиеттеріне байланысты болу керек. **Қара** – түр.-монғ.- тұңғ.- манж. т. ортақ. Одан өзге араб, славян, ауған, грузин, албан, армян, көне үнді, хинди, авеста, тибет, жапон, тәжік т.б. тілдерде топоним жасайды немесе ГТ ретінде жұмсалады. Сондай-ақ **Көсем** топонимінің түптөркінін ашу арқылы бүгінде танымастай өзгеріске ұшырап, әртүрлі даму жолына түскен **көсем**, **қожжа**, **құдай** сөздері бір түбірден тараған дейтін пікірге келдік т.б.

КӨСЕМ – қыстау. (БҚО, Тасқала ауд., Шежін а.о.). Көсем атауы екі түрлі дәуірге қатысты қойылуы мүмкін.

1. Көне дәуірлерде тайпалық одақтарды билеушілер, ру басылары.

2. Кеңес өкіметі кезінде әр алуан саяси-әлеуметтік топтардың, ұйымдардың, ағымдардың жетекшілері, дем берушілері. Қыстақтың Көсем атануына кеңес өкіметі кезіндегі осы сөздің көп қолданылуы себеп болған сияқты.

Көсем сөзінің түбірі – *көс/күс/күш* етістігі. Бұл сөзді эвенк. тілінің **кусимни**, **кусимэн** 1) жауынгер (боец, воин); 2) айдаһар (драчун) мағыналы сөздерімен байланыстыра қараған жөн. Себебі бұл сөздің түбірі **куси эвенк.** 1) ұру, соғысу (биться, боевать); 2) төбелесу, күресу (драться, бороться); 3) дауласу, ұрысу, қайта қарау (спорить, браниться, перечить); 4) кек алу (мстить) сынды мағыналарды білдіреді. Сондай-ақ өзге де негидал, удэй, ульч, нанай, орок, манжұр, чжурчжен сынды тұңғыс-манжұр тілдерінде күш, қуат, билік, қамал [3, 439 б.] т.б. мағыналарында жұмсалады.

Көне замандарда тайпаны тек мықты, қайрат-күші мол, жауға қарсы тұра алатын жауынгер, қолбасы басқаратын болған. Сондықтан сөздің түбір мағынасы да сәйкес келеді деуге болады. Бұл сөздің түбірін одан да ары бөлшектеуге болады. Оған саха тіліндегі түбірлес *күүс* “күш”, қаз. *күш*, қырғ., ұйғ., өзб. *күч*, азер. *дүс*, түрк. *дүс*, түркм. *дйүс*, башқ. *көс*, тат. *көч*, монғ. *эрчим* *хүч* түріндегі түбірлердің сақталғандығын мысалға келтіруге болады. **Күрес** сөзі де осы түбірден жасалған.

Ары қарай тағы да зерттей түссек, келесі бір сөздердің түптөркінін ашуға мүмкіндік туады. Эвенк тіліндегі келесі бір сөз де алдыңғы пікірді нақтылай түседі, яғни көне тілде жауынгермен қатар басшы мағынасында да жұмсалған. Мысалы, **кусауин** 1) *көне*. басшы (староста); 2) *кожа*, ие (хозяин, хозяика); 3) *бастық* (начальник) [3, 438 б.]. Қазақ тілінде *қожайын* түрінде де айтылады. Ал осы сөз дыбыстық жағынан да, мағыналық жағынан да орыс тіліндегі *хозяин* сөзіне сәйкес келеді.

Бүгінде тілімізде қолданыста бар *қожжа* сөзінің шығу тегін араб тілінің *хужатун* (خوجة) ‘ұстаз’, ‘басшы, құрметті адам’, ‘ие’, ‘ислам дінін

таратушы, дінбасы' сөзімен байланыстырамыз. Егер араб тіліне тиесілі болса, тұңғыс-манжұр тілдеріне жататын эвенкілерде бұл сөз қайдан жүр? деген сауал туындайды әрі бұл сөздің түбірін түркі-моңғол, тұңғыс-манжұр тілдеріне әкеп тіреуге дәлел де бар. Егер араб тілінің деректеріне сүйенсек, бұл жайлы екі пікір айтуға болады:

1. Араб тіліне шет тілінен енген сөз болуы мүмкін. Х.К. Барановтың екі тілдік сөздігіне *خواجة, خواجا* господин (в обращении к европейцам) және *خوجة* “ұстаз, қожа” (учитель, ходжа) [4, с. 240] сөздері кездеседі, бірақ осы түбірден тараған өзге сөздерді кездестіре алмадық.

2. Сөздің түбірі *ح*-мен келетін *حج* (хаджжа) етістігі болуы мүмкін, себебі етістіктің екінші бір мағыналары “дәлелдермен жеңу; сендіру” (побеждать доводами, аргументами; убеждать) және *حاج* (хаджжа) “дауласу” етістігінің мағыналары алдыңғы *қу* етістігінің мағыналарына біршама сәйкес келеді [4, с. 156].

Егер орыс тіліндегі *хозяин* сөзінің этимологиясына үңілсек, бұл сөздің таралу аймағы кең екендігі аңғарылады. Радловтың түркі тілдерінен енгендігі жөніндегі пікірімен келіспеске болмайды.

Хозяин мн. *хозяева, хозяйя*, также в знач. "злой дух, домовый", терск. (РФВ 44, 110), амурск. (Карпов), колымск. (Богораз), *хозяйка*, укр. *хазяїн*, блр. *хадзяін* (под влиянием слова *хадзіць* "ходить"; см. Аппель, РФВ 3, 88), др.-русс. *хозя* "господин" (Афан. Никит.). Заимств. из чув. *хо́жа, хи́жа* "хозяин", тур. *ходжа*, крым.-тат., чагат, азерб., тат. *хо́жа* "учитель, хозяин, старец" (Радлов 2, 1708). Непосредственно из этого источника происходит др.-русс. *ходжа* "господин" (Никон. летоп.; см. Срезн. III, 1382); см. Рясянен, FUF 29, 200; ZfslPh 20, 448; Корш, AfslPh 9, 503; Mi. EW 90; TEL. I, 309, Nachtr. I, 46; Бернекер I, 400; Паасонен, CsSz. 52; Вихман, TT 50. Напротив, Соболевский (AfslPh 33, 610; "Slavia", 5, 450) принимает только тат. источник происхождения и объясняет – явно ошибочно – чув. слово как заимств. из русск.; см. против этого Паасонен (там же), Вихман (Tschuw. LW. 86). Неверно ищет Шёльд (Symb. Rozwadowski 2, 298 и сл.) источник русск. слова в перс. *xudāi* "учитель, господин" (Макс Фасмер. Этимологический словарь русского языка М., 1989) [5, с. 254].

Парсы тілінде *хода* “1. Құдай, Жаратушы тәңір. 2. әмірші, ие, қожа” [6, 179 б.] түрінде де айтылады.

Азерб. *хоса*, түрк. *хоса*, тат. *хожса*, өзб. *хўжа*, чув. *ходжа*, моңғ. *ходжа*, каннада *hodja*, грек *хотџа*, макед. *хоџа*, фин *hodja* т. б.

Бұл сөздің түбірін шумерлердің **Кадингир** (құдай қақпасы) қаласының атауымен де салыстыруға болады. *Кадин* сөзінің түбірі – *кад*, **-ин** – ілік септігінің жалғауы болу керек.

Келтірілген деректер *көсем* мен *қожа*, *құдай* сөздерінің бір негізден тарағандығына дәлел бола алады десек, бұл сөздердің таралу аймағының кеңдігі, қаншама тілдерге ортақтығы жайлы не айтуға болады? Жоғарыда жасаған талдауларымызға сүйене отырып, бұл сөздердің түптөркіні жайлы мынадай тұжырым жасауға болады:

1. Түркі, моңғол, тұңғыс-манжұр тілдеріне тән сөз, себебі түбірдің осы тілдерге қатысты тұлғасы, мағынасы және жұрнақтардың сәйкес келуі байқалады. Сондықтан өзге тілдерге туыстас түркі, моңғол, тұңғыс-манжұр тілдерінен енді деуге болады.

2. Ностратикалық тілдерге тән болуы мүмкін.

Ностратикалық тілдер шығыс ностратикалық (орал, дравид, алтай) тілдері және батыс ностратикалық (афразия, үндіеуропа, картвел) тілдері болып бөлінеді. Бұлай бөліну себебі кейінгі ұрпақ тілдердегі жалпыностратикалық вокализмдердің тағдырымен байланысты шығыс ностратикалық тілдерде түбірдегі алғашқы тұрақты вокализм сақталған да, ал батыс ностратикалық тілдерде вокализмдік алмасулар жүйесі (аблаут) дамыған [7, 238 б.].

Берілген мысалдардан түбір мен қосымшалардың туыстығы байқалады, сондықтан шығыс ностратикалық тілдерге тиесілі деуімізге болады.

3. Ностратикалық тілдер семьясының таралған шекарасы әлі толық анықталған жоқ, анықталған жағдайда жүргізілген, болашақта жүргізілетін зерттеулер әлем тілдерінің генетикалық туыстығына, бүкіл тілдердің бір негізден, бір тілден тарағандығына әкелмей ме? деген сауал туындайды.

ИТҚАРА – қыстау. (БҚО, Казталов ауд.). Атау *ит* және *қара* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. *Ит* – “сүтқоректілер табы, ит туысына жататын, қасқырға жақын асыранды үй хайуаны. Адамның тұңғыш үйреткен жануары – ит” (ҚӘТС, 7 т. 357). *Ит* – алғашқы аң аулауға, аңға салуға үйретілген үй хайуаны және қазақ халқында қасиетті саналатын жеті қазынаның бірі. Сондықтан да болар, итке қатысты жағымды, жағымсыз мағынада айтылатын сөз тіркестері, біріккен сөздер баршылық. Мысалы: *итжығыс, итқорлық, итқұс, итмінез, иттартыс* т.б. *Ит* сөзімен тіркесіп келетін өсімдік атаулары да бар: *итмұрын, итқоға, итошаған, итсабын, иттабан, иттіс, итшегіргүл, итиомырт* т.б. *Ит* сөзі біраз топонимдердің құрамында алғашқы компонент ретінде кездеседі: *Итшоқы, Итішпес Алакөл, Итарқа* (е.м.), *Итауыз* (төбе), *Итбас* (тау), *Итқара* (бейіт) т.б. Мұның бәрі *ит* сөзінің сөзжасамдық қабілетінің жоғары екендігін, өнімді қолданылатындығын аңғартады.

Т. Жанұзақтың *Итшоқы* жайында: «Шоқының шоқиып отырған итке ұқсас болуына орай қойылса керек» [8, 100 б.] дейтін пікірімен келісуге болады. «*Қара* сөзі «төбе», «жота», «биік жота», «биік шоқы» мәнінде жиі қолданылады. Қараңыз: *Жетіқара, Жаманқара, Долаңқара, Балтақара, Тастықара*, т.б. [9, 92 б.]. *Итқара* атауы да төбенің шоқиып отырған итке ұқсас болуына орай қойылып, кейіннен қыстауға берілуі мүмкін.

Екіншіден, осы арада мынадай сөздерге көңіл бөлсек, *ит* сөзінің тағы бір ауыс мағынасын аңғаруға болады. Мысалы: *ит жон* “онша биік емес, дөңестеу жер”, *иттүйнек* “піспей, өспей қалған қауын”, *ит жуа* “жуаның ұсақ, жабайы түрі”, *итарба* “аяғы жаңа шыққан баланы жүруге дағдыландыру үшін арнайы жасалған қоларба”, *итжейде, иткөйлек* “жаңа туған балаға кигізілетін тігісі сыртына қараған көйлек, жейде” (ҚӘТС, 7 т. 361-376), осы сөздердің бәріне ортақ мағына – кіші, аласа. Олай болса, *ит* сөзінің өзге сөздермен

бірігіп, тіркесіп, сөзжасаудағы көп мағыналарының бірі топонимжасауда да орын алған.

Ит көне тілде – **īt** [10, с. 221]. Көне **ыт** түбірі саха тілінде сақталған [11, с. 531].

Қара – түр.-монғ.- тұңғ.- манж. т. ортақ сөз, монғ. т.: *хар*, тұңғ.-манж. *қара*. *Қара* сөзінің лексикалық мағынасынан бөлек топонимдік мағынасы да әрқилы. Оны өзге тілдермен салыстыра отырып аңғаруға болады.

«**Қара** сөзінің ностратикалық тілдерде кеңінен көрініс табатынын В.М. Иллич-Свитичтің (1971, 216 б.) еңбегінен анық көреміз. Мәселен, араб. **qara** – «отдельно стоящая скала», «холм»; египет. **rk** – «холм», түрк. **кыр** – «тау», «қырат», «жота»; монғ. **kira, хар, хара** – «жал», «биіктік», т.т.» [9, 92 б.]. Х.К. Барановтың екі тілді (ар.-рус.) сөздігінде **қара** сөзінің көпше түрі *қара, қира, қур* “бугор, горка, холм” деп берген. Осы сөздің түбірі *қара* етістігі “ходить на цыпочках” мағынасында жұмсалады [12, с. 664], яғни сөздің түбірінің араб тіліне де тән екендігін көрсетсе керек. Ал парсы тілінің сөздігінде **қарә** “қара” түркі сөзі деп көрсетілген. Егер В.М. Иллич-Свитичтің «**Қара** сөзінің ностратикалық тілдерде кеңінен көрініс табатыны» туралы пікірін ескерсек, бұл сөздің біраз тілдердің сөздік қорынан орын алғандығына дау жоқ. (Ностратические языки – макросемья языков, объединяющая афразийские языки, индоевропейские языки, картвельские языки, уральские языки, дравидийские языки и алтайские языки [13, с. 338].). Бұл пікірді Е.М. Мурзаевтың мәліметтері де дәлелдей түседі:

Внимательный топонимист заметит сходство семантики и фонетики во многих словах относящихся к разным языкам, индоевропейской семьи или даже за пределами ее. Приведу такой ряд с упоминавшимся термином *гора*; славянское *гора* точно соответствует афганскому *гар* в том же значении грузинскому *гора* – «горка, холм». В албанском *gur*, в армянском *кар* – «камень». В древнеиндийском *girīś* и в авестийском *gaīrī* – «гора». Ср.: хинди *гар* – «замок, крепость», в тибетском *гархи* – «крепость»; название кишлака *Гарзой*, т. е. «горная земля» на Ягнобе в Таджикистане; в азербайджанском *отгар* – гора с хорошими пастбищами, где тюркское *от* – «трава» (Юзбашев, 1966). Пока связь этих всех элементов легко объяснима: в тибетском языке можно думать о заимствовании из хинди или санскрита, в азербайджанском и грузинском – из окружающих индоевропейских языков, в первую очередь из иранских. Более сложно объяснить такие удивительные совпадения: *гора* – «холм с твердыми склонами, скалистый останец, столовая гора» в Сахаре (Carot-Rey, 1963), что до странности точно совпадает с определением Г.К. Конкашпаева (1963) для казахского слова *кара*, которое «в конце сложного географического названия (типа Аманкара и Бериккара) означает сопку или другую сравнительно крупную возвышенность, сложенную из твердых пород с обнажениями темного цвета».

Г.К. Конкашпаев считает, что обнажения черного цвета оправдывают слово *кора* – «верный». В более поздней работе (Г.К. Конкашпаев, рукопись) названия типа Ушкара, Нарын-Хара он считает эллиптированными, усеченными, только либо тюркскими, либо монгольскими. Здесь, по-моему,

имеет место уже позднейшее переосмысливание в порядке народной этимологии, на что указывает и необычная для прилагательного вторая позиция слова в сложных тюркских названиях. Дальше на восток, в Монголии, в оронимах нередко то же слово, но уже в форме *хара*: Нарийн-Харуул, где монг. уул опять же «гора». Без сомнения, тюрко-монг. *кара*, *хара* можно рассматривать как субстратные местные географические термины индоевропейского происхождения. Наличие таких лексических элементов в Южной Сибири и Центральной Азии (Дульзон, 1964; Мурзаев, 1964), не говоря уже о Казахстане, не может казаться неожиданным [14, с. 9-10].

В.Э. Мурзаев А. Б. Долгопольскийдің (1967) *қара* сөзіне қатысты бірнеше тілдерге жасаған талдауына тоқтала отырып, солардың қатарына жапон тіліндегі куро “қара” сөзін жатқызады. Ең болмаса, Куросивоның жылы ағысын еске түсірейік, дәл аударғанда “қара теңіз суы” дегенді білдіреді.

Мен осы соңғы сәйкестік туралы 25 жыл бұрын (Мурзаев, 1948) жазуыма тура келді, 1878 жылы Париждегі этнографиялық конгресте Черногория – Карадагтың түрік атауы жапон Куродак атауымен, яғни “Қара тау” (Юферов, 1980) толығымен бірдей екендігі айтылды. Бірақ сол кезде сенбейтіндерді салыстыруға көндіретін дәлелдер болады деп кім ойлауы мүмкін еді: түркі *кара* сөзі мен жапондық *куро*, мұндай жақындасуда кездейсоқтық жоқ, – дейді В.Э. Мурзаев [14, с. 121]. Бүгінде сөздікте беріліп жүрген Курояма (Қаратау) түрінде берілуі де, осы сөздің қара мағынасын еске түсіреді.

Бұл сынды мысалдар сол аймақтағы негізгі тілді анықтауға мүмкіндік береді.

Қара сөзінің көптеген тілдердің сөздік қорынан орын алуы жайдан-жай емес. Жалғыз *қара* сөзі емес, өзге де кейбір түркі топонимдерінің таралу аймағының кеңдігі жайында айтылып келеді. Оның да өзіндік себептерінің бар екендігі анық.

Бұл талдауларға көңіл бөле қарасақ, екі түрлі түбір жайында сөз болып отырғанын байқауға болады. Бірі – *қара* сын есімі, екіншісі – *қар*, *қара*, *қыр*, *қыра*, *гар* т.б. “тау, қыр, жота” мағынасындағы сөз. Егер шумер тіліндегі көне түбірмен салыстырсақ, түбірдің түптөркіні біршама түсініктірек болар:

Шум. т. ҚУР тау; Қур *тұрғыз* (жалпы түркі). УР сөзінің басқаша нұсқасы.

ҚЫР тау жотасы; тау қырқасы, арқа (жалпы түркі).

КУРА (ҚОРА) қабырға; қабырғамен қоршалған кеңістік.

ҚУР (КӨР) бейіт төбешігі [15, 228 б.].

Көне түбір *ур* болса, мағынасы – “ұр, соқ; қала, тұрғыз, орнықтыр” (10, с. 614).

Біріншіден, мұны түркі халқының үлкен кеңістікте көшіп-қонып өмір сүруімен байланыстыруға болады.

Екіншіден, түркі халқының жаугершілік замандарда басып алып, үстемдік еткен аймақтарынан, сауда-саттық жолында жүріп өткен жерлерінен хабар береді.

Үшіншіден, негізгі себеп бұл сөздердің этимологиясында жатыр. Екі *қара* мен *қур* (*ур*) түбірлерінен тарайтын сөздердің ең көне тіл болып табылатын шумер, көне түркі, монғол, тұңғыс-манжұр, жапон тілдеріне тән екендігі байқалады. Сондай-ақ бұл сөздер түр.-монғ. тілдерінде тек топонимдердің құрамында ғана емес, бүгінге дейін жалпы есім ретінде де қызмет етіп келеді. Жоғарыда берілген «Без сомнения, тюрко-монг. *қара*, *хара* можно рассматривать как субстратные местные географические термины индоевропейского происхождения» сынды ғалымдардың пікірлері – таза еуропацентристік көзқарастан туындаған пікір. Себебі *қара* сөзі көне түркі, монғол, тұңғыс-манжұр тілдерінде жеке түрінде, туынды, күрделі сөздердің құрамында, жалқы есімдердің құрамында кеңінен қолданылған, әлі де өнімді қолданылып келеді. Мәселен, көне тілде (ДТС) *қара* үш омонимге, негізгі мағына жеті түрге жіктеліп берілген: 1. *қара* (түс); 2. қараңғы, күңгірт, түстен ажыраған, түнек; 3. *ауыс*. бақытсыз, сорлы, жауыз, қалжырататын; 4. *ауыс*. жаман, сұрқия; 5. *ауыс*. жәй әншейін, қарапайым, қарабайыр; 6. былғаныш, батпак; 7. *қара сия*, *тушь* [10, с. 422-423 .].

Осы арада *қара* сөзінің топонимдік семантикасына, көне тілдегі мағынасына үңіле отырып, талдауымызды ары қарай жалғастырсақ, кейбір сұрақтарға жауап алуға болатын сияқты. Талдауға негіз болып отырған *қара* сын есімі мен *қар*, *қара*, *қыр*, *қыра*, *гар* т.б. “тау, қыр, жота” мағынасындағы сөздерді не байланыстырады? Ол үшін осыған дейін жасалған талдау жұмыстарына көңіл бөліп көрейік.

1. Қазіргі тілдік тұрғыдан екі түрлі сөз табына қатысты екі түрлі түбір болғанымен, бұл сөздердің топонимдік мағынасында ұқсастық бар: “тау, қыр, жота, биіктік”.

2. Дыбыстық, тұлғалық жағынан ұқсастық бар.

3. Екі түрлі түбір екі түрлі сөз табына емес, бір ғана сөз табына тиесілі болу керек.

Мұндай пікірге келуімізге шумер тіліндегі КИР “жер” сөзінің жалпы түркі тілдерінде КИР кір, балшық (жалпы түркі) ЙИР (ЙЕР, ЙАР, ЖЕР, ДЖЕР, ЗЕР, ДЬЕР) жер [15, 228 б.]. мағынасында келуі себеп болды. *Қара* (түс) сөзі жердің түсіне байланысты осы *кир* “жер” (қазіргі қазақ тілінде *қыр*; *кір*) сөзінен пайда болған болу керек. Әбілғазының «Түрік шежіресіндегі» «Керейт елінің баянынан» да көрінеді. Онда: «Керейттің мағынасы – «қара баран, яғни қара қой» дегенді білдіреді [16]. Логикалық тұрғыдан киімнің кір болуының өзі тікелей шаңмен, топырақпен байланысты. Біршама тілдерде бұл сөздің бірде к-мен, енді бірінде қ-мен (х-мен) айтылуы көне тұлғаның бірінде сақталып, бірінде дыбыстық өзгеріске ұшырауына байланысты болу керек. Мысалы, монғ. т. *kira*, *хар*, *хара*, халха-монғ. *хира*, бурят. *хэр*, *хээр* т.б. Тағы бір дәлел: *қара* сөзінің көне тілдегі (ДТС, 422-423) бір мағынасы былғаныш, батпак дегенді білдіреді.

Қара сөзі Қарахан династиясындағы әкімдердің есімдерінің құрамында қолданылған: *qara baqšï*, *qara buqa*, *qara qan*, *qara oquj* т.б. Географиялық жер атаулары: *qara jalya*, *qara jïyač*, *qara köl*, *qara qum*, *qara qaš ögüz* (өзеннің атауы), *qara guš* (Юпитер планетасы), *qara bölük* (этноним) т.б.

Әрине, бұл түр.-монғ. тілдерінің төл сөзі екендігінің айқын дәлелі деуге болады. Сондықтан топонимдерді тілдік байланыстың, тілдік ықпалдасудың ерекше бір түрінің куәсі деуге болады.

Осы арада Ә. Қайдардың «Дәл саяхатшы болмаса да, сол сияқты ел-елді аралап, сол елдердің тілінде өзінің ізін, яғни «қолтаңбасын» қалдырып жүрген сөздерді де саяхатшы деуге әбден болады» [17, 239-240 б.] дейтін пікірімен келісуге болады. Осыған орай шығу тегі үндіеуропа тіліне емес, керісінше түр.-монғ. тілдеріне тән, көп тілге тамырын жайып, болмысын сақтап қалған *қара* сөзін де саяхатшы сөздердің қатарына қосуға болады. Сонда *Итқара* атауы “аласа жота, төбе” дегенді білдіреді. Немесе жоғарыда айтқан ностратикалық тілдерге тән деп түсінген дұрыс.

ҚЫРКӨЛ – қоныс. (БҚО, Казталов ауд.). Атау *қыр* және *көл* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. “Аласа таулардың, үстірттің ұзына бойына созылып жатқан биік жері”, “елді мекеннен сырт жер, дала” *қыр* деп аталады. Атауда *қыр* да, *көл* де тура мағынасында “қырдағы көл”, яғни “созылып жатқан биіктеу, жоталы жердегі көл” дегенді білдіреді. Ауылдың *Қыркөл* аталуына бір кездерде осы маңда шағын көлдің болуы себеп болған болу керек.

Монғ. т. **kira, xar, xara** – «жал», «биіктік» сөзі тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да *қыр* сөзімен сәйкес келеді. *Қыр* сөзі көпшілік түркі тілдерінде және түркі тілдерінен тыс өзге де тілдерде кездеседі: қаз. т. *қыр* – “адыр, қырқа, шағын төбе” т.б., қырғ. т. “тау басы немесе биік тау етегі”, ноғ. т. *қыр* “дала, егіс даласы”, өзб. т. *қыр* “жоталы, төбелі дала”, тува т. *қыр* “тау жотасы”, түр. т. *kir* “қыр”, алт. т. *қыр* “тау, қырқа”, хак. т. “край, грань”, “горный хребет, гребень горы”, халха-монғ. т. *хира* “низкий горный массив, мелкосопочник, разрушенные и размытые возвышенности, предгорья”; бурят т. *хэр, хээр* «степь, поле»; фин-угор т.: удм. т. *қыр* “степь, открытое место”; коми т. *қыр* “холм, небольшая гора, крутой обрыв, возвышенность, склон, утесистый берег”, т.б.

Түркі тілдерінде мұнымен қатар параллель өзге де мағыналары кездеседі: “қыры, жоны, бүйір, жақ, шет”.

Қыр термині жайлы мына бір дерекке көңіл аударған жөн болар: «В Якутии, по данным М.Н. Мельхеева (1958), отмечен термин *кырдалы* – «своеобразные формы микрорельефа... в виде удлинённых глив высотой до 2-3 м, тянущиеся параллельными рядами вдоль направления реки. Встречаются на широкой плоской террасе р. Лены и др. рек» [14, с. 114-115]. Өзен бағыты бойымен параллель созылып жатқан биіктігі 2-3 м. жал түріндегі микрорельефтің *кырдалы* атауының *Қыркөл*-ге қатысы болуы мүмкін.

Көне тілдегі **qir** есімді-етістікті синкретті түбір: 1. таулы үстірт, қырат, қырқа; 2. қыр, күре, тырна (етіст.) [10, с. 445]. Нақты деректерден байқалғандай, *қыр* сөзінің ең көне тұлғасы шум. тіліндегі **qir** “жер”, жалпы түркі тілдерінде: *kir* “кір; балшық, шалшық, лай”, монғ. т.: **xir** [1, 583 б.]. Осы түбірден: *йир* (*йер, йар, жер, джер, зер, дьер*) “жер” нұсқалары жасалынып, мағыналық өзгерістің пайда болуына әкеледі. *қараң.:* *Итқара*.

САРҚЫЛ – көл. (БҚО, Казталов ауд., Жаңажол ауылдық округі). *Сарқыл* сөзінің екі түрлі мағынасы бар: 1. Судың, сұйық заттың түгел құйылуы. 2. Өзен, көл, су қоймасының суының тартылуы (ҚӘТС, 12 т. 690).

Балықты Сарқыл – Жайық алабындағы көл. Географиялық орны Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданында, Қараөзен және Сарыөзен өзендері аралығында, Жалпақтал ауылының оңтүстік-батысында 8 км жерде орналасқан. Көл теңіз деңгейінен 4,8 м. биіктікте.

Гидрографикасы. Айдынының Батыс Қазақстан облысы аумағы көктемде 60 км 2 м. жетеді, орташа тереңдігі 3,2 м. Негізінен, Қараөзен суымен толығады. Суында минералды қоспалар көп. Саз балшығы кейбір ауруларға ем. Суы қараша айында қатып, сәуірдің басында ериді.

Сарқыл атауының этимологиясы жайлы екі түрлі пікір ұсынуға болады.

Біріншіден, бүгінде мағынасы түсінікті *сарқыл* етістігімен байланысты айтуға болады. Атау көл суының тартылуына байланысты қойылуы мүмкін. *Сарқыл* етістігінің түбірі – **sarq** ‘тамшылау; сарқылу’, **-ыл** – ырықсыз етістің жұрнағы.

Екіншіден, Ресей жеріндегі *Саркел* топониміне қатысты пікірлерді де ескерген жөн. Ізденуші Е.Б. Акиндиновтың кандидаттық диссертациясы Ресейдің Ростов облысыныңдағы түркі топонимдеріне арналған (Тюркская топонимия Ростовской области. Казань, 1992). Ростов облысының бірқатар топонимдері ежелгі түркі атауларынан қойылған, олардың кейбіреулері қазіргі тілде жоқ, ал басқалары семантикалық өзгерістерге ұшырағандар, олардың арасында Саркел, Тана, Кушмак, Саса, Тарпан сияқты топонимдер бар.

Саркел – Хазарлардың IX-X ғасырлардағы Төменгі Дондағы тарихи қаласының атауы. X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың басында бұл Ресейдің Белая Вежа қаласы болды. Ежелгі Саркел қаласының қирандыларын, қазіргі уақытта Цимлянск су қоймасының суы басқан. Ол Ресейге және жергілікті далаларды жайлаған көшпенділерге қарсы күресу үшін керуен жолдарындағы маңызды бекініс ретінде салынған.

«Саркел – төменгі Дондағы Астана, ежелгі орыс Саркелі. Грекше “Σάρκελ”. Грек атауы, көріп отырғанымыздай, алты әріптен тұрады және осы пішінде ол басқа еуропалық тілдерге, соның ішінде орыс сөздеріне енген. Саркел қаланың атауы хазарлар тілінде – ақ қонақ үй немесе ақ үй дегенді білдіреді», – дейтін пікір бар.

Академик М.З. Закиев жазғандай, Саркел – қала немесе бекініс атауы, екі этимологияға жатқызуға болады: а) **сары келэ** (сары) – сары, ақ, ал **кел келэ** – бірдеңені құлыптаулы, қамауда сақтайтын орын [18, с. 18].

Саркел орыстар басып алғаннан кейін Белая Вежа деп аталды, бекіністің қосымша атауы – орыс калькасы.

Белгілі топонимист-ғалым Мурзаев Е.М.: «термин *sar* – гора, горная вершина (арм.), восходит к иранскому, осетинский *sar* – верх, голова, вершина, а *кел* – крепость, по арабски тут можно привести параллели с турецким “gil” – дом, чувашским “gil” – дом», – дейді [19, с. 495].

Проанализировав семантику происхождения топонима Саркел, можно выдвинуть гипотезу о том, что Саркел – никак не ассоциируется со словом “Белая гостиница” или “белый дом”, хотя в древнетюркском словаре он обозначает цвета: белый, желтый, а также обозначал направление света: запад, юг, ну а *кел*, как мы уже сказали, сохранен в древнем языке хазаро-булгар и в древней Хазари разговаривали на хазарском языке. Значит Саркел – большая белая крепость. Крепость, построенная на западе или главная крепость хазаров [20, с. 14-15].

IX ғ. ортасында хазарларға славян-орыс мемлекеті қауіп төндіре бастағаннан кейін қорғаныс құралы ретінде құрылыс жүргізген. Салынған қорған Саркел аталған. Саркел қорғанының қашан, қалай салынғандығы жөніндегі құнды мәлімет Византия императоры Константин Багрянородныйдың еңбегінде сақталған (905-959) [20, с. 9]. *Кел/кер* сөздерінің қорған мағынасын бергендігімен келісуге болады. М.З. Закиев *керман* сөзін де “крепость” деп береді [21, с. 303]. Осы түбірден жасалынған көне *kerügü* “шатер, юрта” [10, с. 300] дегенді білдіреді, бүгінде қазақ тілінде семантикалық өзгеріске ұшыраған *кереге* сөзі сақталған. Егер жоғарыда келтірген *gil* “үй”, *кел/кер*, *керман*, “қорған”, *kerügü* (*кереге*) “киіз үй” сөздерінің дыбыстық жағынан да, мағыналық жағынан да ұқсастықтарының бар екенін ескерсек, онда олардың архетип түбірлерінің О. Сүлейменов келтірген шумер тіліндегі *ҚУР* “тау” сөзі *ҚУР тұрғыз* (жалпы түркі) УР сөзінің басқаша нұсқасы деуге болады.

ҚИУА – қыстау. (БҚО, Казталов ауд.). *Қиуа* сөзі “ұрымтал жер немесе қиян, алыс, шалғай жер” мағынасында топоним жасай алады. Қыстаудың *Қиуа* аталуына “алыс, шалғай жерде” немесе “жартасты құздың” жанында орналасуы себеп болған сияқты.

Өзб. т. *қия* “”, қырғ. т. *кыя* “қия беткей”, саха т. *хая* (хайа) “жартасты, құз”, “тік жартасты тау”, “тау тізбегі”, түркі тілінен парсы тіліне *кая* “жартасты”, “құз”, “төбе”, болгар тіліне *кая* “құз, жартасты” түрінде енген.

Қиуа, қия, қиян, құз, қыр сөздерінің түбірі бір, көне тілде осы түбірге ұқсас *qaja/kaja* “жартасты қия” [10, с. 406] сөзі кездеседі, қыйып, кесіп тастаған сияқты қия, құздардың, қырлардың сипатына қарап, *qij/qid* “қый, кес, қысқарт” етістігінен жасалған болу керек. Монғ. т. *хаяа* “шет, жиек, кемер”, *хэц* “қия, тік беткей” [1, 664 б.] сөздері де түркі тілінің *qaja* сөзімен түбірлес. Орош. *киа* ~ *кија* [кира] *с прит. афф. край* чего-л., *кијадума* крайний. уд. *каә* [кија < кира] Хор. Ан. *край, берег* [3, с. 397]. Сондай-ақ *кад, када, кадар, хада, хад* тұлғалары тұңғыс-манжұр тілдерінде кездеседі [19, с. 240]. Осыған ұқсас эвенк. *кира* 1) *край*; нан., ульч., орок. *қира край* (предмета) [3, с. 397]. Орыс тілінің *край* сөзі де осы сөзбен түбірлес дейтін болсақ, бұл сөздердің қатары ары қарай өзге де тілдермен толығырақ түседі (Мәселен, М. Фасмер ЭСРЯ, II т., с. 364).

Біздің бұл пікірімізді кейінірек М.З. Закиевтің еңбегінен кездестірген ғалымның мына бір пікірі де растай түседі: «В слове *Каукас* (Кавказ) *кыу/кау* ‘белые’, *кас* ‘скала’ от слова *кас/кис* ‘резать’, в тюркском языке позже оно заменилось словом *кыя/кая* также от слова *кый/кай* ‘резать’, Во втором слове *кроукас* первая часть – *кроу* ‘иней, снег’, вторая часть – *кас* ‘скала’ [21, с. 143].

Келтірілген мысалдар қаншалықты көне болса да, тілімізде сақталған. Мысалы, *кыу/кау* – қаз. т. *қу*, *кас* түбірі *қасқай* “тік қара”, *қасқайып тұрды* “денесін тік ұстап тұрды” т.с. сөз және сөз тіркестерінің құрамында сақталған, *кыя/кая* – *қия*, *кроу* – қырау.

ТАЛАС – қоныс. (БҚО, Жәнібек ауд. Күйгенкөл а. о., Өнеге а.). Талас – әуелде өзенге қойылып, келе-келе әуелгі мағынасы ұмыт болып, өзге де елді мекендерді атауға қолданылған көне атау. Талас атауы біздің дәуірімізге дейінгі топонимдердің қатарында аталады.

М. Қашқарида **kiči talas** түріндегі қаланың аты кездеседі (МҚ I 366). Сондай-ақ **arġu talas** *геогр.* одно из названий города Таласа (Ман I 26₂₀); **kümi talas** *геогр.* название одного из городов на границе с уйгурами (МҚ I 366); **uluġ talas** *геогр.* название города, расположенного около Баласагуна (МҚ I 30) (ДТС, 326, 528, 610) сынды атаулардың бәрі қалаға қатысты айтылған.

Талас гидронимінің этимологиясы жайлы әртүрлі пікірлер бар. Бірінде атау екі сөздің бірігуінен жасалған десе, екінші бір пікірлерде түбір сөз бен көптік жалғауының келуі арқылы жасалған дейді.

«Зерттеуші Қ. Өмірәлиев атаудың аяғындағы **-ас** бөлшегі фин-угор тіліндегі «өзен» деген мағынаны беретін сөз, «бұл сөз финугорлар мен түркі тілінің алтай дәуіріне ортақ белгі де болуы мүмкін» деп қарайды [22, 82 б.].

Ә. Абдрахманов бұл пікірді құптамайтындығын білдіреді: «Талас өзенінің маңында фин-угор халықтары болған жоқ, сондықтан бұл маңда фин-угор-түркі ортақтығына байланысты атау да болуы күдікті, сол себептен автордың бұл пікірін біз құптай алмаймыз.

Қорыта келгенде, атау этимологиясының кескіні мынадай: талай//далай (түркі-моңғол тілдеріне ортақ «су», «өзен» деген сөз) + **-с** (түркі-моңғол тілдеріндегі көптік мағынаны білдіретін көне жұрнақ)», – дейді [23, 168 б.].

Ғалым **Текес** гидрониміне қатысты да осындай пікір білдіреді:

«Гидроним екі элементтен құрылған: *теке* + *с*. *Теке* түркі тілдерінде және қалмақ тілінде (тек) «козел – производитель» дегенді білдіреді (А.М. Щербак. Названия домашних и диких животных). Атаудың екінші бөлімі **-с** – түркі-моңғол тілдеріндегі көптік мағынаны білдіретін көне жұрнақ (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание). *Бақанас*, *Келес*, *Талас* гидронимдері осы үлгімен жасалған. *Теке* + **-с** (текелер) осы тауда теке (таутеке, тау ешкі) көп екенін білдіреді» дейді (Әбдірахманов, 1975, 203-204 бб.).

Т. Жанұзақ та **Текес** топонимінің бойындағы **-с** қосымшасын көптік жалғауы деп табады: «Қазақ этнонимдері мен топонимдерінің көптік көрсеткіштері моңғол, тұңғыс-манжұр, кавказ тілдерінің көптік көрсеткіштерімен генетикалық байланыста. Бұл олардың пішіні мен мазмұнының сәйкес келуінен көрінеді. Көптік жалғаудың мұндай көрсеткіштері : *т/д*, *с/з*, мысалы, *дулат*, *маңғыт*, *байыс*, *соғат* (этнонимдер), *Дарат*, *Арқат*, *Дегерес*, *Текес* (топонимдер); **-қ** (**-ақ**, **-ек**, **-к**), мысалы, *Созақ*, *Қимақ*, *Құмық*, *Қыпшақ*» (Жанұзақ, 2008, 235-б.) [24, 85 б.].

Шындығында, *Текес* топонимінің түбірі *теке* болған жағдайда, *-с* қосымшасының көптік жалғауы болуы әбден мүмкін. Бүгінде тілімізде көптік жалғауы қызметін атқармағанмен, *-с* қосымшасының әртүрлі орындарда сақталып қалғандығы жөнінде пікірлер бар.

Біз алғашқы еңбектеріміздің бірінде *с/з* көптік жалғауы жайлы былай деген болатынбыз: «Бұл жердегі біздің мақсатымыз – грамматикалық элементтер қай тілден қай тілге енді деген мәселе емес, шығу тегі, қалай пайда болды? Себебі бұл мәселе біздің жазба ескерткіштеріміздің тілі арқылы анықтайтын мәселе емес, түп тамыры әріде жатуы мүмкін. Тіпті осыған ұқсас жалғаудың ағылшын тілінде кең көлемде қолданылатындығы да ойлануды қажет етеді. Ағылшын тілінде зат есімнің көптік категориясы *-s/-es* жалғауы арқылы жасалады: *book-s* ‘кітаптар’, *student-s* ‘студенттер’ т.б., дегенмен бұл жалғаулардың реликтілерін табуға қол жеткізген сияқтымыз. Қанша көне болғанымен, аздаған мысалдарды табуға болады. *-з* аффиксінің басқа көптік жалғаулардан айырмашылығы – әртүрлі сөз таптарына қатысты болып келуі. Сондықтан да оларды мынадай топтарға бөліп көрсетуімізге болады: 1. Есімдік; 2. Зат есім; 3. Жіктік жалғау; 4. Этнонимдер; 5. Тәуелдік жалғау құрамындағы аффикстер» [25, 117 б.].

Дегенмен берілген жер-су атауларының құрамы әлі де пікір ала-құлалығын тудырып отырғандығы белгілі. Болашақта бұл атаулардың қайсысының гидронимге немесе мекен атауларына қатысты қойылғандығы анықталып, ара-жігін ашып көрсету керек. Сондай жағдайда ғана талас тудырып келген *-ас*, *-ес* қосымшасының этимологиясы анықталып, толық мағыналы сөз (су) не көне көптік жалғауының көрсеткіші екендігі айқындалады.

Е. Қойшыбаев: «*Теке* және *-ес* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. *Ас*, *ес* қосымшаларын угор тіліндегі «су» мағынасына жатқызу біраз орын алған, бірақ ол терең талдауды керек етеді» деп топшылайды (Қойшыбаев, 1985, 219-б.) [24, 85 б.].

Талас атауын ғалымдар көне гидроним ретінде қарастырады. Ә. Қайдар *Бақанас*, *Талас*, *Келес*, *Арыс*, *Күнес* т.т. сияқты өзендердің атаулары екі атаудың қосылуынан қалыптасқан күрделі гидроним дейді. *Талас* < Тал+ас. *-ас* – көне түркі тілінде «өзен, су» деген мағынаны білдіреді [26, 134 б.].

Талас атауы орта ғасырларда да осы тұлғасында қолданылған. Ал моңғолдың *dalai* сөзі *talaj*, *taluj* және *taluj ögüz* “мұхит, теңіз” түрінде қолданылғандығы байқалады. Сондықтан бұл атаудың көне тұлғасын Талас деп алып, *тал* мен *ас/ус* сөздерінің бірігуінен жасалған деп түсінген дұрыс болар, яғни «талды су, талды өзен» дегенді білдірсе керек. Көпшілік ғалымдар бұл сөздің *Арыс*, *Бақанас*, *Қорғас*, *Текес*, *Келес*, *Күнес*, *Ертіс*, *Құяс* атаулары құрамында кездесетінін айтады.

Мұны көнеден келе жатқан топонимдерге берілген төмендегі талдау да дәлелдейді:

«Некоторые горы аборигенами Малой и Средней Азии представлялись грекам под названием *Оксий*. Это, по-видимому, были горы, откуда текли чистые реки. *Оксий* – от тюркского *оксай/оксуй/оксий*: *ак/ок* ‘белая, чистая’, *су/сай/сий* ‘река’.

Эти же аборигены называли разные реки словами *Аракс*, *Окс*, *Танаис*, которые были нарицательными словами: *Аракс* – от тюркского *арык/арак* ‘река, канава’; *Окс* – от тюркского *аксу/оксу* ‘белая, чистая река’; *Танаис* от тюркского *тыныс/тыныч* ‘спокойная, не бурная река’ и т.д.» (Пьянков И.В., 1997) [21, с. 283-284].

Су сөзі монғ. т. – **ус**. Осы сөздің көне түркі тіліне қатысы бар ма? деген сауалға жауап іздеп көрдік. Көне тілдегі *us* “иметь жажду” (*er usdī* Ер сусады (МҚ I 166)) (ДТС, 616) сөзі осы түбірден жасалған болу керек. **Су** фонетикалық жағынан өзгеріске ұшырағанмен, **суваг** “арық; канал” сөзінің құрамында сақталып қалған.

ҚАМЫСҚОРА – қыстау. (БҚО, Казталов ауд.). *Қамыс* пен *қора* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Қора* – “қабырғалары ағаш, қамыс не саманнан қаланып, төбесі жабылған, мал қамауға арналған орын, жай” (ҚӘТС, 10 т. 67). *Қамыс* – “өзен, көл жағаларында, сондай-ақ сазды, батпақты, ылғалды жерлерде өсетін өсімдік” (ҚӘТС, 9 т. 197). Қыстауда осындай қамыс қоралардың болуы атаудың қойылуына себеп болып тұр.

Қамыс көне тілде **qamīš**, **qamuš** түрінде айтылады, ал монғ. т. – **хулс** [1, 625 б.]. **Хулс** сөзінің түбірі – **хул** монғ. т. **хур** “ылғал, шық” [1, 628 б.] сөзімен сәйкес келеді, яғни ылғалды, сулы жерде өсетін өсімдік екенін көрсетеді, **-іс**, **-іш** – түр.-монғ. т. ортақ есімтудырушы жұрнақ.

Қора – монғ. т. **хороо** “қора, аула” [11, 597]. *Қора* сөзінің мағынасын *қотан* сөзімен байланыстыруға болады. “Мал түнейтін орын, ашық қора” мағынасындағы *қотан* (ҚӘТС, 10 т.149 б.) сөзінде қорғаумен бірге қоршау мағынасы жатыр. Мұны *алқа-қотан* “айнала, дөңгелене, қоршалай” (ҚӘТС, т.) сөзінің де мағынасынан байқауға болады, дегенмен мұндағы *алқа* – ар. т. *халқа* 1) кольцо; серьги (в виде кольца); 2) ринг; 3) звено; 4) круг (людей); 5) рынок [4, с. 192].

Қора сөзі **qorī** ‘қорғау, сақтау’ [10, с. 458] түбірінен жасалған. *Қора*, *қорық*, *қорған*, *қоршау* сияқты *қотан* сөзі де осы **qorī** түбірінен жасалынған. Көне тілде **qoruū** “охрана, защита” [10, с. 460]. Оны монғ. т. **хорго** “қорық, қамау, қорғаныш” сөзі дәлелдей түседі.

САРЫШӨҢКЕЙ – қыстақ. (БҚО, Казталов ауд.). Алғашқы компонент сапалық сын есім өзінен кейінгі зат есімнің түр-түсін, сапасын білдіретіні белгілі, сондықтан *шөңкей* – зат есім мәнді сөз. Қазіргі қазақ тілінде *шөңкей* тұлғасындағы сөз кездеспейді. Осы сөзбен түбірлес *шөңге* (пар. чунге “тікенек, шөгір”) – “шөптің, қурайдың тұқылы, шөгір” (ҚӘТС, 15 т. 419) мәнді сөз бар. Алайда -й дыбысының түсіп қалғандығы күмән тудырады, себебі й сөз соңында түсіріліп айтылатын дыбыстардың қатарына жатпайды.

Егер дыбыстардың тарихи өзгеру сипатына жүгінсек, онда қырғыз тіліндегі **чөңгөк** сөзімен байланыстыра қарастырған дұрыс. *Чөңгөк* ‘большая кочка на болоте; кочковатое болото (гл. обр. в горах)’ [80, с. 871], яғни сазды, батпақты, көгалды жерде болатын төмпешік мағынасын білдіреді. Сөз соңындағы к дыбысы өзі сияқты тіл алды г дыбысына алмасады, г түсіп қалады немесе дифтонгоид у дыбысына ұласады не й дыбысына ауысады.

Шөңкей, чөңгөк сөздерінің түбірі **чөң** екендігі белгілі, алайда көне түбір жуан айтылуға тиіс деген мақсатта біршама тұлғалас сөздермен салыстырып көруге болады. Мәселен, “**шоң**: шоң мұрын дөңкиген үлкен мұрын мәнін береді. **Шоңғал** “биік жер, төбе”, **шомақ** “дөңкиген, үлкен, түйедей” [83, 669 б.], **шомалай** “үйілген, үймек” сияқты сөздерге ортақ мағына – “дөңкиген, биік жер”. Қазақ тіліндегі **шом** (жерг. үйінді) (ҚӘТС, 15т. 397), **шөмеле** сөзі осы сөздермен түбірлес. Монғ. т. осы сөздермен түбірлес **цэндгер** мен **цардай-х** (етістік) “шерміш (шермию), шермиген, шардақ, шармиған” [13, 698 б.] сөздері кездеседі. Осы ретте айта кететін нәрсе: орыс тілінің **чугун** сөзі де осы түбірден жасалған болу керек.

Түбірлері **шоң, шөң, шом, шөм, чуг, цэн, цар** дыбыстық жағынан сәйкеседі. Дыбысталуы бірдей есім-етістікті түбірлердің алғашқы ілкі түбірі ғалымдар тарапынан етістікті түбір болып есептелінеді. Бір ұядан тараған түбірлес сөздердің қатарын толықтыра түскіміз келсе, т-ш дыбыс сәйкестігіне көңіл аудару қажет. т~д~ш~ч дыбыс сәйкестігіне орай **том+ниган, том+найган, дөң+киген, дөң+ес**, сондай-ақ **шер+миген, шар+миган** т.б. сынды сөздерді де осы қатарға қосуға болады.

Біз алдыңғы еңбегімізде бұл атауға қатысты осылай талдау жасаған болатынбыз. Бір қызығы кейіннен саха тілінің сөздігінен тұлғалық жағынан сәйкес келетін **чөңкөй** “деревянная чашечка” (кішкене шыны ыдыс, тостағанша) [42, с. 513] сөзін кездестірдік. Дәл осы сөздің топоним жасауға қатысы бар ма? деген сұрақ туындайды. ол үшін осы сөзбен түбірлес өзге де сөздерді талдап көрейік. Мысалы:

чомпой: чомпой бэргэһэ уст. “конусообразная высокая якутская шапка”

чөмчөгөр “конусообразный”

чөмчөх “куча, грудa, ворох”

чөмүччү “ковшиком (напр., держать)”

чөңөлөх “озерко, озерцо (глубокое)” [42, с. 511-513]. Мысалдарға қарай отырып, қазақ тілінің **шөмеле, шөміш, дөңгелек** сөздерімен байланыстыруға болады. Бұл сөздердің де басын қосып отырған – семантикалық ұқсастық.

Түбірлес сөздерді салыстыра қарағанда байқалатын нәрсе: заттық немесе сындық мәнді білдіретін сөз болсын оларды жақындастырып тұрған сыртқы келбетіне қатысты ортақ мағына – дөңгелек, домалақ, дөңкиген (үйінді десек те) сипатты, пішінді білдіру. Бұл сынды сипат алдыңғы мысалдарға да тән. Сондықтан бұл сөздерді бір ұядан тараған көне түбір деуге болады.

Бір түбірлес сөздердің ішінде тек **дөң, шар** түбірлері бүгінде жеке-дара қолданыла алады, ал өзге түбірлерді дербестігінен айрылған өлі түбірлер деуге болады.

Біз алдыңғы бір мақаламызда **дөң** түбірінен жасалған 27 туынды зат есім, сын есім, етістік сөздерді мысалға келтірген болатынбыз [84, с. 31-37].

Өзбек тіліндегі **дўнг** сөзі “дөң, төбешік”, **дўнглик** сөзі “белес, төбешік, төмпешік, қырқа”, **дўндиқ** сөзі “домаланған, торсиған, томпайған” дегенді білдіреді. Көне тілдегі тұлғасы **төрү (төпү)** 1. Темя, макушка (төбе);

голова; 2. Вершина. Тіліміздегі *төпе, төпеле* (үсті-үстіне тоқпақтау) етістіктері де осы көне түбір сөзден жасалған. Төрүлә- бить по голове (ДТС, с.). Бурят-монғ. т. *добо, добуун* (холм) [84, с. 33], . Өзге де түркі тілдерінде аздаған дыбыстық өзгерістерге түскен: түр. т. *тепе*, азер. т. *təpə*, башқ. т. *tübä*, қаз. т. *töbe, döh*, қырғ. т. *döbö*, өзб. т. *terə*, тат. т. *tübä*, түркм. т. *депе*, ұйғ. т. *töpä, döh* [15, 874 б.], аңт т. *тепе* (төбе). *қараң.: Масайтөбе.*

Бұл берілген түбірлердің бәрі де өз бастауын көне тілден, тіпті әріден сонау ежелгі замандардан алатындығына күмән болмаса керек, себебі көне дәуірлердің өзінде бұл түбірлер дербес мәнге ие болып, аффикстер арқылы туынды сөздер қалыптасқан.

Ал *сары* сөзіне келсек, түр.-монғ. т. ортақ көне сөз, монғ. т. *шар* түрінде айтылады. Әуелде батпақты, көгалды жердегі төмпешікке қатысты атау берілген болса, сары түс негізгі мағынасында емес, қосымша мағынасында “басты”, “негізгі”, “айқын”, “анық көрінетін” деген мәнінде қолданылып тұр. Сонда **Сарышөңкей** деп көгалды жерде анық көрініп тұрған төмпешікті атаған. *қараң.: Сарыбоз.*

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Akbari, Fatemeh & Reza Ashrafzadeh. 2021. A study of binary oppositions in Forough Farrokhzad’s works. *Ipotesi* 25(1). 140–153.
2. Ardanuy, Mariona, Kasma Hosseini, Katherine McDonough, Amrey Krause, Daniel van Strien & Federico Nanni. 2020. A deep learning approach to geographical candidate selection through toponym matching. *Advances in Geographic Information Systems* 28. 385–388
3. Bai, T., W. Pan & Y. J. Hou. 2021. Building an integrated toponymic information system based on TGIS and big data technology. *Journal of Global Change Data & Discovery* 4. 363–372.
4. Bapanova, Gulzhan K., Natalya V. Orekhova, Shynar B. Kadirsizova, Gulnaz S. Kasbayeva & Gulnar K. Sholpankulova. 2023. Research skills as the student learning achievement. *International Journal of Educational Reform*
- 5.

АБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ МАТЕМАТИГІ

Амандықов М.А. – Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің доценті, т.ғ.к.

Умаров А.Т. - Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің доценті, п.ғ.к.

Сулейменова Г.Т. - Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің аға оқытушысы.

Аннотация: Бұл мақалада Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірі, математика ғылымына қосқан үлесі, және де еңбектері айтылады.

Аннотация: В этой статье рассказывается о жизни Абу Насра аль-Фараби, его вкладе в математическую науку и его трудах.

Annotation: this article describes the life of Abu Nasr Al-Farabi, his contribution to mathematical science, and his works.

Абу Насыр Әл-Фараби (870-950) Орта ғасыр математикасының дамып, өркендеуіне таяу Шығыс математиктерінің қосқан үлесі ерекше. Олар арасында, әсіресе Қазақстан жерінде туып өскен отырарлық ұлы ғұлама Абу Насыр Әл-Фарабидің орны бөлек.

Абу Насыр Әл-Фараби Отырар қаласында туылды. Ол қала қазіргі Шымкент облысы Қызылқұм (Шәуілдір ауданы) жерінде. Өз заманында халқымыздың аса ірі мәдени орталығы болған. Отырардың ежелгі аты Фараби еді, ұлы данышпан ғалым сол бойынша атанған. Әл-Фараби жастайынан білімге ерекше көңіл аударды. Ол Самарқан, Бұқара, Ташкент және Дамаск қалаларындағы оқу орындарында білім алды. Соның нәтижесінде болса керек, Әл-Фараби 70 тілді жақсы меңгерген.

Әл-Фараби күллі оқымысты қауымынан оқшау озып шыққан, «Шығыстың Аристотелі» («Екінші Аристотель») деп танылып, артына өшпес мол мұра қалдырған. (Қараңыз: А. Машанов «Әл-Фараби». 1970).

Фараби ежелгі грек ғалымдарын еңбегінде математиканың көптеген философиялық- методологиялық мәселелері шешімін тауып, бұл ғылымның болашақ дамуының жолдары белгіленген. Олардың математиканы философиялық негіздеуде бірсыпыра осал, әлсіз жерлері болғанмен, ғылымның даму деңгейіне сай дәл тауып айтылған пайымдаулар мен тұжырымдары ғылымды дұрыс жолға бағдарлап, ілгері дамытуда үлкен қызмет басқарады.

Алайда эллиндік грек ғалымының, әсіресе математиканың Аристотельден кейінгі қол жеткен орасан зор жетістіктері Бағдат мектебінде жинақталған математикалық жаңалықтар (мысалы қазіргі алгебраның бастамасы) дұрыс философиялық негіздеуді, талдауды және сара бағыттауды қажет етті. Римдік дәуірдің соңына таман өмір сүрген философ-математиктер (мысалы, неоплатониктер) бұл мәселені шешуді қолға ала бастайды.

Араб математикасын қоғамдық прогреске, жаратылыстану ғылымдарының қажеттілігіне сай дамыту бірсыпыра іргелі принципті математика философиясы проблемаларын шешуді талап етті. Мұндай мәселерлер алғаш арабтың ойшыл-энциклопедист Әбу Юсуф әл-Киндидің (IX) еңбектерінде қойылып, әл-Фарабидің ғылыми-философиялық шығармаларында сол заманға лайық дұрыс шешімін тапқан деп айтуымызға толық дәлеліміз бар.

Орта ғасырлар заманындағы аса ірі білімпаз ғұламалардың бірі-Әбунасыр Мұхаммед ибн Уздағ, ибн Тархан әл-Фараби ат-Түрки 870 жылдар шамасында Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратау өңірін мекендеген түркі тайпаларының бірі. Ол тайпалар кейіннен қазақ халқының құрамына енді, Отырар сол кездегі Орта Азиядағы ең үлкен мәдени орталық болған. Тарихшылар онда Александрия кітапханасынан кейінгі ең бай кітапхана

болғанын айтады. Отырар қаласы, жалпы Отырар мәдениетін кейін XIII ғасырда Моңғол шапқыншылары құртып жіберген.

Әбунасыр әл-Фараби бастапқы білімді осы Отырарда алып, кейін Бағдатқа ауысып, онда ұзақ уақыт жемісті ғылыми-философиялық зерттеулер жүргізеді. 950 жылы Дамаскіде қайтыс болады.

Әл-Фараби – философия және жаратылыстану ғылымдары бойынша жүзден аса бағалы еңбек жазған ғалым.

Әбу Насыр әл-Фараби – Аристотельдің және Платонның шығармаларына жазылған түсініктемелердің авторы. Осыған байланысты әл-Фараби Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанды. Әл-Фараби Аристотельдің «Категория», «Герменевтика», «Софистика», «Риторика», «Логика» және «Поэтика» сияқты туындыларына, сонымен қатар Порфирийдің «Философияға кіріспе» сияқты туындысына және басқа да ойшылдардың туындыларына түсініктемелер жазды. Фарабидің төл шығармаларының ішіндегі ең белгілілері – «Даналық маржандары», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Философиялық трактаттар» және «Музыка туралы үлкен кітап».

Әл-Фараби есімі әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында қомақты орын алады. Оның еңбектері еуропалық Қайта өрлеу дәуіріне үлкен әсер етіп, Батыс пен Шығыстың мәдениеттері мен философияларын байланыстыратын көпір болды. Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеу мәселелері XX ғасырдың екінші жартысында көтерілді. Атап айтқанда, 1960 жылы 15 қазанда Ақжан Машанов (Машани) деген ғалым Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті академик К.И. Сәтбаевқа әл-Фараби мұрасын зерттеу және еңбектерін аудару туралы ғалымдардың идеясын қолдауды сұрап: «Ұлы әл-Фараби біздің жерлесіміз, бірақ біз ол туралы аз білеміз ...», — деп атап өткен болатын. Осы уақыттан бастап ғалымдарымыз әл-Фарабидің өмірі мен шығармаларын зерттей бастады.

Фарабитануға қомақты үлес қосқандар қатарынан ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми орталығының негізін қалаушы А.Х. Қасымжанов; араб тілін меңгерген және әл-Фараби математикасы бойынша докторлық диссертация қорғаған әйгілі математик А.Көбесов; академик, философ М.Бурабаев сияқты ғалымдарды; белгілі қазақ жазушысы Ә.Әлімжановты атауға болады.

1970 жылы маңызды іс-шара – Ақжан Машани мен Ағын Қасымжановтың ұйымдастыруымен әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай Алматы, Мәскеу және Бағдатта ЮНЕСКО мен Қазақ КСР Үкіметінің қолдауымен бір уақытта өткізілген әл-Фараби мұрасы жөніндегі халықаралық конференция өтті.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бұл саланың зерттеу қарқыны үдете түсті. 1991 жылдың 23 қазанында Қазақ ұлттық университетіне әл-Фараби есімі берілді.

Еуропада XII-XIII ғасырларда әл-Фараби еңбектері латын және иврит тілдеріне аударыла бастады. 1930-1932 жж. Парижде француз ғалымы барон Рудольф д'Эрланже «Музыка туралы үлкен кітаптың» бірінші бөлімін француз тіліне аударып, жарыққа шығарды.

Әл-Фарабидің математикалық мазмұнындағы сақталған еңбектері жан-жақты талдана келіп, оның нәтижелері автордың «Әл-Фараби», «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы атты монографиялық кітаптарында баяндалған.

Әл-Фараби өзінің «Ғылымдардың тізбегі» немесе «Ғылымдар классификациясы» деп аталатын әйгілі еңбегінде математиканы жеті тарауға бөледі. Олар: 1) Арифметика, 2) Геометрия, 3) Оптика, 4) Астрономия, 5) Музыка, 6) Салмақ туралы ғылым (статика), 7) Айла-әрекет туралы ғылым.

Әл-Фараби «Ғылымдар тізбегінде» осы салалардың әрқайсысының өзіндік орнын анықтап, қысқаша мазмұнын тұжырымдайды. Бұл тұрғыда әл-Фарабидің өзіне дейінгі философ-математиктерден түбірлі екі өзгешелігі бар: біріншіден, ол математиканы жеке салаларға (арифметика, геометрия, астрономия, музыка) бөле отырып, оған жаңа салалар қосқан; екіншіден, егер грек математиктері математиканың практикалық қолданысын зерттеуді ғылым санатына қоспаса, әл-Фараби оның теориялық және практикалық баптарын бір-бірінен бөліп жармай бір ғылымның құрамды бөліктері ретінде қарайды.

2025 жылы Қазақстанда Әл-Фараби атамyzдың 1155 жылдығы тойланып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Көбесов «Математика тарихы». Қазақ университеті, 1993ж.
2. А. Көбесов «Математическое наследие Аль-Фараби» , Алма-Ата, 1974г
3. Б.Р.Қасқатаева «Математика тарихы». Алматы, 2016ж.
4. Умаров А.Т., Жидебаева А.Н., Аманова Ж.А. «Ортағасырдағы Орта Азия мен Қазақстан математикасының даму тарихы және қазақтың ұлы математиктері». Шымкент, 2019ж.

УНИКАЛЬНОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АКАДЕМИКА МАРДАНА БАЙМУРЗАЕВИЧА САПАРБАЕВА ОБ АКТУАЛЬНЫХ ВОПРОСАХ ОБЩЕСТВА, НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

Медетова Р.М. – заведующая отделом Национального института педагогики воспитания, доктор педагогических наук, старший научный сотрудник

***Аннотация:** Основной задачей образования в любой стране сегодня, как никогда, является обеспечение эффективной подготовки выпускников учреждений высшего образования и обеспечение их конкурентоспособности на рынке труда. Реализация в образовательном процессе инновационных образовательных технологий рассматривается в педагогическом сообществе как один из способов ее решения. Однако их активное использование в образовательном процессе требует дальнейшего роста. Поэтому актуальными остаются вопросы, связанные с применением научно-*

методического обеспечения в учебно-воспитательном процессе высшего образовательного учреждения.

Аннотация: Бүгінгі таңда кез келген елдегі білім берудің негізгі міндеті жоғары білім беру мекемелерінің түлектерін тиімді даярлауды қамтамасыз ету және олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру процесінде инновациялық білім беру технологияларын іске асыру педагогикалық қоғамдастықта оны шешудің бір тәсілі ретінде қарастырылады. Алайда оларды білім беру процесінде белсенді қолдану одан әрі өсуді қажет етеді. Сондықтан жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінде ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді қолдануға байланысты мәселелер өзекті болып қала береді.

Abstract: The main task of education in any country today, more than ever, is to ensure effective training of graduates of higher education institutions and ensure their competitiveness in the labor market. The implementation of innovative educational technologies in the educational process is considered in the pedagogical community as one of the ways to solve it. However, their active use in the educational process requires further growth. Therefore, issues related to the use of scientific and methodological support in the educational process of a higher educational institution remain relevant.

Раскрывая актуальные вопросы развития общества, науки и образования, хочется обратиться к замечательному наследию великого учёного Казахстана, труды которого широко известны не только в Республике Казахстан, но и далеко за его пределами, в частности, на территории Центральной Азии.

Обращаясь сегодня к уникальному наследию учёного, хочется подчеркнуть, что вся педагогическая деятельность академика Мардана Баймурзаевича Сапарбаева, начиная с должности преподавателя, старшего преподавателя, заведующего кафедрой, декана, директора Шымкентского техникума физической культуры, ректора Шымкентского педагогического института физической культуры, в 1996 года Постановлением Правительства Республики Казахстан за № 573 на базе Шымкентского педагогического института физической культуры, педагогического института культуры имени аль-Фараби был открыт Южно-Казахстанский гуманитарный университет имени М.Ауэзова, первым ректором которого был назначен Мардан Баймурзаевич.

Работая руководителем этих учебных заведений, М.Б.Сапарбаев проявил высокие организаторские способности в создании, укреплении и расширении учебно-методической и спортивной базы, уделял большое внимание подбору, воспитанию и повышению квалификации педагогических кадров, их научному росту, разработке и совершенствованию учебных планов и программ для подготовки педагогических кадров.

М.Б.Сапарбаев вел большую научно-исследовательскую работу: смог успешно защитить кандидатскую и докторскую диссертации по проблемам

педагогике и методике подготовки спортивных кадров. Он является автором ряда научных трудов и методических пособий, в которых содержится богатый практический опыт тренера и педагога-исследователя. Руководил работой соискателей по подготовке ими кандидатских диссертаций.

За большой вклад в развитие педагогической науки он был избран академиком Международной Академии Наук высшей школы (г. Москва) и академиком Академии педагогических и социальных наук Республики Казахстан.

Особая заслуга М.Б.Сапарбаева заключается в подготовке и воспитании спортсменов высшей квалификации. При его участии подготовлено 90 мастеров спорта СССР Международного класса, чемпионов Советского Союза, Казахстана, призеров мировых первенств, 48 его воспитанникам было присвоено звание «Заслуженный тренер РК». М.Б.Сапарбаев имел звание мастера спорта СССР, заслуженного тренера Казахской ССР, он являлся судьей международной категории по борьбе, был отличником физической культуры СССР.

М.Б.Сапарбаев вел активную общественную работу в южном регионе Казахстана и в г.Шымкенте, избирался депутатом представительских органов, в том числе областного маслихата, был председателем областной федерации борьбы, почетным гражданином Сайрамского района и г.Шымкента. Много сделано им для развития физкультуры и спорта Республики Казахстан. Вот почему его уникальные труды весомы. Вся его профессиональная деятельность была связана с развитием науки и широкой апробацией результатов научных исследований в практику. Удивительный учёный, доктор педагогических наук, профессор, академик М.Б.Сапарбаев всегда и ко всем проявлял уважение, помогал как наставник в выборе и определении направления деятельности, становлении как научного работника.

Будучи, одним из великих учёных современности, который занимался развитием науки и был скромным и по-настоящему гениальным учёным, дальновзорким в вопросах стратегии формирования высокопрофессионального кадрового состава руководимого им коллектива. Уважение к коллегам, знание особенностей характера и жизни каждого своего ученика, понимание его значимости для науки – это не полный перечень достоинств учёного.

М.Б.Сапарбаев был умудрённым жизнью учёным и мог дать много полезных советов всем, кто к нему обращался. Они касались как житейских вопросов, так и научно-организационных, связанных с осуществляемыми в то время реформами в системе образования. Будучи дальновидным учёным с широким кругозором, он прекрасно знал классическую и современную казахскую и мировую литературу, историю своей страны, рассказывал познавательные истории, был искусным и неутомимым проводником знаний, верным знатоком души людей и обычаев своего народа. Учёный, который до конца своей жизни старался проанализировать и передать своим ученикам то ценное, что он считал необходимым для развития личности. Личности с большой буквы. Честность, чувство врождённой интеллигентности, скромность, простота, постоянная работа над собой, трудолюбие,

требовательность, дисциплина, настойчивость в достижении цели, забота о студенческой молодёжи – это редкие на сегодняшний день качества были и остаются вершиной, к которой стремятся все его ученики. Обобщая сказанное выше, можно сегодня с гордостью сказать, что М.Б.Сапарбаев был учёным, который оставил после себя богатое научное наследие.

Литература

1. Вульфов, Б. З. (1997). Рефлексия: учить, управляя. Мир образования, №1, С. 63–65.
2. Коджаспирова, Г. М., & Коджаспиров, А. Ю. (2000). Педагогический словарь. Москва: Академия. – С. 130.
4. Муртозаева, М. М. (2024). Умумий педагогика. Тошкент: Sunrise-pro. – 450 б.

REDUCING THE NEGATIVE IMPACT OF PHOSPHORUS PRODUCTION WASTE ON NATURE

Жанибеков А.Ж. – Университет дружбы народов имени академика
А.Куатбекова

Исаева Р.А. – ЮКИУ М.Ауезова профессор, к.т.н.

Аннотация: *Өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату және қалдықтары аз өндірістерді құру химия өнеркәсібінде, энергетикада, металлургияда және басқа да салаларда экологиялық қауіпсіздікті арттырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, өндірілген Өндірістік қалдықтарды олардың пайда болу көзінде кәдеге жарату және залалсыздандыру өте басым болып табылады, бұл қазіргі уақытта белгілі СКОВИО тұжырымдамасына сәйкес келеді (білім беру көзіндегі қалдықтарды азайту). Фосфор қышқылы мен тыңайтқыштар шығаратын химиялық кәсіпорындар үшін экологиялық қауіпсіздік мәселесі көбінесе фосфогипс және әк иламы сияқты қалдықтардың табиғи ортаның жылжымалы компоненттерімен байланысын болдырмауға байланысты.*

Аннотация: *Утилизация промышленных отходов и создание малоотходных производств является одним из основных направлений повышения экологической безопасности в химической промышленности, энергетике, металлургии и других отраслях. При этом весьма приоритетной является утилизация и обезвреживание образующихся промышленных отходов в источнике их образования, что соответствует хорошо известной в настоящее время концепции СКОВИО (сокращение количества отходов в источнике образования). Для химических предприятий, выпускающих фосфорную кислоту и удобрения, проблема экологической безопасности во многом связана с недопущением контакта таких отходов, как фосфогипс и*

Abstract: *Utilization of industrial waste and creation of low-waste industries is one of the main directions of improving environmental safety in the chemical industry, energy, metallurgy and other industries. At the same time, utilization and neutralization of generated industrial waste at the source of their generation is very priority, which corresponds to the currently well-known SKOVIO concept (reduction of the amount of waste at the source of generation). For the chemical plants producing phosphoric acid and fertilizers, the environmental safety problem is largely related to preventing contact of such waste products as phosphogypsum and lime mud with mobile components of the natural environment.*

In the context of intensive anthropogenic activity, which is not based on a high level of scientific and technological equipment of the national economy and is associated with serious errors in technical and environmental policy, the problem of environmental safety of the natural environment seems to be one of the most urgent. It should be emphasized that the implementation of large national economic projects, in addition to achieving the planned positive aspects, is accompanied by the emergence of negative natural and anthropogenic processes, leading, in particular, to a deterioration in the quality of water and land resources, and a decrease in the environmental sustainability of the natural environment. The most objective assessment of the level of environmental safety of anthropogenic activities, combining its various aspects: technical, economic, environmental and social, is the assessment of the total risk.

The level of environmental risk increases due to insufficient knowledge of the functioning of natural and technical systems, the lack of the ability to anticipate the entire range of adverse processes and development trajectories. The latter is due to the lack of information on the properties and indicators of individual components of the natural environment necessary for building operational, medium-term and long-term forecasts of the development of natural and man-made processes. The level of environmental risk also increases significantly due to the inability to assess the generalized reaction of the natural environment and the total impact of certain types of anthropogenic activities, which have a synergistic nature and the ability to lead to catastrophic consequences.

The disposal of industrial waste and the creation of low-waste industries is one of the main directions for improving environmental safety in the chemical industry, energy, metallurgy and other industries. At the same time, the disposal and neutralization of industrial waste at the source of its formation is a high priority, which corresponds to the currently well-known concept of SCOVIO (reducing the amount of waste at the source of formation) [1]. Unlike "at the end of the pipe" technologies, which provide for the neutralization and disposal of waste only after it falls into the natural environment, SCOVIO technologies are aimed at maximizing the volume and reducing the toxicity of waste during the main technological processes. This principle forms the basis for "cleaner production", the procedural

aspects of which go beyond the usual waste management and cover a range of measures implemented within industrial enterprises in order to improve organizations and manage the activities of their structural units.

The risk arising from the production and economic activities of chemical enterprises is largely related to energy saturation and the nature of resource consumption. Therefore, it is very promising to reduce the energy saturation of chemical and technological systems, transfer the area of processes from the macro-level to the micro-level, as well as intensify interphase interactions at the level of the elementary act and at the interface of phases.

Solving the problem of ensuring environmental safety at the level of a single enterprise alone does not give a tangible result. Therefore, it is important to create such territorial industrial complexes, which organically combine both low-waste, resource-saving technologies and engineering facilities for processing and neutralization of industrial waste. This is the only way to achieve a gradual transition from traditional industrial complexes to environmentally sound enterprises at the regional level. The use of this approach to solving the problem of environmental safety of industrial production is of particular importance for the southern region of the country. As practice shows, further development of the chemical industry in this region is possible only if chemical enterprises are fully compatible with the environment. This is due to the fact that a large consumption of natural raw materials and energy per unit of production leads to the formation of large-scale waste.

For chemical enterprises producing phosphoric acid and fertilizers, the problem of environmental safety is largely related to the prevention of contact of waste such as phosphogypsum and lime sludge with visible components of the natural environment. Large-tonnage phosphogypsum is characterized by the content of various harmful impurities, which does not allow it to be widely used in the production of building materials, as an ameliorant in agriculture. The main obstacle to replacing natural gypsum with phosphogypsum is also unsatisfactory physico-chemical properties.

Nevertheless, new ways of processing phosphogypsum are being developed and implemented. For example, in Japan, which does not have natural gypsum reserves, phosphogypsum is completely processed into useful products. Nevertheless, a more rational solution to the problem would be the development of alternative technologies in the production of extraction phosphoric acid, which would make it possible to obtain phosphogypsum with improved physico-chemical properties and fewer harmful impurities.

The process parameters of sulfuric acid processing of Karatau phosphorites into extraction phosphoric acid (hereinafter referred to as EFC) are largely determined by the efficiency of phase separation of the suspension. The liquid phase of the suspension is chemically a solution of phosphoric acid with a certain content of sulfuric acid and hydrofluoric acid, which is saturated with impurities of CaO , SiO_2 , F , Al_2O_3 , Fe_2O_3 , MgO . The solution also contains arsenic in small amounts (depending on the quality of the sulfuric acid used) and heavy metals. The viscosity of the

phosphoric acid solution increases in the presence of impurities, depending on the nature of the cations and anions.

Since the concentration of such impurities plays a significant role in the formation of the suspension structure and its stability, in real technological processes of EFC production, a fairly narrow permissible range of fluctuations in the physico-chemical properties of the solid and liquid phases of suspensions is established for the coupled reactor-filter system. In addition, EFC production is quite strict the mode of suspension treatment on the filter is regulated.

The specific surface area of the sediment, particle size, coefficients, shapes, and sphericity of the particles significantly affect the filtration pattern of the phosphoric acid suspension, which largely determines the structure of the sediment. To increase the filtration rate of the ROS suspension, it can be treated with various auxiliary substances capable of changing the surface properties of the solid phase [4]. A large group of such additives are surfactants. Reducing the size, i.e. an increase in the specific surface area of the particles of the solid phase of the phosphoric acid suspension causes an increase in the role of surface phenomena (increased adsorption capacity and increased wettability of calcium sulfate particles).

The large polydispersity of solid phase particles determines the nature of such important surface properties of suspensions as a double electric layer, the potential at the solid-liquid boundary, the hydrophilicity or hydrophobicity of particles, the ability to adsorb ions from a liquid, form aggregates, etc. The combined effect of these properties, in turn, determines the porosity, permeability and compressibility of the sediment, its quality and completeness of washing and dewatering during filtration. Although there is little information in the literature about the quantitative relationship between the parameters of the separation process by the electrical surface and surface properties of the suspension phases, there is still an opinion about the existence of a qualitative relationship between the electrokinetic potential and the filtration rate. When a liquid flows through a sediment with a fixed structure, the role of physico-chemical phenomena, primarily electrokinetic, is insignificant. But it is large in the process of forming the sediment structure, on which much depends during the filtration process.

In the course of our research, we have revealed that two main indicators - specific surface area and electrokinetic potential, which largely determine the filtration conditions of phosphoric acid suspension, vary significantly depending on the concentration of polyacrylamide additives (hereinafter referred to as PAA). It should be noted that in this case, the suspension was obtained from mechanically activated phosphorite, and the mechanical activation of the suspension itself was carried out in a liquid-phase medium containing 0.005-0.03% PAA. The chemical composition of the phases of the suspension obtained by sulfuric acid decomposition (semihydrate method) of mechanically activated Karatau phosphorite is shown in the table.

Table 1 – Chemical composition of phases of phosphoric acid suspension

Phase	Composition, %							
	P ₂ O ₅	CO ₃	Fe ₂ O ₃	Al ₂ O ₃	MgO	CaO	F	Etc.
Liquid	43,08	2,68	1,08	1,23	0,07	0,41	0,72	the others.
Solid	2,14	49,97	3,74	4,57	0,25	34,83	0,26	the others.

A decrease in the initial concentration of fluoride compounds contributes to an increase in the specific surface area of solid particles. This can be explained by the fact that during liquid-phase mechanical activation in the presence of PAA (concentration 0.005-0.03%), individual GRP macromolecules easily migrate into capillaries and are adsorbed on active centers - microcracks that occur during deformations. As a result, GRP macromolecules cause wedging pressure, which leads to a more intense dispersion of phosphorite particles. Here, the adsorption of PA A, which lowers the free surface energy, occurs spontaneously.

In an environment without surfactants, due to the hardening of small particles, their amorphization and the opening of microcracks, the dispersion process stops after reaching a certain grinding limit. In the presence of surfactants, dispersion occurs continuously and aggregation of particles is not allowed. The effect of PAA concentration on the specific surface area of calcium sulfate semihydrate is shown in the figure. Studies have shown that preliminary mechanical activation significantly affects the formation of calcium sulfate semihydrate particles, in particular, their specific surface area and geometric shapes. With an increase in the specific surface area of the solid phase, the role of surface phenomena increases, in particular, the adsorption capacity increases and the wettability of calcium sulfate increases. Nevertheless, the change in the electrokinetic potential of calcium sulfate semihydrate after mechanical activation is of great interest.

As is known, filtration with occlusion of the septum pores is used to separate the FC suspension. This hydromechanical process of accumulation of solid particles, their redistribution, evolution of the porous medium (filtration kinetics) and the flow of liquid through the porous medium (filtration process) depends on many technological factors. Nevertheless, the energy characteristics at the interface of the solid and liquid phases are crucial for their effective separation. With a decrease in the electrokinetic potential of the surface of calcium sulfate particles, the hydration of the solid phase surface decreases, i.e., the intensity of interphase interactions decreases, which will certainly be crucial in the separation of the phosphoric acid suspension.




Figure 1 – Effect of PAA concentration

The results of the studies have shown that in order to reduce the content of toxic impurities in phosphogypsum, the initial phosphorite should be subjected to preliminary mechanical activation, which significantly reduces the content of toxic fluorine. Studies have shown that when calcium sulfate semihydrate is formed from mechanically activated Karatau phosphorite, 1-1.17% of fluorine compounds are formed in the form of H: SIG 6 and HG.A decrease in the initial concentration of fluoride compounds contributes to an increase in the specific surface area of solid particles, i.e. improves the subsequent performance properties of the material. Thus, in order to improve the physico-chemical properties of phosphogypsum, it is necessary to increase the effect on it at the microlevel, which manifests itself in modifying the surface properties of calcium sulfate particles and changing their energy characteristics.

Literature

1. Kopylov B.A., B.A. Phosphoric Acid extraction Technology. Chemistry, 1981. – 224 p.
2. Pozin M.E., Ziniuk R.IU., Physico-chemical fundamentals of inorganic technology. Chemistry, 1985. – 384 p.
3. Karmishev V.F., Chemical processing of phosphorites. Chemistry, 1983. – 304 p.
4. Zimon D.A., Leshenko I.F., Colloidal chemistry.M. Chemistry, 1995. – 284 p.

ЧИСЛА ФИБОНАЧЧИ В ПРИРОДЕ

Бозоров З.Р. - д.ф-м.н. (PhD), доцент Института математики АН РУз.,
Бухарское отделение

Аннотация: Числа Фибоначчи (строка Фибоначчи) — числовая последовательность, первые два числа которой являются 0 и 1, а каждое последующее за ними число является суммой двух предыдущих.

Аннотация: Фибоначчи сандары (Фибоначчи жолы) — алғашқы екі саны 0 және 1 болатын сандық реттілік, ал әрбір келесі Сан алдыңғы екеуінің қосындысы болып табылады.

Abstract: The Fibonacci numbers (the Fibonacci string) are a numerical sequence, the first two numbers of which are 0 and 1, and each subsequent number is the sum of the previous two.

Биография

Леонардо

Фибоначчи

Леона́рдо Пиза́нский¹ — итальянский купец из Пизы, первый крупный математик средневековой Европы. Наиболее известен под прозвищем Фибоначчи.

Отец Фибоначчи по торговым делам часто бывал в Алжире, и Леонардо изучал там математику у арабских учителей. Позже Фибоначчи посетил Египет, Сирию, Византию, Сицилию. Он ознакомился с достижениями античных и индийских математиков в арабском переводе. На основе усвоенных им знаний Фибоначчи написал ряд математических трактатов, представляющих собой выдающееся явление средневековой западноевропейской науки. Труд Леонардо Фибоначчи «Книга абака²» способствовал распространению в Европе позиционной системы счисления, более удобной для вычислений, чем римская нотация; в этой книге были подробно исследованы возможности применения индийских цифр, ранее остававшиеся неясными, и даны примеры решения практических задач, в частности, связанных с торговым делом. Позиционная система приобрела в Европе популярность в эпоху Возрождения.

Числа Фибоначчи (строка Фибоначчи) — числовая последовательность, первые два числа которой являются 0 и 1, а каждое последующее за ними число является суммой двух предыдущих.

- ▶ $F_1 = 0, F_2 = 1,$
- ▶ $F_{n+2} = F_{n+1} + F_n, n \in N.$
- ▶ 0, 1, 1, 2, 3, 5, 8, 13, 21, 34, 55, 89,
144, 233, 377, 610, 987, ...

Сама последовательность была известна еще с древних времен — в частности, она использовалась в древнеиндийском стихосложении, в том или ином виде ее знали древнегреческие и арабские математики. Заслуга именно Фибоначчи была в том, что он популяризировал ее в западноевропейской математике, а также ввел в европейскую науку позиционную систему счисления (известную народам Востока), которая имела краеугольное значение в последующем развитии математических наук.

$$\frac{144}{89} \approx 1,617. \quad \frac{233}{144} \approx 1,618. \quad \frac{377}{233} \approx 1,618$$

Поразительные свойства последовательности Фибоначчи в математике сложно объяснить человеку без специальных знаний, но многое можно понять и без формул. Одна из главных особенностей этого «золотого ряда» в том, что

отношение каждого последующего его члена к предыдущему неуклонно приближается к показателю 1,618. Математикам он известен как число Фи.

Золотая пропорция

$$\frac{a}{b} = \frac{a+b}{a}, \frac{a}{b} \approx 1,618 = \varphi$$

Золотое сечение восхищает умы учёных и художников на протяжении веков. Число Фи, или примерно 1.618, описывает идеальные пропорции, которые можно обнаружить в самых разных формах жизни: от неживой природы до животного мира.

Некоторые свойства числа φ

► φ – иррациональное число, положительное решение уравнения $x^2 - x - 1 = 0$

$$\varphi = \frac{\sqrt{5}+1}{2}, \quad \frac{1}{\varphi} = \frac{\sqrt{5}-1}{2},$$

$$\varphi^2 = \varphi + 1, \quad \varphi - 1 = \frac{1}{\varphi}$$

$$\varphi = 2\cos 36^\circ$$

$$\varphi = \sqrt{1 + \sqrt{1 + \sqrt{1 + \dots}}}$$

► φ – представляется в виде бесконечной цепной дроби

$$\varphi = 1 + \frac{1}{1 + \frac{1}{1 + \frac{1}{1 + \frac{1}{\ddots}}}}$$

$$\varphi = \lim_{n \rightarrow \infty} \frac{F_{n+1}}{F_n}$$

Примеры золотого сечения в природе

Одно из самых известных проявлений чисел Фибоначчи в природе – это спирали. Например, раковины улиток и моллюсков часто следуют спиральной форме, размеры витков которой соответствуют числам Фибоначчи. Подобным образом спирали можно увидеть в цветах подсолнуха и в сосновых шишках.

Взгляните на расположение листьев, цветов или семян в подсолнечнике. Каждое новое семя в центре подсолнечника располагается под углом, который оптимально минимизирует перекрытие с предыдущими, образуя спирали, которые раскрываются в обе стороны. Это не только красиво, но и позволяет растению максимально эффективно использовать доступное пространство и свет.

Раковины моллюсков, например, наutilusа, где каждая новая камера раковины строится с увеличением предыдущей на коэффициент золотого сечения. Эта геометрическая прогрессия не только создаёт удивительно красивую спиральную структуру, но и обеспечивает равномерное распределение массы, что критически важно для подвижных морских существ.

Анатомия человека тоже не лишена этого феномена. Пропорции человеческого тела, расположение лица и рук часто следуют правилам золотого сечения, что, по мнению многих ученых, определяет восприятие красоты и гармонии в человеческой фигуре

Измеряется длина и ширина лица, а затем эти показатели делятся. Чем ближе результат к 1,6 (число Фи), тем ближе лицо к идеалу.

Отношение расстояния от верхней части лба до подбородка к расстоянию от верхней части лба до носа

Золотое сечение в фотографии

Армоническая пропорция напрямую связана с правилом третей — другой неотъемлемой схемой для работы с визуалом.

В принципе третей кадр разделяется на 3 одинаковые части, а в пропорции он делится на 1:0.618:1.

Например, сегодня большинство камер, в том числе и в смартфонах, имеет разлинованную сетку третей, что позволяет пользователям гармонично выстраивать композицию из фото и видео.

Построенные на основе золотой пропорции окружности. Они помогут создать аккуратный логотип.

Логотип Пепси построен на двух окружностях, созданных по принципу золотого сечения. При этом внутренний круг почти не заметен: его можно выделить, если внимательно посмотреть на белый «блик» на логотипе.

Выводы

Благодаря современной поп-культуре с этой числовой последовательностью связано множество популярных мифов:

Универсальность.

Во многих источниках числа Фибоначчи и золотая спираль позиционируются как универсальный закон мироздания, с помощью которого можно описать любой природный процесс или объекты, от расположения лепестков цветка до формы спиральных галактик. Хотя в отношении многих природных явлений это действительно так, принцип не является всеобъемлющим

Практическая применимость.

Еще один миф говорит о том, что использование золотого сечения и чисел Фибоначчи в любой сфере деятельности дает положительный результат. Но, например, криптографы знают, что метод Фибоначчи с запозданием не является идеальным способом усилить шифрование — многие генераторы случайных чисел на его основе либо медленно работают, либо имеют недостаточный порог устойчивости к взлому. А использование принципов золотого сечения в архитектуре или промышленном дизайне редко сочетается с оптимизацией производства.

Литература

1. Н. Н. Воробьев. Числа Фибоначчи. — Наука, 1978. — Т. 39. — (Популярные лекции по математике).

2. А. И. Маркушевич. Возвратные последовательности. — Гос. Издательство Техничко-Теоретической Литературы, 1950. — Т. 1. — (Популярные лекции по математике).

3. А. Н. Рудаков. Числа Фибоначчи и простота числа 2127 – 1 // Математическое Просвещение, третья серия. — 2000. — Т. 4.

4. Дональд Кнут. Искусство программирования, том 1. Основные алгоритмы = The Art of Computer Programming, vol. 1. Fundamental Algorithms. — 3-е изд. — М.: «Вильямс», 2006. — С. 720. — ISBN 0-201-89683-4.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ДЕРБЕС СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРІСКЕ ТҮСУІ

Бабаев Н.Е. - Академик А.Қуатбеков атындағы
Халықтар достығы университетінің аға оқытушысы, магистр;
Бекбосын К. - Академик А.Қуатбеков атындағы
Халықтар достығы университетінің магистранты.

Аннотация: Біз бұл мақалада ортағасырлық ескерткіштердің тілі мен Қазақ тілі арасындағы фонетикалық сәйкестіктерді қарастырамыз.

Аннотация: В данной статье мы рассмотрим фонетические соответствия между языком средневековых памятников и казахским языком.

Resume: In this article, we will examine the phonetic correspondences between the language of medieval monuments and the Kazakh language.

Қай халықтың болмасын тілі сол халықтың тарихымен тікелей байланысты. Алайда тіл халық тарихымен қаншалықты тығыз байланыста болса да, тілдің өзіне тән ішкі даму заңдылықтары, ашып айтқанда, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық тұрғыдан қалыптасқан өзіндік қағидалары, қырлары бар. Осы заңдылықтардың өзі тарихи ұзақ кезеңдерді қамтып, тілдердің қалыптасуына, ұлттардың қалыптасуына әкелетін айырмашылықтардың пайда болуына әкеледі. Әрине, бұл заңдылықтардың өзі де толық деңгейде сақтала бермейтін тұстары да бар, себебі тіл жеке-дара өмір сүрмейді. Туыстас тілдермен, өзге де тілдермен көршілес, аралас-құралас өмір сүреді. Сондай жағдайда тілге байланысты, тілдің дамуына әсер ететін ішкі, сыртқы факторлардың әсерінен тіл қалыптасады.

Сыртқы факторлар лингвистикалық жүйені толық өзгерте алмағанмен, тілдің даму үрдісінде туыстас тілдердің немесе оның диалектілерінің ерекше дыбыстық ерекшеліктерін білдіретін тілдік заңдылыққа айналуы мүмкін, сондықтан зерттеу жұмыстарында бұл жағына да ерекше көңіл бөлінеді.

Түрколог ғалымдар қаншама уақыттардан бері осы тақырып деңгейінде зерттеулер жүргізіп келеді, десек те тұрақталған, ғалымдар тарапынан

мойындалған пікірлермен қатар ала-құла, біріне екіншісі қарама-қарсы пікірлер де баршылық.

Ежелден қазірге дейін сыртқы пішіні өзгеріске түскен қазақ сөздерін зерттегенде ең бірінші көңіл аударатынымыз – сөздің сыртқы қалыбы, сыртқы тұлғасы, яғни дыбыстық қабаты. Көне қазақ сөздерінің өзгеру сипатын анықтау үшін алдымен фонетикалық ерекшеліктеріне сүйеніп, дыбыстық жүйесіне баса назар аударған дұрыс.

Дыбыстар өзгеріске тез ұшырай бермейді, дегенмен тарихтың әртүрлі кезеңдерінде түрлі өзгерістерге түсіп отырғанын ескерткіштер тілі анықтап отыр. Сондықтан дыбыстардың өзгерістерге түсу сипатын, дыбыстардың бір-біріне әсерін, дыбыстардың алмасуы, дыбыстардың сәйкестіктері т.б. тілдік құбылыстар жазба ескерткіштердің тіліне қатысты зерттелуі керек. Шындығында, тарихи фонетикасыз тіл білімінің өзге де салаларын тарихи тұрғыдан зерттеу мүмкін емес, себебі көптеген тілдік құбылыстарды түсіндіруде фонетикаға барып тірелетініміз ақиқат. Қазіргі түркі тілдері осындай өзгерістердің нәтижесінде қалыптасқаны белгілі. Сондықтан қазақ тілінің күрделі даму тарихын анықтау үшін орта ғасыр жазба ескерткіштердің тілімен қазіргі қазақ тілін салыстыра қараған дұрыс.

Орта ғасырлардағы ескерткіштер тілі мен қазақ тілі арасындағы сәйкестіктерді салыстыруда, ең бірінші, фонетикалық сәйкестіктерге тоқталамыз. Ғалымдар дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде тіл бойында көрінетін альтернатива құбылысының екі саласын принципті түрде ажыратып алған дұрыс дейді. Оған дыбыс алмасулары мен дыбыстар сәйкестігін жатқызады [1, 440 б.].

«Дыбыс алмасулары бір тілдің ішкі деңгейінде ғана болып, белгілі бір фонетикалық заңдылықтарға (сингорманизм, ассимиляция, диссимиляция) байланысты болатын құбылыс. Бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың ешқандай фонетикалық ықпалсыз тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысы – дыбыстар сәйкестігі. Тарихтың терең қатпарларынан, ежелгі түркі дәуірінен де арғы замандардан келе жатқан дыбыстар, дыбыстық өзгерістер түркі ру-тайпа тілдерінің дамуына, бергі заманда ұлт тілдерінің қалыптасуына, әр халықтың лексикалық қорының түзілуіне тікелей игі ықпал еткені анық».

Дыбыс алмасуын айтқанда, қазіргі тілімізде болып отыратын құбылыстарды түсіну үшін көне тілдердің жайына тоқталамыз.

Орта ғасыр ескерткіштеріндегі сөздер көптеген тайпа, ру тілдерінен топталған. Сондықтан дыбыс өзгерісі бір тілдің ішінде көбінесе жаңа сөздер жасауға құрал болады. Мысалы, ас, аш, оқ, уық, ел, ер, кел, кір, көр, кем, кен т.б.

Ал дыбыс өзгерісі әр қилы тайпа, халықтар тілдері тұрғысынан жаңа сөз жасау ролін атқару емес, әр тілдің фонетикалық құрылымына сай келеді.

Соңғы уақыттарда ежелден қазірге дейін сыртқы пішіні өзгеріске түскен қазақ сөздерін

1. Қазақ тілінде дербес қолданылмайтын бір буынды сөздер
2. Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда бір ғана дыбысында

өзгешелігі бар сөздер

3. Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда екі дыбысында өзгешелігі бар сөздер.

4. Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда үш дыбысында өзгешелігі бар сөздер.

5. Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда төрт дыбысында өзгешелігі бар сөздер.

6. Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда бес дыбысында өзгешелігі бар сөздер, - деп, қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда бес дыбысында өзгешелігі бар сөздерге дейінгі түрлерін топтап қарастырып жүрміз [3, 182 б.].

Ежелден бері келе жатқан қазақ сөздерінің негізі бүгінгі лексикалық сөздік қорымызды құрайды. Олардың ішінде мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да еш өзгеріске түспей жеткен сөздер бар. Сондай-ақ өзгеріске түсіп жеткен сөздер де бар.

Солардың ішінде қазақ тілінде дербес қолданылмайтын бір буынды сөздерді атап өтуге болады. Бұл сөздердің түбірі өлі түбірге айналған. Десек те, әртүрлі процестерді өткере отырып, түрлі қосымшаларды қосып алып, сөздік қордан орын алып отыр, сондықтан мұндай сөздер қазақ тілінің төл сөздері болып табылады. Бұл түбірлерді тек қазақ тілінің төл сөздері деп айта алмаймыз, өзге түркі тілдерінде де осы түбірлер белгілі бір деңгейде сақталған әрі әртүрлі өзгерістерге түскен. Өлі түбірлер дейтін себебіміз, бұл түбірлер жеке-дара қолданыла алмайды, сондықтан сөзжасамдық та қызмет атқара алмайды.

Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде кездесетін осындай түбірлердің бүгінгі тілмен салыстырғандағы өзгеру сипатына

Тілімізде *ө* сөзі жеке-дара қолданылмағанмен, әртүрлі қосымшалар жалғану арқылы жаңа сөздер жасалған. Нәтижесінде танымастай өзгерістерге түсіп, әр сөз өз алдына дамып өзге түбірлес сөздердің жасалуына негіз болған.

Егер түбірлерін қуалай берсек, осы түбірдің өзі бірнеше сөзге негіз болуы мүмкін.

Көне дәуірлердің өзінде нақты бір ұғымның атауы ретінде қолданылғандықтан болар сөзжасамдық қызметі дамымаған. *Шеше*, *ана* мағынасында қолданылған *өг* сөзінің мағынасы бұл күнде өзгерген. Бір ғана *өгей* сөзін жасауға қатысып, тар мағынада қолданылған болса, бүгінде өзге де мағыналары бар. *Өгей* деп, біріншіден, өзі тумаған, өз кіндігінен емес; екіншіден, асырап алған, өзінен тумаған (ұл, қыз); үшіншіден, ауыспалы мағынада бөтен, жат дегенді білдіреді. Мысалы: *Өгей көрмеді* (санамады, тұтпады) – жатсынбады, жатырқамады. Осы мағынадан туындаған етістік *өгейле* мынадай мағыналарда қолданылады:

1. Тосырқау, жатырқау, бөтенсіну;

2. Аңсау, сағыну. *Өгейлеп қалды* – жатырқап қалды [4, 264 б.].

Осы сөзден жасалған *өгейшөп* деп аталатын шөптің атауы да бар.

Өкіл сөзінің түбірін де осы сөзбен байланыстырамыз.

Өкіл 1. Белгілі бір елдің, ұйымның мүддесін білдіретін, оны жүзеге

асыратын ресми адам. 2. Белгілі бір топтың, ұйымның, таптың атынан келген кісі.

Өкіл ата – тумаған қамқор ата, әке.

Өкіл әке – жастар қосылғанда туған әкенің орнына әке болған адам.

Өкіл бала [қыз] – тумаған, бірақ туған баласынан кем көрмейтін баласы, қызы.

Өкіл күйеу – қызды қолынан алған бөтен кісіге жігіт «өкіл күйеу» болады [5, 608 б.].

Көне дәуірлерде қолданылған мұндай түбірлердің көпшілігінің мағынасы тарылған. Себебі өлі түбір деп бекер аталмаған.

Бұл сөздердің бүгінде жеке-дара қолданылмағаннан кейін мағынасы ұмыт болған әрі даму жолдары да әртүрлі. Кейбір сөздер санаулы ғана сөздердің құрамында кездеседі. Мысалы, *е* көмекші етістігі, *табыну*, *ір* етістіктері, *қа*, *шег* сөздері.

Өз алдына дамып өзге түбірлес сөздердің жасалуына негіз болған ө сөзінен тараған екінші, үшінші дәрежелі *ой*, *ұйғар*, *ұғым*, *ұқ*, *үгіт*, *үйрен* сынды түбір-негіздердің сөзжасамдық қабілетіне тоқталсақ, олардың қатары төмендегідей:

Ой → ойла → ойлау

Ұйғар → ұйғару → ұйғарым

Ұқ → ұғу → ұғым →

Үгіт → үгітте → үгіттеу → үгітші → үгіттеуші

Үйрен → үйрет → үйренуші → үйретуші → үйір → үйірме →

Бір дыбыстан тұратын бір буынды сөздер тілімізде сақталмаған немесе жеке қолданылу сипатынан айрылған.

Жоғарыда берген бір буынды сөздердің моделдерінің біреулері тұлғалық-мағыналық белгілерін сол күйінде сақтаса, енді біреулері тұлғасын сақтап, мағыналық өзгерістерге ұшыраған, енді біреулері мағынасын өзгертпей, тұлғалық ішінара өзгерістерге ұшыраған.

Тарихи морфология жайы қазақ ғалымдары тарапынан әртүрлі деңгейде сөз болып келеді. Осы тұрғыдан қазақ тілінің тарихы, оның ішінде сөз құрамы мен ондағы бөлшек тұлғалардың қалыптасу заңдылықтарын ашып, анықтауды мақсат еткен, ол заңдылықтар жайын алғаш рет зерттеу нысанына алған қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбанов болды. Кезінде А. Ибатов «Құдайберген Жұбанов және тарихи морфология мәселелері» атты мақала жазды [6, 87 б.].

«Ғалым тілімізде қазіргі кезде қолданылып жүрген көптеген тұлғалардың алғашқы кезде жеке қолданылатын дербес мәнді сөздер болғанын, кейіннен ол сөздердің бірте-бірте мағыналық та, тұлғалық та өзгерістерге түсіп, одан әрі affixes қатарына ауысып кеткенін алуан түрлі тілдік фактілермен дәлелдеп берген.

... Affixes тарихи қалыптасуындағы Құдайберген Жұбановтың ерекше сезімталдықпен аңғарған бір заңдылық айрықша көңіл аударарлық. Ол – *шаға* («дитя») сөінің қосымша дәрежесіне ауысуда шақ формасына түсуі, монғол тілінде *айақа* болып айтылатын сөздің қазақ тілінде *айақ* түрінде айтылатыны және ере сөзінің ер болып а, е дыбыстарының қысқартылып

айтылуы. Бұл заңдылықты қазақ тіліне тән негізгі ерекше қасиеттердің бірі деп таныған жөн.

Ғалымның бұл пікірін қазіргі тілімізде кездесетін тағы да біраз мәліметтермен толықтыра түсуге болады. Мысалы, а, е дыбыстарының түсіріліп айтылуын азғантай (аз-ғана-тай), кішкентай (кіш-кене-тай) сөздері мен орыс тілінен ауысқан газет (газета), цитат (цитата) деген сияқты сөздердің айтылу нормасынан байқауға болады. Осы сияқты дыбыстардың түсіріліп айтылуын біз мына сияқты сөздердің бойынан да көреміз. Мысалы, ағыз деген сөздің әуелгі формасы қаққыз, соққыз деген сөздердің жасалу үлгісі сияқты аққыз (ақ-қыз) болған, бірақ айтылуда бір қ түсіп қалғандықтан ақыз//ағыз формасына көшкен. Ал қоздау (қозы-лау), ұрлық (ұры-лық), арғы (ары-ғы) деген сөздерде ы дыбысы түсіріліп айтылса, ілгергі (ілгері-гі), үрку (үрік-у) дегендерде і дыбысы түсіріліп айтылған.

Бұлайша түбір тұлғалардың соңғы дыбысын түсіріп айту кейбір жерлерде ол тұлғаларға қосылып айтылатын аффикстердің басқаша түрде өзгертіліп жалғануына әкеп соқтырған. Мысалы, қозы деген сөздің қоз болып айтылуы: қой қоздап, түйе боздап қорада шу (Абай) дегендегідей қосымшаны –дап (қоздап) түрінде қосуға жүйелеген. Егер ы дыбысы түсірілмей айтылса, ол қозылап болып, қосымша –лап түрінде жалғанған болар еді [6, 90-91 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
- 2 Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. Жаңа курс. Лекциялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 145 б.
- 3 Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2003. – 182 б.
- 4 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
- 5 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 бет.
- 6 Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004 – 87-91 б.

КӨНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ МҰРАЛАРЫ

Бабаев Н.Е. - Академик А.Қуатбеков атындағы
Халықтар достығы университетінің аға оқытушысы, магистр;
Бекбосын К. - Академик А.Қуатбеков атындағы
Халықтар достығы университетінің магистранты.

***Аннотация:** Мақалада мәдениеттің негізгі сипаттамасы — жазу қарастырылады. Жазуы бұл – әдеби тіл. Біз әдеби тіл — дамыған, талғампаз, реттелген, стандартталған тіл туралы айтып отырмыз.*

Аннотация: В статье рассматривается основная характеристика культуры — письменность. Язык, имеющий письменность, — это язык, имеющий литературный язык. И речь идет о литературном языке — языке развитом, изысканном, упорядоченном, стандартизированном.

Abstract: In this article, we will discuss the main characteristic of culture - written language. A language with a written language is a language with a literary language. And we are talking about a literary language - a developed, refined, sorted, standardized language.

XI-XVII ғасырлар аралығында Польша, Венгрия, Египет, Қырым, Подолье, араб, армян, латын, славян, руна жазуларымен хатқа түскен қыпшақ ескерткіштерінің болуы көне қазақ әдеби тілінің нақты көрінісі ретінде бағаланады. Дунай мен Еділ аралығындағы далалар, Қырым мен Азау теңізіне дейінгі жерді мекен еткен, Қыпшақ мемлекеті (Дешті Қыпшақ) құрылып, бүкіл Еуразиямен бірдей экономикалық, саяси қарым-қатынас орнатқан түркі халқының бір бөлігі бүгінгі қазақ халқы екенін ешкім жоққа шығара алмасы хақ.

XI ғасырдың екінші ширегінің бас кезіндегі жазба деректерде бұрын “оғыздар даласы” аталып келген Ұлы дала енді Дешті Қыпшақ даласы деп атала бастайды. XI ғасырдың орта кезеңінде қыпшақ тайпалары Еділден көктей өтіп, Батысқа беттейді де Шығыс Еуропамен әсіресе Россия, Византия, Венгрия халықтарымен қарым-қатынас жасайды. Ертістен Днестрге дейінгі аридтік зонаны алып жатқан Дешті-Қыпшақтың тарихи географиялық мекенін зерттеуші ғалымдар шартты түрде екіге бөліп қарайды: тоқсоба рулық әулеті бастаған Батыс қыпшақ бірлестігі және Елбөрілі рулық әулеті бастаған Шығыс Қыпшақ бірлестігі (Қазақстан тарихы, 1994. 76).

М.Қашқаридың атақты картасы бойынша XI ғасырдағы қыпшақтар мемлекетінің шекарасы Еділдің арғы беті мен Каспий теңізінің арғы бетіндегі солтүстік батыс жерлері болған. Еділ өзені қыпшақ мемлекетінің меншігінде болған. Еділ сөзінің төркіні еуропалықтар атайтын Аттиламен түбірлес екені де белгілі. Ортақ түбірі – Ат. Ет – Ат лексемасының жіңішке варианты, -ыл, -іл, -лы, -лі тұлғалары метатеза негізінде жасалған бір формалар. Сонда Атлы, Етлі яғни аттылар, атқа мінгендер деген мағынаны береді. Көне атлы, атлығ тұлғасы жабық буынға айналып, дами келе Еділ сөзі туындаған.

XI-XIII ғасыр басына дейін Қыпшақ мемлекеті үлкен конфедерациялық мемлекет ретінде өмір сүреді, әлемдегі ең құдіретті елдердің біріне айналады.

Қыпшақ мемлекетінің мемлекеттік тілі – қыпшақ тілі болған. Э.Р.Тенишев XI-XIII ғасыр аралығындағы ескерткіштердің тілін зерделей келе, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне өте жақын деп тұжырым жасаған (Э.Р.Тенишев Место кипчакского (половецкого, куманского) и печенежского языков среди современных тюркских языков.// Изв. АН Каз ССР, Сер. общ. наук., Алматы, 1970, № 5). Дешті қыпшақ мемлекетінің мемлекеттік тілі – қыпшақ тілі болғанын дәлелдейтін дерек мол. Дешті Қыпшақтың территориясы – қазіргі

қазақ даласы; Дешті Қыпшақтың территориясында мекендеген халық – бүгінгі қазақтың ата-бабалары есептелетін ру-тайпалар. Халық тілінің негізгі лексикалық қоры мен лексикалық қабаты осы кезеңдерде жазылған мұралар тілінде сақталған. Өз заманында қыпшақ тілі тек мемлекеттік тіл ғана емес, халықаралық қатынас тілі болғандығын да тілдік деректер арқылы бағамдауға болар еді. Олай деуіміздің мәнісі орта ғасырларда шыққан сөздіктердің әртүрлілігі. Кез келген нәрсе белгілі бір қажеттілік болғанда ғана іске асырылады десек, осы аталған кезеңде қыпшақша-арабша, қыпшақша-итальянша, қыпшақша-немісше т.б. сөздіктер молынан жазылған. Сондай-ақ, кирил, армян, араб таңбасымен түсірілген қыпшақ тілінде әртүрлі ғылыми, іс-қағаздар стилінде жазылған мұралар табылған.

“Терджуман туркий уа ғараби“ – 1245 жылы Египетте жарық көрген сөздік. Сөздіктегі 1260 сөздің басым көпшілігі қыпшақ сөздері екенін профессор Әбжан Құрышжанов дәлелдеген (Исследование по лексике старокипчакского письменного памятника XIII в. – “Тюркско-арабского словаря“, Алматы, 1970).

Абу Хайанның “Китаб әл-Идрак ли-лисан әл-атрак“ атты сөздігі 1312 жылы жазылған. Еңбек Египетте жарық көрген. Ондағы 2400 сөздің көпшілігі қыпшақ сөздері екендігін “Әбу Хайан – қыпшақ тілін зерттеуші” деген тақырыпта жазған ғылыми еңбегінде М.Мәженова дәлелдеп жазған (Абу-Хайан – исследователь кипчакского языка, АҚД, Алматы, 1969). Автор еңбегінде араб тілінде жазылған сөздікке қазақ тілі тұрғысынан зерттеулер жүргізе келіп, көптеген сөздердің бірнеше вариантта келетінін, әрі ол варианттар қазақ тілінің материалдарымен толық сәйкес келетінін дәлелдейді. Айталық, арығ-ары, арыл, айақ-азақ, болмақ-олды, бұзағу-бұзау т.б. Еңбекте берілген сөздердің кейбіріне “оғызша”, “қыпшақша”, “бұлғарша”, “түркістандық“ т.б. сияқты сілтемелер қойылған. Мұның өзі аталған тайпалардың сол кезеңде Египетте өмір сүргендігін көрсетеді.

Көне қазақ тілінің үлкен бір мұрасы – “Китаб ат-тухфат аз-закийат фил луғат-ит-туркийя“ – шамамен XIV ғасырда Египетте жазылған. Ат-тухфа – жай ғана жазба мұра емес, өз кезеңіндегі қыпшақ тілінің қолданылу ерекшеліктерін, грамматикалық ережелерін, сөздік құрамын, дыбыстық құрылысын көрсете алатын іргелі туынды. Еңбекті алғаш рет ғылыми жұртшылыққа таныстырған түрік ғалымы М.Ф.Көпрүлү болды да, кейін бірнеше арнайы зерттеулер жарық көрді.

Қазақ ғалымдарынан “Ат-тухфат” жөнінде алғаш пікір айтқан ғалым Әбжан Құрышжанұлы. Ал мұраның лексика-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктерін зерттеп, аудармаларды салыстырған, өзіндік жаңа тұжырымдар айтқан ғалым – Т.Арынов болды.

180 беттен тұратын қолжазба негізгі үш тарауға бөлініп жазылған. Мұның өзі де тегін емес. Автор өзінің көздеген мақсатына сәйкес, алдымен, түркі тілінің фонетикалық жүйесіне экскурс жасап, 29 тараушадан тұратын сөздік береді де, 64 тараушада грамматикалық жағынан талдау жасайды. Зерттеушілердің пікірінше, жазба мұра қыпшақ тілінде жазылғандықтан,

қазіргі қазақ тілінің деректерімен толық сәйкес келеді. Лексикалық және грамматикалық сипаты қазақ тіліне жақын.

“Китаб-булғату ал-муштак фул-лугати ат-турки ва-л кифчак” – авторы Жамал ад Дин ат Турки. “Китабу Хуллийат уль-инсан ва хульват уль-Лисан” – қыпшақ тілінің сөздері аралас еңбек. Мухаммед Салихтың “Ат-Шүзүру Зәхәбия бел-китабия Ахмедия фил луғат-ит туркия” еңбегінде 1615 жылы мәмлүк қыпшақтарының тіліндегі морфологиялық құрылымы мен лексикалық қабаты түсіндіріледі.

Көне қазақ тілінде жазылған еңбектердің ішіндегі көлемділері “Кодекс Куманикус“, “Дана Хикар сөзі”, Қадырғали Жалайридың “Жәми-ат тауарихы“, “Каменең-Подольск сотының қыпшақ тіліндегі құжаттары” т.б. еңбектер. Бұлардың барлығы да орта ғасырдағы қыпшақ тілінің төл мұрасы ретінде танылады. Негізгі айырмашылығы еңбектердің таңбалануында яғни жазылу сипатында ғана. Көрсетілген мұрағаттар негізінен араб, армян және кирил әрпінде жазылған.

Мұраларды олардың жазылу үлгісіне қарап армян-қыпшақ (Я.Р.Дашкевич, А.Н.Гаркавец, И.А.Абдуллин т.б.), араб-қыпшақ сияқты терминмен атау орынсыз деп білеміз. Ескерткіш тілі таза қыпшақ тілі болғандықтан, оны бөліп-жармай көне қазақ тілінің ескерткіші, көне қазақ тіліндегі әдеби тіл үлгісі ретінде қарау орынды. Қазіргі қазақ тіліндегі барлық туындылар кириллицамен таңбаланады, бірақ оны орыс-қазақ әдеби тілі демейміз. Сол сияқты тарихи ескерткіштерге деген қалыптасқан көзқарасты да өзгерту қажет деп есептейміз.

Қыпшақ тіліндегі мұралардың өзге тілдің жазу таңбасымен берілуінің және қыпшақ сөздігінің мол шығарылуының өзіндік тарихи себебі бар еді. Қыпшақ елінің аса дәуірлеген тұсында өзге мемлекеттермен саяси, экономикалық, мәдени байланыстар жасалды. Мұның өзі қыпшақ тілін білу, түсіну, түсінісу қажеттілігін туғызды.

1337 жылы Еділ бойындағы Сарай қаласына келіп, бірнеше жыл тұрып қыпшақ тілін үйренген монах Фра Паскель де Викторис қыпшақ тілінің халықаралық тіл ретіндегі қызметінің болғанын ашық жазады. Яғни, елшілер, саудагерлер, жиһангездер, миссионерлер, жай керуеншілер қыпшақ тілі арқылы байланыс жасаған. Сондықтан осы кезеңде көптеген сөздіктердің жазылуының ішкі қажеттілігі болды. Қыпшақ (қазақ) тілі сөздерінің араб, парсы, латын, итальян, неміс тілдеріне аударылуына деген қажеттілік бұл тілдің ролі мен орнын да белгілесе керек. Демек, қыпшақ тілі – көне қазақ тілі – өз территориясында мемлекеттік тіл ретінде қатынас құралы болып қана қойған жоқ, халықаралық қатынас құралы ретінде де қызмет атқарған деуге хақымыз бар.

Біздің пікірімізше, қыпшақ тілі – қазіргі қазақ әдеби тілінің тікелей бастауы, көне қазақ тілінің үлкен бір бұлағы. Бұл жөнінде Н.Т.Сауранбаев былай деген болатын: “Современный казахский язык есть развитие древнекипчакского языка, в новых условиях. Монолитный язык казахов сложился и существовал до X века, когда народ говоривший на кипчакском языке стал называться казахами” (Вестник АН КазССР, 1940. № 12, 17-бет).

Аталған кезеңдегі әдеби мұралар көптеген зерттеулерге дерек болған, әртүрлі аспектіде қарастырылған. Г.Клапрот, Г.Кун, К.Гренбек, В.Радлов, Банг, А.фон Габен, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак, Ә.Құрышжанов, А.Гаркавец, Р.Ғ.Сыздықова, С.Исаев, М.Томанов, Я.Дашкевич, Т.Грунин, Э.Севортян, С.Құдасов, О.Еганян т.б. көптеген ғалымдар еңбегінде грамматикалық жағынан талданған.

Біздің мақсатымыз көрсетілген мұраларды көне қазақ тілінде жазылған әдеби тіл үлгілері ретіне қарап, олардың қазақ мәдениеті тарихында алатын орны мен маңызын пайымдау.

“Кодекс Куманикус” (XIV ғ.) – орта ғасырдағы қыпшақ тілінің төл мұрасы екені ғылымға белгілі. Ә.Құрышжанұлы зерттеулерінің нәтижесінде “Кодекс Куманикус” тілінің қазақтық ерекшелігі айқындалды, транскрипциясы түсіріліп, қазіргі қазақ тіліне аударылды. Қолжазба екі бөлімнен тұрады: 1) латынша-парсыша-куманша сөздік; 2) куманша-немісше-латынша сөздік. Көлемі 164 беттен тұратын еңбектің негізгі мазмұны діни хикаялардан тұрады. Бұл христиандық аңыздар кумандар арасында христиан дінін уағыздау мақсатын көздеген. Бұдан басқа 50-ге жуық жұмбақтар, сөз мағыналары берілген.

Сөздік жөнінде алғаш пікір айтқан қазақ ғалымдарының бірі Н.Т.Сауранбаев еді. Автор “Кодекс” тілін талдай келіп, ондағы көптеген деректерді бүгінгі қазақ тілінің материалдарымен салыстыру нәтижесінде ортақ тілдік деректердің молдығын көрсетеді. Сөз соңында “ш” емес “с”, “ғ” емес, “у” жазылғанын тілге тиек ете отырып, мынадай тұжырым жасайды. “Действительно в языке этого памятника мы находим, типичную особенность современного казахского языка” (көрсетілген мақалада). Ғалым кейін осы тарихи мұраны тереңдей зерттеуді өзінің шәкірті Ә.Құрышжановқа тақырып ретінде ұсынады. Адал да жақсы шәкірт бола білген Ә.Құрышжановтың терең де тиянақты зерттеу еңбектері қазіргі тілші қауымға түгел таныс.

“Кодекс Куманикустың” көне қазақ тілінде жазылғанын дәлелдейтін оның тілі: яғни қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық қормен ортақтығы, дыбыстық ерекшеліктерінің ұқсастығы, ұлттың өзіндік менталитеті мен дүниетанымы арқылы қалыптасатын тұрақты тіркестердің ортақ болуы, грамматикалық құрылымның бірлігі, өлең жолдарындағы ұйқас пен буын жүйесінің біртектестігі мен сабақтастығы т.б.

Қолжазбаны терең зерттеген қазақ ғалымдары Р.Ғ.Сыздықова, К.Жүнісбекова, А.Жиреншин, Т.Қордабаев т.б. шығарманың қазақ тілінде жазылғанына, оның авторы Жалайыр руынан шыққан Қадырғали бек екеніне ешбір күмән келтірмейді.

Өсіресе, Р.Сыздықованың мұра тілін зерттеудегі еңбегі ерекше мол. Ғалымның “Язык жами-ат тауарих” атты зерттеуінде шығарманың лексикалық жүйесі, грамматикалық құрылымы жүйелі түрде терең қарастырылып, қазіргі қазақ тілі диалектілерімен салыстырылады. “Жәми-ат тауарих” тіліндегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу нәтижелері – шығарманың қазақ тілінде жазылған мұра екенін тап бастырмай дәлелдейді. Айталық, өзге түркі тілдерінде аң, ел, ев түрінде келетін сөздер мұра тілінде аң, ал, ау сипатында

жұмсалған. Сондай-ақ, бөлек, билеу, ел билеу, күйеу, біреу, ақча, башлық, қыр, ой, жапты т.б. деген сөздер қазақ тілінде белсенді жұмсалатын сөздер. Шежіре тіліндегі тұрақты тіркестердің қолданылуын арнайы зерттеген ғалым әр ұлтқа тән тұрақты тіркестердің болатындығын ерекше критерий ретінде бөліп алып, халық тілінде кездесетін тұрақты тіркестерді тек сол тілдің өкілі ғана қолдана алатынын орынды дәлел ретінде келтіреді. Біздіңше, Р.Сыздықованың бұл дәлелі әрі тілдік, әрі танымдық-психологиялық тұрғыдан аса құнды. Шежіре тілінде: қыз берді, ел болады, ажабқа қалды, бәнде қылды, фарман болды, кіріптарлық шекті, аяқ асты болды, бір йашады, ол қатунын йеңгелете (жеңгелей) алды, көңүл қылышты, тілегін тіледі, қатун йіберді, сөзінден чықмады т.с.с. қазақ тіліне тән тіркестер жиі кездеседі.

Сонымен, қорыта айтқанда, мәдениеттің негізгі сипатын танытатын – жазба тіл. Жазба тілі бар тіл - әдеби тілі бар тіл. Ал әдеби тіл – дамыған, нақтыланған, сұрыпталған, нормаға түскен тіл. Көне заманда-ақ, қазақ халқы әдеби тіл қалыптастырған, оның нақты деректері мол. Көне түркі тілінде жазылған қайсы бір ескерткішті алсақ та, оның көне қазақ тіліне тікелей қатысы бар. Әлкей Марғұлан сөзімен түйіндесек: “Орхон-ойғыр жазуларын өзіне дәстүр қылған елдер – найман, керейлер, оңгіт-уақтар, меркіттер барлығы ерте кезден үкімет құрған, кейін қазақ ұлтына кірген тайпалар. Елді орхон-ойғыр жазуына үйретуге бұлардың үлесі зор” (“Найман, Керей, оңгіттердің жазулары”, “Ақиқат” журналы, 1995, 70-бет).

Сондықтан да бұл тайпалардың тілін зерттеп, олардың көне қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуына, көне қазақ мәдениетін жасауға тікелей қосқан үлесін салмақтап саралау, қазақ мәдениетінің ежелгі қайнар көздерін айқындау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексті. А., Ғылым. 1990, 220 б.
2. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А., Мектеп, 1986
3. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. Алматы, 2001.
4. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). Алматы, 2003. Тұран баспасы, 614 бет.
5. Әбілғазы Б. Түрік шежіресі. Алматы, 1991, Ана тілі, 206 бет.
6. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. Алматы. Жалын, 1993. 74 бет

1. Куатбекова Р.А. Құттықтау сөзі.....	3
2. Калимбетов Б.Т., Бибулова Д.А., Жайдакбаева Д.К. МЕТОД РЕГУЛЯРИЗАЦИИ ДЛЯ СИНГУЛЯРНО ВОЗМУЩЕННОЙ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ С БЫСТРО ОСЦИЛЛИРУЮЩЕЙ НЕОДНОРОДНОСТЬЮ	4
3. Калимбетов Б.Т., Колбоев Б.Р., Сапаков Д.А. ОБУЧЕНИЕ СТУДЕНТОВ БИОТЕХНОЛОГОВ ВЫЧИСЛЕНИЮ ИНТЕГРАЛОВ ЭЙЛЕРА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СИСТЕМ КОМПЬЮТЕРНОЙ МАТЕМАТИКИ MAPLE	9
4. Lozova Ganna., Klymenko Viktoriia ASSESMENT OF ECONOMIC LOSSES DUE TO MOBBING IN LABOUR RELATIONS.....	13
5. Vasylyuk-Zaitseva Svitlana Viktorivna MOBBING IN WORK COLLECTIVES AND EDUCATIONAL ENVIRONMENTS: LEGAL ASPECTS, CONSEQUENCES, AND METHODS OF COUNTERACTION	25
6. Ендібаева С.А., Хамзаев Б. МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	31
7. Ендібаева С.А., Мұқатай Н. ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	37
8. Жидебаева А.Н., Ерланқызы М. АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТАРДЫ АШУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ӘДІСТЕРІ (ЕРЕЖЕЛЕРІ).....	42
9. Жидебаева А.Н., Ерланқызы М. АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТАРДЫ АШУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ.....	46
10. Бертай А., Қонбаева М. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КҮЙШЛІК ӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	50
11. Балабеков Е.О., Губайдуллин У. ЖАС МУЗЫКАНТТАРДЫ КҮЙШЛІК ӨНЕРГЕ БАУЛУДА АҢЫЗ - ӨҢГІМЕЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ	54
12. Балабеков Е.О., Киргизова Б.Х. КҮЙ АҢЫЗДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ.	59
13. Қонбаева М., Бертай А. ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ	63
14. Гевич С.Н. СУЩНОСТЬ И РАЗВИТИЕ МУЗЫКАЛЬНОЙ ПАМЯТИ У ШКОЛЬНИКОВ МЛАДШЕГО ВОЗРАСТА	67
15. Сайрамбай Ж.Б. ӘНШІ КҮЛАШ БӘЙСЕЙІТОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	73
16. Байбеков Е., Бекбулатова Г., Бакеш З., Абдуллаева А. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ	76
17. Бабаев Н.Е. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К РАБОТЕ В ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ.....	82
18. Есімқұлов С.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕСІ МЕН МӘРТЕБЕСІ.....	90
19. Пинёзов К.Э., Жавлиев С.Ш. ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ УСЛОВИЙ И ОХРАНЫ ТРУДА КАК ФАКТОР ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОИЗВОДСТВА	100
20. Багбеков Р.К., Шахназаров А.А., Локалина Т.В. ИЗУЧЕНИЯ ВОЗДЕЙСТВИЯ ПММ НА БИОМЕТРИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ СОИ (GLYCINE MAX (L.)), ВЫРАЩИВАЕМОЙ В КОНСТРУКТОЗЁМАХ.....	106
21. Курманбаев С.С. ЖОҒАРҒЫ БІЛІМНІҢ МӘНІМЕН МАҚСАТЫН, ӨМІРМЕН ҰШТАСТЫРУ.	111
22. Egamberganov J.K., Hajiev B.D. RIVOJLANGAN MAMLAKATLAR BANK XIZMATLARINI MAZMUN MONIYATI VA XUQUQIY ASOSLARI.....	117
23. Абдуллаев Б.Д., Умарова З.М. ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ ПРИ ОЦЕНКЕ ГИДРОДИНАМИЧЕСКОЙ СОСТОЯНИЯ ПОДЗЕМНЫХ ВОД (НА ПРИМЕРЕ СОХСКОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ ПОДЗЕМНЫХ ВОД).....	130
24. Насибов Б.Р., Абдуллаев Б.Д., Раззаков Р.И., Рузимуродов А.Б. THE RELATIONSHIP BETWEEN THE CHARACTERISTICS OF GROUNDWATER AND SURFACE WATER IN THE KASHKADARYA REGION.	137

25. Қодирова М.А. РАЗВИТИЕ РЕФЛЕКСИВНЫХ НАВЫКОВ У СТУДЕНТОВ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА	144
26. Нурматов А.А. ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРОЕКТЫ КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ.....	149
27. Муртозаева М.М. ПРЕИМУЩЕСТВА ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ПЕДАГОГИКЕ И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ	152
28. Досжан Р. А. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ СИНОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ.....	156
29. Досжан Р. А. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨНЕ ТОПОНИМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	166
30. Амандыков М.А., Умаров А.Т., Сулейменова Г.Т. АБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ МАТЕМАТИГІ.....	180
31. Медетова Р.М. УНИКАЛЬНОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АКАДЕМИКА МАРДАНА БАЙМУРЗАЕВИЧА САПАРБАЕВА ОБ АКТУАЛЬНЫХ ВОПРОСАХ ОБЩЕСТВА, НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ.....	183
32. Жанибеков А.Ж., Исаева Р.А. REDUCING THE NEGATIVE IMPACT OF PHOSPHORUS PRODUCTION WASTE ON NATURE.....	186
33. Бозоров З.Р. ЧИСЛА ФИБОНАЧЧИ В ПРИРОДЕ.....	191
34. Бабаев Н.Е., Бекбосын К. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ДЕРБЕС СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРІСКЕ ТҮСУІ.....	195
35. Бабаев Н.Е., Бекбосын К. КӨНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ МҰРАЛАРЫ.....	199